Соңғы жылдары салыстырмалы түрде аз ғана уақыттың ішінде пайда болған жаңа әлеуметтік шындықтың өзіндік ерекшеліктері интернет кеңістігін, оның негізгі бағыттарын, соның ішінде белгілі бір аумақта шоғырланған ірі желілік қауымдастықтарды сипаттайды. Егер бұрынырақта интернет түрлі ақпаратты беру құралы болатын болса, қазіргі күні ол адамдардың ерекше әлеуметтік-мәдени қағида-

лармен топқа біріктіре алатын әлеуметтік технологияға айналып отыр. Бұл бүгінде қызығушылықтары мен әуестіктері негізінде біріккен адамдардың ерекше желілік қауымдастықтарының пайда болуына әкелді. Демек, егер адам виртуалды кеңістікте ұзақ уақыт бойына отыратын болса, онда белгілі бір уақыт өткен соң бұл оның өмір салтына айналады да, адам қалай болғанда да қандай да бір желілік қауымдастықтың мүшесіне айналады. Интернет барлық адамдарға бірдей ашық, ол жерде қандай да бір кедергі немесе шекара жоқ. Мұның бәрі түрлі желілік қауымдастықтардың пайда болуына алғышарттар болып табылады.

Белгілі бір білімі мен ортақ мүдделері бар, ортақ мақсаттарымен бөлісетін, ресми және ресми емес саясатты басшылыққа ала отырып, мақсатты түрде өзара әрекеттесетін адамдар тобы – онлайн қауымдастықтар болып табылады [7]. Ал интернеттегі бақылау мүмкін емес ақпараттық-коммуникациялық мінез-құлықтың әлеуметтік нәтижесі осы желілік қауымдастық мүшелерінің манипуляция нысанына айналуын, құндылықты бағдарларының бұзылуын, жауапсыздықтың, жеке тұлғаның деградациясының орын алуы болып табылады.

Терроризм, соғыс, өзіне өзі қол жұмсауға итермелеу, яғни суицид, есірткі, сияқты тақырыптар әлеуметтік желілерде ашық таралмауы керек, тіпті олардың таралуына тыйым салынуы керек деп есептейді кейбір қоғам қайраткерлері.

Басов Н., Нуй В. және Ненко А.С. көрсетуінше, онлайн қауымдастықтар мәдени мағыналар мен құндылықтарды тек қарым-қатынас арқылы ғана емес, сонымен қатар көрнекі семиотикалық байланыстар арқылы да қалыптастырады [8]. Бұл цифрлық медиа арқылы кеңінен таралатын көрнекі үрдістер мен белгілерді талдау кезінде өте маңызды.

Қазақстандық контекстке қызықты көзқарас Н.Мингишеваның Scopus деректер қорында индекстелген «Қазақстандағы жаһандану және жастар мәдениеті» [9] зерттеуінде берілген. Онда автор жаһанданған цифрлық визуалды тәжірибелердің (мысалы, сән блогтары, музыкалық бейнелер, TikTok және Instagram-дағы визуалды трендтер) мәдени сәйкестендірудің жергілікті формаларымен диалогқа қалай енетінін және оларды қалай өзгертетінін талдайды. Мақалада қазақстандық жастар арасындағы мәдениетаралық гибридтелу туралы түсінік береді.

Ілиясова Б.А., Жусупова А.М. осы мәселе төңірігендегі зерттеулерінде әлеуметтік желілердің көрнекі элементтері (инфографика, эмодзилер, сүзгілер және визуалды эффектілер) өскелең ұрпақтың тұрақты үлгілерді қалыптастырып, олардың мәдени көзқарастары мен мінез-құлық нормаларының қалыптасуына әсер ететінін атап көрсетеді [10, 46-54 бб.].

Осылайша, отандық және шетелдік зерттеулерге шолу жастардың онлайн қауымдастықтарының көрнекі мәдениет пен құндылық бағдарларын қалыптастыруда барған сайын маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Цифрлық ортада қалыптасқан визуалды бейнелер тек мәдени бейімділіктердің көрінісі ғана емес, сонымен қатар жаңа нормаларды, талғамдар мен сәйкестіктерді қалыптастырудың белсенді құралына айналуда. Бұл үдерістер жан-жақты талдауды және Қазақстан Республикасындағы мәдени-тынығу жұмысының тәжірибесіне, әсіресе тез өзгеретін медиа-ортаның жағдайында интеграциялауды талап етеді.

Цифрлық дәуірдегі қазақстандық жастардың рухани мәдениетінің ерекшеліктері оның мәнмәтінін жасау және тұтыну үшін цифрлық технологияларды, әсіресе бос уақыт жағдайында белсенді қолдануында. Жастар әлеуметтік желілерге белсенді түрде қатыса отырып, фотосуреттермен, бейнелермен және мемдармен бөліседі, бұл қабылдауға және визуальды стереотиптердің қалыптасуына әсер етеді. Бұл буын кескіндерді өңдеу, графика мен бейнелерді жасау үшін мобильді қосымшаларды белсенді пайдаланады [11].

Жоғарыда айтып өткеніміздей жастардың бос уақытындағы интернет пен желілік қауымдастықтардағы шұғылданымпаздылықтары олардың мәдени құндылықтарының түрлі ықпалдар нәтижесінде өзгерістерге ұшырауына әкеліп отыр. Қазіргі күні қоғам алдындағы басты міндеттердің бірі жастардың Интернет кеңістігіндегі уақытын олардың рухани-мәдени дамуының көзіне айналдыру болуы тиіс. Өйткені, адамзат өркениетінің дамуын интернетсіз елестету енді мүмкін емес, ол біздің өмірімізге етене еніп алды. Бұл жағдайда не істеу керек? Әрине, интернетте жұмыс істеу мәдениетін қалыптастыру, сол арқылы өскелең ұрпақтың мәдени құндылықтарына өзгерістер енгізу.

Бос уақытты толтыратын негізгі әрекеттер тынығу әрекеттері дейтін болсақ, дәстүрлі тынығу әрекеттерін онлайн кеңістікке аударудың жаңа мүмкіндіктерін қарастыру өте маңызды.

Адамның психологиялық және физиологиялық денсаулығына тікелей ықпал ететін маңызы зор факторлардың бірі ретінде бос уақыттағы кең тараған дәстүрлі тынығу әрекеттері – кітап оқу, достармен кездесу, спорт, қолөнер сияқты сүйікті іспен айналысу бұл күнде онлайн кеңістікпен тығыз байланыста. Аталған бағытта ақпараттық мәліметтер мен ғылыми зерттеулер әлі де жеткіліксіз. Алайда заман талабына орай түрлі мүмкіндіктерді жүзеге асыруға болады: әлеуметтік қарым-қатынас пен серіктестікке негізделген виртуальды әлеуметтік әрекеттер мүмкіндіктерін пайдаланып, физикалық бару мүмкіндігі болмаса да, танымдық демалыс ретінде ұсынуға болатын онлайн іс-шаралар. Соның ішінде онлайн мәдени шараларды дамыту цифрлық қоғамдағы маңызды бағыт. Бұл тек қолжетімділікті арттыру мен интерактивтілікті дамытып қана қоймай, жаңашыл аудиторияға жол ашып, дәстүрлі мәдени-тынығу әрекеттерін сақтауға мүмкіндік береді. Виртуальды концерттер, онлайн фестивальдер мен байқаулар, онлайн поэзия кештері, онлайн этнофестивальдер, қазақ халқының өте бай мәдени мұра-

ларын танытатын жобаларды жүзеге асыруды қолға алу сияқты жұмыстар уақыт күттірмейді. Цифрлық кеңістікте қазақ және әлем мәдениетін біріктіретін түрлі онлайн мәдени шараларды өткізуге арналған платформа жобасын үлгісін ұсыну да маңызды.

Мәдени шараларды ұйымдастыру құралдары ретінде онлайн платформаларды қарастырайық. ВКонтакте, Instagram және Facebook сияқты әлеуметтік желілер, сондай-ақ, Discord сияқты платформалар мен мамандандырылған форумдар мәдени жобаларды нақты жүзеге асырумен қатар талқылау алаңына айналуда. Мысалы, жастар виртуалды ортада толығымен немесе ішінара ұйымдастырылуы мүмкін онлайн-көрмелер, музыкалық фестивальдар, өнер жобалары және басқа да мәдени іс-шараларды жасап қана қоймай, оларға белсенді түрде қатысуда. Онлайн-платформалар қатысушылардың географиялық орналасуына қарамастан кең аудиторияға қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, мәдени іс-шараларды ұйымдастыруға және насихаттауға мүмкіндік береді [13].

Мысалы, Қазақстанда жастар онлайн-концерттер, шеберлік сабақтарын ұйымдастырып, оларға қатысатын, сондай-ақ, тез арада интернетда тарайтын бейнелер мен музыкалық шығармалар жасайтын түрлі музыкалық қауымдастықтар бар.

Жаңа интернет-технологияларды жылдам дамыту және кеңінен пайдалану ғаламда орын алып жатқан саяси өзгерістерге байланысты Қазақстанның ақпараттық кеңістігінің проблемалары ашылатын елеулі өзгерістерге әкеледі.

Жұмыстың тағы бір бағыты – қазақ мәдениетінің дәстүрлі элементтерін заманауи цифрлық ақпаратына біріктіру. Жастар ұлттық рәміздер мен дәстүрлерді бейімдеп, олардың цифрлық пішінінде жаңа визуалды түсіндірмелерін жасауда. Сонымен бірге, ол батыс пен шығыс бейнелеу мәдениетінің синтезін жасайтын әлемдік үрдістердің бір бөлігі болуға ұмтылады.

Осылайша, қазақстандық жастардың визуальды мәдениеті ұтқырлыққа, жылдам ақпарат алмасуға және шығармашылыққа баса назар аудара отырып, дәстүрлі және заманауи элементтерді араластыра отырып, гибридке айналуда.

Жастарға арналған желілік-қауымдастық – бұл адамдар байланыса алатын, идеялармен бөлісетін және іс-шаралар ұйымдастыратын онлайн топтар мен платформалар. Бұл қауымдастықтар жастарға музыка, өнер, спорт немесе волонтерлік жұмыс болсын, қызығушылықтарын байланыстыруға көмектеседі.

Әлеуметтік желілер, форумдар, блогтар және мессенджерлер сияқты платформалар арқылы жастар пікірлес адамдарды тауып қана қоймай, сонымен қатар, жобалар, науқандар, мәдени іс-шаралар жасай алады немесе бұрыннан барларға қатыса алады. Бұл оларға өзін-өзі оңай ұйымдастыруға, тәжірибе мен идеялармен бөлісуге және мәдени бастамаларды алға жылжытуға мүмкіндік береді.

Осылайша, желілік-қоғамдастықтар мәдени белсенділіктің маңызды құралына айналып, жастарға мобильді, шығармашылық және әртүрлі үдерістеріне қатысуға көмектеседі [9].

Instagram, TikTok және YouTube сияқты әлеуметтік желілер қазақстандық жастардың визуальды талғамын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады әрі олардың жағымды тұстарын айту маңызды. Бұл платформалар сән, өнер, дизайн және фотосуреттегі трендтерді насихаттайды. Мысалы, Instagram тартымды суреттер мен арт жобаларды жасауға ықпал етеді, TikTok креативті бейнелер мен стильді шешімдерді танымал етеді, ал YouTube дизайн және бейне-өндірісі саласындағы жастар үшін шабыт көзіне айналады.

Қазақстандағы визуальды мәдениет әртүрлі мәдениеттер мен әлеуметтік топтардың өкілдерін біріктіру үшін суреттерді, бейнелерді және басқа да көрнекі нысандарды пайдалана отырып, жастар арасында инклюзивті және мәдениетаралық диалог үшін кеңістік құруға көмектеседі. Жастар өз ойларын білдіріп, тәжірибелерімен бөлісу үшін фото, графика және мультимедианы белсенді пайдаланады.

Жаһандану мен цифрлық технологиялар жағдайында қазақстандық жастардың визуальды мәдениетінің айтарлықтай өзгерістерге ұшыруына орай, цифрлық орта жастарға заманауи үрдістерді белсенді түрде алуға және бейімдеуге, жаңа мәдени бірегейліктерді құруға мүмкіндік береді. Жаһандану жергілікті және халықаралық беталыстар арасындағы шекараларды бұлдыратуда, ал цифрлық платформалар сұлулықты, сән мен стильді қабылдауға әсер ететін козкөрімді бейнелер алмасуды жеделдетуде.

Визуальды мәдениет түрлері арқылы мәдени әртүрлілікті, дәстүрлерді құрметтеуді көрсетуге және маңызды тақырыптарды талқылауға кеңістік құруға болады [12]. Мысалы, бұл виртуалды көрмелер, әлеуметтік жобалар немесе әртүрлі этникалық топтардың жастары бірнеше көзқараспен алмаса алатын онлайн платформалар болуы мүмкін. Осылайша, бейнелеу мәдениеті Қазақстандағы әртүрлі топтар арасындағы жақсы түсіністік пен ынтымақтастыққа ықпал ете отырып, олардың өнер түрлері арқылы мәдени құнылылықтарының сапасының өзгеруіне ықпал етеді.

Қазақстандағы мәдени-тыныңу мекемелерінің тәрбие жұмысында фото, бейне және графика сияқты көрнекі мазмұнның әлеуеті зор. Бұл адамдардың әртүрлі топтарына, әсіресе жастарға назар аударуға және ақпаратты қолжетімді және қызықты етуге көмектеседі.

Визуальды материалдарды пайдалана отырып, мәдениет, адамгершілік және әлеуметтік жауапкершілік туралы маңызды идеяларды тиімді жеткізуге болады. Мысалы, бейнелерді, плакаттарды немесе интерактивті көрмелерді адамдарды тарихпен, дәстүрлермен таныстыру және инклюзивтілік пен айырмашылықтарды құрметтеу идеяларын ілгерілету үшін пайдалануға болады.

Осы жерде біз «интернет эстетикасы» феноменімен бетпе-бет келеміз. Интернет эстетикасы – бұл жастар арасындағы жаңа мәдени тілдің негізіне айналған цифрлық әсерлерінің, мемдердің, ретро және заманауи үрдістердің бірегей үйлесімі. Интернет эстетикасы жаңа мәдени кодтардың қалыптасуына әсер етеді, онда қазақ мәдениетінің дәстүрлі элементтері цифрлық технологиялар мәнмәтінінде түсіндірілуі мүмкін, жаһандық үрдістер мен жергілікті бірегейлікті көрсететін аралас түрлерін жасайды.

Тақырыптық әлеуметтік медиа топтары, форумдар және мамандандырылған веб-сайттар сияқты онлайн-платформалар мәдени іс-шараларды ұйымдастырудың және ортақ мүдделері бар адамдарды біріктірудің маңызды құралына айнала алады. Қазақстанда жастар өнер, би, музыка және мәдени қызметтің басқа түрлері сияқты әртүрлі салаларда өзін-өзі ұйымдастыру үшін осы ресурстарды белсенді пайдалану мүмкіндігіне ие.

Желідегі қауымдастықтардың ортақ мүдделері бар адамдар арасында қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу үшін кеңістіктер құрудағы артықтышлықтары олардың дәстүрлі мәдениет мекемелеріне немесе физикалық қауымдастықтарға қол жеткізе алмайтын жастар үшін де маңыздылығын арттырады. Әлеуметтік желілер мен форумдарда жастар би, музыка, әдебиет, бейнелеу өнері және мәдени қызметтің басқа да түрлері бойынша тәжірибе, идеялар және жобалармен алмасады.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасының мәдениет мекемелерінің жұмысына желілік ортада белсенді түрде таралатын көрнекі үрдістерді біріктіру олардың қызметінің маңызды бөлігіне айналды. Әлеуметтік желілер мен цифрлық платформалар арқылы танымал козкөрімді мәдениет жастардың эстетикалық қалауы мен қажеттіліктеріне әсер етеді. Мәдениет мекемелері интерактивті және қызықты іс-шараларды құру үшін жаңа мультимедиялық технологиялар мен цифрлық құралдарды пайдалана отырып, жастарды мәдени іс-шараларға тарту үшін осы үрдістерді бейімдеу бойынша жұмыстар кеңінен жүргізілуі тиіс.

Еліміздің мәдени орталықтарында, әсіресе ірі қалаларда жастарға бағытталған іс-шараларды құру үшін мультимедиялық технологиялар белсенді түрде енгізілуде. Мұндай іс-шараларға интерактивті көрмелер, цифрлық орнатымдары, сондай-ақ, бейне проекциялар мен дыбыс қондырғылары жатады. Мәдениет мекемелері, соның ішінде, театрлар, концерттік залдар мен мәдени орталықтар онлайн ортада танымал бейнеблогтар, деректі фильмдер және тікелей көрсету сияқты пішімдерді пайдалану арқылы онлайн-мәдени үрдістерді біріктіре алады.

Мысалы, Қазақстанда мәдениет орталығы ғимарат қабырғасында мультимедиялық орнатымдары мен бейне проекцияларды пайдалана отырып, көше өнері мәдениетіне арналған іс-шаралар кешенін ұйымдастыра алады. Бұл әлеуметтік желілерде белсенді дамып жатқан беталыстарына сәйкес болады және граффитиге, көше өнеріне және көше мәдениетіне қызығушылық танытатын жастарды тартады.

Мысалы, Алматы немесе Астанада дәстүрлі өтетін көше өнері фестивалі аясында шеберлік сабақтары, суретшілермен сұхбаттар, сән көрсетілімі көрсетілетін цифрлық платформа құруға мүмкіндік орасан. Ретро-футуризм, глич-арт немесе киберпанк сияқты козкөрімді трендтерді сахнаны орнату және жастар үшін өзекті және тартымды бейнелер жасау үшін пайдалануға болады.

Жастарды мәдени іс-шараларға тарту үшін мәдениет мекемелері интернет-қауымдастықтар арасында танымал минимализм, поп-арт немесе ретро стильдер сияқты козкөрімді трендтерді пайдалана алады. Бұл беталыстарды жарнамалық науқандарға, іс-шара мен көрме дизайнына, мәдени орталықтардың жұмысына біріктіруге болады. Мысалы, жарнамалық материалдарда жарқын, көз тартатын графикалық элементтерді пайдалану, сондай-ақ, әлеуметтік желілерде танымал козкөрімді стильдерді енгізу жас аудитория үшін көрнекі қызықты және тартымды оқиғаларды жасауға көмектеседі.

Мысалы, мәдени фестиваль аясында козкөрімді ақпаратты тез қабылдауға дағдыланған жастардың назарын аударатын танымал интернет-мемдер стилінде немесе TikTok-тан заманауи трендтерде козкөрімді плакаттар мен жарнамалық материалдарды жасауға болады.

Осылайша, онлайн-ортаның көрнекі үрдістерін Қазақстандағы мәдениет мекемелерінің жұмысына біріктіру жастарды, сондай-ақ әсерсе, мүмкіндігі шектеулі тартуға жаңа мүмкіндіктер береді. Мультимедиялық технологияларды, цифрлық платформаларды және интернет мәдениетінің элементтерін пайдалану өскелең ұрпақ үшін қызықты және өзекті болатын неғұрлым қолжетімді, қызықты және серпінді мәдени ортаны құруға көмектеседі.

Бейнелеу мәдениеті әсіресе Қазақстан сияқты көпұлтты елдерде жастар арасында мәдениетаралық сұхбат алаңдарын құруда маңызды рөл атқарады. Фотосурет, бейнемәнмәтіні және өнер нысандары сияқты медианың мәдени кедергілерді еңсеру, әлеуметтік келісімді нығайту және әртүрлі этникалық топтар арасында өзара түсіністік орнату үшін қуатты әлеуеті бар.

Козкөрімді ақпарат құралдары мәдени кедергілерді жою және әлеуметтік келісімді нығайту үшін қуатты құрал бола алады. Фотосуреттер, бейнемәнмәтін, өнер нысандары және тіпті көше өнері айырмашылықтарды қабылдау мен түсінуді жақсартуға көмектесетін мәдени және әлеуметтік хабарларды таратудың құралы бола алады.

Мәселен, «Қазақстан жастар көзімен» жобасында түрлі этнос өкілдері өздерінің тұрмыс-тіршілігін, мерекелерін, аспаздық дәстүрлерін, ұлттық киімдері мен әдет-ғұрыптарын көрсететін фотосуреттер немесе шағын бейнероликтер арқылы өздерінің ұлттық мұраларымен таныстыра алады. Мұндай козкөрімді материалдарды басқа жастарға басқа мәдениеттер туралы көбірек білуге және мәдениетаралық түсіністікті нығайтуға көмектесу үшін онлайн платформаларда көрсетуге болады. Немесе тағы

бір мысал ретінде әр мәдениеттің ерекшелігін және олардың Қазақстанның жалпы мәдени ландшафтына қосқан үлесін көрсететін әртүрлі этнос өкілдерінің қатысуымен фрескалар, көше орнатымдары немесе қоғамдық орындардағы көрмелер сияқты бейнелеу өнері нысандарын жасауға болады. Бұл мәдени әртүрлілік кедергі емес, байлық ретінде қабылданатын қоғамдық кеңістікті құруға көмектеседі.

Жастардағы жағымды құндылықтарды қалыптастыру үшін визуальды мазмұнды пайдалану клубтар, мәдени орталықтар, мұражайлар мен театрлар сияқты мәдени-тынығу мекемелерінің білім беру бағдарламаларына жастарда тұрақты жағымды құндылықтарды қалыптастыру үшін визаульды құралдарды кеңінен ендіру арқылы жолға қойыла алады. Бейнелер, фотосуреттер, инфографика және цифрлық көрмелер сияқты көрнекі материалдар мәдениетті, қоршаған ортаны, адам құқықтарын және әлеуметтік әділеттілікті құрметтеуге қатысты маңызды хабарламалар мен сенімдерді жеткізе алады.

Мәдени-тынығу мекемелерінде тұрақты экологиялық тәжірибені насихаттауға бағытталған көрнекі материалдар негізінде науқандар ұйымдастырылуы мүмкін. Табысты экологиялық жобалардың мысалдары немесе экологиялық фотосуреттер көрмелері бар бейнелер жастарды қоршаған ортаны қорғаудың маңыздылығын түсінуге және климаттың өзгеруі мәселелеріне назар аударуға ынталандырады.

Мәдениет мекемелері виртуалды көрмелер, онлайн-концерттер және шеберлік сабақтары сияқты трендтерді жүзеге асырумен қатар, козкөрімді әсерлер мен анимацияларды белсендірек пайдалану үшін анағұрлым жанды және тартымды мазмұнды пайдалана алады. Бұл жастарды тартуға, мәдениетпен өзара әрекеттесудің жаңа пішінін құруға және оны интернет арқылы қолжетімді етуге көмектеседі. Мысалы, мәдени іс-шаралар мен көрмелер жас аудиторияның назарын аудару үшін дизайн мен өнердегі заманауи козкөрімді үрдістерді пайдалана алады. Мультимедиялық технологияларды және бейнемәтінін пайдаланатын орнатымдары жастардың эстетикалық қабылдауын дамытуға, сондай-ақ, қатысым мен топта жұмыс істеу дағдыларын жақсартуға көмектесетін талқылау тақырыбына айналуы мүмкін.

Немесе, жастар мәдени әртүрліліктің маңыздылығы немесе әлеуметтік жауапкершілік тақырыбы бойынша көрнекі жобалар жасайтын байқау көрмелер немесе бейне мәнмәтін фестивальдерін ұйымдастыру арқылы өнер мен білім элементтерін біріктіре алады, шығармашылық пен жастардың әлеуметтік белсенділігін арттырады.

Қазақстанда және әлемнің басқа елдерінде оқу-тәрбие жұмысында визуальды мазмұнды пайдаланудың сәтті тәжірибелері бар. Мысалы, мәдени орталықтар мен мұражайларда жастарға өзекті әлеуметтік және мәдени мәселелерді көрсететін бейне, фотожобалар немесе орнатымдар жасауға мүмкіндік беретін іс-шаралар ұйымдастырылуы мүмкін.

Бағдарламаларда заманауи беталыстарды пайдалану мәдени хабардарлықты арттыруға көмектесіп қана қоймай, сыни қабылдауды, этикалық стандарттарды және әлеуметтік дағдыларды дамытатынын атап өткен жөн. Мәселен, Алматыдағы мәдени орталықтардың бірінде көрме өтіп, оның аясында жастар өздерінің әлеуметтік мәселелерге көзқарасын бейнелеу өнері арқылы көрсететін туындыларын ұсынды. Бұл жастарға өз ойларын білдіріп қана қоймай, маңызды мәселелерді талқылау үшін басқа қатысушылармен де араласуға көмектесті.

Онлайн қауымдастықтар қазақстандық жастардың мәдени өзін-өзі тануы мен өзін-өзі ұйымдастыруын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Олар мәдени ерекшеліктерді көрсетуге, жаһандық мәнмәтінінде жергілікті бірегейлікті қалыптастыруға және таратуға мүмкіндік береді.

Мысалы, Қазақстанда қазақ тіліне, мәдениетіне, салт-дәстүріне арналған онлайн топтар көп. Бұл қауымдастықтар жастарға өздерінің мәдени ерекшеліктерін нығайтуға және өз елінің дәстүрлері мен тарихын білуге көмектеседі. Бұл әсіресе үлкен қалаларда немесе шетелде тұратын жастар үшін маңызды, олар өздерінің төл мәдениетімен байланысын сақтай алады.

Желілік қауымдастықтар мәдени іс-шараларды ұйымдастыруға қабілетті көшбасшылар мен белсенді қатысушыларды көбінесе ең аз шығынмен дамытуға көмектеседі. Мысалы, Қазақстанда жастар волонтерлік жобалар, музыка және би фестивальдері, өнер мен мәдениеттің түрлі аспектілері бойынша онлайн курстар мен шеберлік сабақтары сияқты әлеуметтік және мәдени іс-шараларды ұйымдастыру үшін платформаларды белсенді пайдалана алады.

Осылайша, онлайн-қауымдастықтар қазақстандық жастардың мәдени өмірінде маңызды рөл атқарады, оларды өзін-өзі ұйымдастыру және мәдени іс-шараларды құру құралдарымен қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен қатар, жаһандану жағдайында мәдени өзін-өзі сәйкестендіруді нығайтуға және дәстүрлерді сақтауға үлес қосады.

Сонымен, визуальды мазмұн да мәдени-тынығу мекемелеріндегі қуатты тәрбие құралы болып табылады, жастардың бойында жағымды құндылықтарды қалыптастыруда, мәдени сананы, сыни ойлауды және азаматтық жауапкершілікті дамытуда маңызды рөл атқарады.

Қорытынды. Еліміздегі жастардың интернет-қауымдастықтары олардың визуальды мәдениетін, сол арқылы мәдени құндылықтарын және қалыптасқан құндылықтарды өзгертудің маңызды ықпалына айналуда. Олардың мәдени-тынығу жұмысына әсері аудиториямен өзара әрекеттесу пішіндерін жаңарту қажеттілігінен көрінеді. Визуальды мәнмәтінді пайдалану және жастардың цифрлық мәдени жобаларды құруға қатысуы шығармашылық және инклюзивті мәдени кеңістікті дамытудың жаңа келешегін ашады.

Зерттеу нәтижелері желілік кеңістікте қалыптасқан бейнелеу мәдениеті, интернет эстетикасы жастардың өзін-өзі анықтауының маңызды факторына айналып, олардың талғамына, мәдени құндылықтары мен мәдени өмірге қатысу формаларына әсер етуде деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Онлайн жастар қауымдастығы альтернативті эстетикалық және мәдени нормаларды белсенді түрде таратады, бұл өз кезегінде мәдени-тынығу іс-шараларының мазмұнын, олардың көрнекі дизайнын, ақпаратты, платформалар мен қолданылатын форматтарды ұсынуды қайта қарауды талап етеді. Зерттеу нәтижесінде жастар аудиториясын қызықтыра алатын цифрлық көрнекі формаларды, мультимедиялық форматтарды, интерактивті тәжірибелерді және көрнекі бай мазмұнды енгізуді қоса алғанда, мәдени-тынығу бағдарламаларын жаңғырту бойынша нақты ұсыныстар ұсынылды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 **Соломенникова В.С. Социальный проект на тему организации культурно-досуговой деятельности как средства успешной социализации в условиях школы** [Электронный ресурс]. – URL: https://infourok.ru/socialniy-proekt-organizaciya-kulturnodosugovoy-deyatelnosti-kak-sredstvo-uspeshnoy-socializacii-v-usloviyah-shkoli-429581.html (дата обращения: 25.11.2025).

2 **Русланқызы Д. Ресейлік "Вконтакте" қазақстандық жастардың арасындағы ең танымал желі болып шықты** [Электронды ресурс]. – URL: https://stan.kz/reseylik-vkontakte-kazakstandik-zhastardin-arasindagi-e-376152/ (жүгінген күні: 13.01.2026).

3 **Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 247 қаулысы** [Электронды ресурс]. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000247 (жүгінген күні: 13.01.2026).

4 **Нешатаева В.О. Культурные ценности: цена и право** [Текст] / В.О. Нешатаева. – М.: Дом высшей школы экономики, 2013. – 118 с.

5 **Глаголев М.В. Культурные ценности в современном информационном пространстве: культурологический аспект** [Электронный ресурс]. – URL: www.ifapcom.ru/files/Monitoring/glagolev_kult_cenn_sovr_inf.pdf (дата обращения: 25.09.2025).

6 **Губанов Д.А., Новиков Д.А., Чхартишвили А.Г. Социальные сети: модели информационного влияния, управления и противоборства** [Текст] / Д.А. Губанов, Д.А. Новиков, А.Г. Чхартишвили. – М., 2010. – 228 с.

7 **Tanja J., Timo G., Bernad B. Personality traits and knowledge sharing in online communities** [Text] / J. Tanja, G. Timo, B. Bernad // Computers in Human Behavior. – 2013. – Vol. 29, iss. 1. – P. 210-216. DOI: 10.1016/j.chb.2012.08.007.

8 **Basov N., Lee J.S., Antoniuk A. Social networks and construction of culture: a socio-semantic analysis of art groups** [Text] / N. Basov, J.S. Lee, A. Antoniuk // Complex Networks & Their Applications V. – 2016. – Vol. 693. – P. 785-796. https://doi.org/10.1007/978-3-319-50901-3_62.

9 **Mingisheva N. Globalization and youth culture in Kazakhstan: Postcolonial and gender aspects** [Text] / N. Mingisheva // International journal of global ideas. – 2013. – Vol. 1. – P. 83-109.

10 **Ильясова Б.А., Жусупова А.М. Жасөспірімдердің рухани дамуына әлеуметтік желілердің ықпалы** [Мәтін] / Б.А. Ильясова, А.М. Жусупова // әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің хабаршысы. Журналистика сериясы. – 2021. – Т. 62, №4. – Б. 46-54. https://doi.org/10.26577/HJ.2021.v62.i4.05.

11 **Айтымбетов Н.И., Набиева Л.И. Цифрландыру жағдайында қазақсандық жастардың саяси белсенділігінің қалыптасуы** [Мәтін] / Н.И. Айтымбетов, Л.И. Набиева // Аль-Фараби. – 2023. – №81(1). – Б. 158-169. https://doi.org/10.48010/2023.1/1999-5911.13.

12 **Бондарчук А.И. Адаптация межкультурных визуальных коммуникаций** [Текст] / А.И. Бондарчук // Молодой ученый. – 2024. – № 3 (62). – С. 1072-1074.

13 **Гарипова Г.Р., Каюмов А.А. Особенности организации онлайн-мероприятий в области культуры** [Текст] / Г.Р. Гарипова, А.А.Каюмов // Национальная ассоциация ученых. – 2021. – Т. 4, №73. – С. 13-15. https://doi.org/10.31618/nas.2413-5291.2021.4.73.511.

REFERENCES:

1 **Solomennikova V.S. Social'ny'j proekt na temu organizacii kul'turno-dosugovoj deyatel'nosti kak sredstva uspeshnoj socializacii v usloviyah shkoly'** [A social project on the organization of cultural and leisure activities as a means of successful socialization in a school setting]. Available at: https://infourok.ru/socialniy-proekt-organizaciya-kulturnodosugovoy-deyatelnosti-kak-sredstvo-uspeshnoy-socializacii-v-usloviyah-shkoli-429581.html (accessed 25 November 2025). (In Russian)

2 **Ruslankyzy D. Resejlik "Vkontakte" kazakstandyk zhastardyn arasyndagy en tanymal zheli bolyp shykty** [Russian "VKontakte" turned out to be the most popular network among Kazakhstani youth]. Available at: https://stan.kz/reseylik-vkontakte-kazakstandik-zhastardin-arasindagi-e-376152/ (accessed 13 January 2026). (In Kazakh)

3 **Kazakstan Respublikasy memlekettik zhastar sayasatynyn 2023-2029 zhyldarga arnalgan tuzhyrymdamasyn bekitu turaly Kazakstan Respublikasy Ukimetinin 2023 zhylgy 28 nauryzdagy № 247 kaulysy** [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated March 28, 2023 No. 247 on approval of the concept of state youth policy of the Republic of Kazakhstan for 2023-2029]. Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000247 (accessed 13 January 2026). (In Kazakh)

4 **Neshataeva V.O. Kul'turny'e cennosti: cena i pravo** [Cultural values: price and right]. Moscow, Dom vy'sshej shkoly' e'konomiki, 2013, 118 p. (In Russian)

5 **Glagolev M.V. Kul'turny'e cennosti v sovremennom informacionnom prostranstve: kul'turologicheskij aspekt** [Cultural values in the modern information space: cultural aspect]. Available at: www.ifapcom.ru/files/Monitoring/glagolev_kult_cenn_sovr_inf.pdf (accessed 25 September 2025). (In Russian)

6 **Gubanov D.A., Novikov D.A., Chkhartishvili A.G. Social'ny'e seti: modeli informacionnogo vliyaniya, upravleniya i protivoborstva** [Social networks: models of information influence, management and confrontation]. Moscow, 2010, 228 p. (In Russian)

7 **Tanja J., Timo G., Bernad B. Personality traits and knowledge sharing in online communities.** *Computers in Human Behavior*, 2013, vol. 29, iss. 1, pp. 210-216. DOI: 10.1016/j.chb.2012.08.007.

8 **Basov N., Lee J.S., Antoniuk A. Social networks and construction of culture: a socio-semantic analysis of art groups.** *Complex Networks & Their Applications V*, 2016, vol. 693, pp. 785-796. https://doi.org/10.1007/978-3-319-50901-3_62.

9 **Mingisheva N. Globalization and youth culture in Kazakhstan: Postcolonial and gender aspects.** *International journal of global ideas*, 2013, vol. 1, pp. 83-109.

10 **Il'yasova B.A., Zhusupova A.M. Zhasospirimderdin ruhani damuyna aleumettik zhelilerdin ykpaly** [The influence of social networks on the spiritual development of adolescents]. *al-Farabi atyndagy Kazak Ulttyk universitetinin habarshysy. Zhurnalistika seriyasy*, 2021, vol. 62, no. 4, pp. 46-54. https://doi.org/10.26577/HJ.2021.v62.i4.05. (In Kazakh)

11 **Ajtymbetov N.I., Nabieva L.I. Cifrlandyru zhagdajynda kazaksandyk zhastardyn sayasi belsendiliginin kalyptasuy** [Formation of political activity of Kazakh youth in the context of digitalization]. *Al'-Farabi*, 2023, no. 81(1), pp. 158-169. https://doi.org/10.48010/2023.1/1999-5911.13. (In Kazakh)

12 **Bondarchuk A.I. Adaptaciya mezhkul'turny'h vizual'ny'h kommunikacij** [Adaptation of intercultural visual communications]. *Molodoj ucheny'j*, 2024, no. 3 (62), pp. 1072-1074. (In Russian)

13 **Garipova G.R., Kayumov A.A. Osobennosti organizacii onlajn-meropriyatij v oblasti kul'tury'** [The specifics of organizing online cultural events]. *Nacional'naya associaciya ucheny'h*, 2021, vol. 4, no. 73, pp. 13-15. https://doi.org/10.31618/nas.2413-5291.2021.4.73.511. (In Russian)

Авторлар туралы мәліметтер:

Байтанатова Меруерт Жарасхановна – PhD докторанты, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Қазақстан Республикасы, 160011, Шымкент қ., Қонаев даңғ. 68, тел.: +77477161376, e-mail: merukadai@mail.ru.

Уалиханова Айнұр – PhD докторанты, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Қазақстан Республикасы, 160011, Шымкент қ., Қонаев даңғ. 68, тел.: +77016753437, e-mail: u_ainura@mail.ru.*

Өмірбай Абзал Саятаевич – PhD, «Философия» кафедрасының аға оқытушысы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қ.Сатпаев көш. 2, тел.: +77025486824, e-mail: kazak_abzal@mail.ru.

Байтанатова Меруерт Жарасхановна – PhD докторант, Южно-Казахстанский исследовательский университет им. М. Ауэзова, Республика Казахстан, 160011, г. Шымкент, просп. Кунаева 68, тел.: +77477161376, e-mail: merukadai@mail.ru.

Уалиханова Айнур – PhD докторант, Южно-Казахстанский исследовательский университет им. М. Ауэзова, Республика Казахстан, 160011, г. Шымкент, просп. Кунаева 68, тел.: +77016753437, e-mail: u_ainura@mail.ru.*

Омирбай Абзал Саятаевич – PhD, старший преподаватель кафедры философии, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Республика Казахстан, 010000 г. Астана, ул. К. Сатпаева 2, тел: +77025486824, e-mail: kazak_abzal@mail.ru.

Baitanatova Meruert Zharaskhanovna – PhD student, M.Auezov South Kazakhstan Research University, Republic of Kazakhstan, 160011, Shymkent, 68 Kunayev Ave., tel.: +77477161376, e-mail: merukadai@mail.ru.

Ualikhanova Ainur – PhD student, M.Auezov South Kazakhstan Research University, Republic of Kazakhstan, 160011, Shymkent, 68 Kunayev Ave., tel.: +77016753437, e-mail: u_ainura@mail.ru.*

Omirbay Abzal Sayatayevich – PhD, Senior Lecturer of the Department of Philosophy, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Republic of Kazakhstan, 010000, Astana, 2 K.Satpayev Str., tel.: +77025486824, e-mail: kazak_abzal@mail.ru.

ХҒТАР 14.35.07
ӘОЖ 378.147
https://doi.org/10.52269/SKVC2622052

МЕТАТАНЫМДЫҚ ДАҒДЫЛАРДЫ ҚОЛДАНУ НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУ

Байтасова Г.К. – PhD докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы.*

Рахимгалиева П.С. – PhD, оқытушы, Т.Қ. Раисов атындағы молекулалық биология және медициналық генетика кафедрасы, Семей медициналық университеті, Семей қ., Қазақстан Республикасы.

Ермекова М.А. – оқытушы, Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы.

Кулмышева Н.А – педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Астана халықаралық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы.

Мақалада болашақ педагогтардың цифрлық құзыреттілігін метатанымдық дағдыларды қолдану арқылы дамыту мәселесі талданады. Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінің қарқынды цифрландырылуы педагогтардың кәсіби іс-әрекетіне жаңа мазмұн мен талаптар енгізіп отыр. Мұндай жағдайда педагог тек ақпарат жеткізуші емес, сонымен қатар оны шығармашылық тұрғыдан өңдеп, сыни талдай алатын, заманауи цифрлық ортада нәтижелі жұмыс істей білетін тұлға болуы қажет. Сондықтан болашақ педагогтардың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру, оны метатанымдық қабілеттермен ұштастыру – кәсіби даярлаудың өзекті бағыты. Зерттеудің өзектілігі цифрлық құзыреттілік пен метатанымдық дағдыларды білім беру үдерісінде өзара кіріктіру қажеттілігімен анықталады. Метатанымдық дағдылар болашақ педагогтарға оқу іс-әрекетін тиімді жоспарлауға, технологиялық құралдарды орынды таңдауға, олардың тиімділігін бағалауға және өзіндік рефлексия жүргізуге мүмкіндік береді. Мұндай қабілеттер жеке тұлғаның өз танымдық үдерістерін түсініп, басқаруына жол ашады, ал бұл үздіксіз кәсіби дамудың негізгі тетігі саналады. Зерттеудің мақсаты – болашақ педагогтардың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінде метатанымдық дағдыларды қолдану әдістерін ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеу және олардың тиімділігін тәжірибелік тұрғыда айқындау. Зерттеудің ғылыми жаңалығы – метатанымдық дағдыларды болашақ педагогтардың цифрлық құзыреттілігін дамыту факторы ретінде жүйелеп, диагоностикалық, жоспарлау, цифрлық әрекет, рефлексия және түзету кезеңдерінен тұратын авторлық модель ұсынуында. Зерттеу барысында педагогика, психология және цифрлық білім беру саласындағы еңбектерге теориялық талдау жүргізіліп, болашақ педагогтардың кәсіби даярлығында цифрлық және метатанымдық құзыреттердің байланысы айқындалды. Зерттеу нәтижелері болашақ педагогтардың метатанымдық ойлау қабілеттерін, өзін-өзі реттеу және рефлексия дағдыларын жетілдіру арқылы цифрлық құзыреттілікті дамыту мүмкіндігін дәлелдейді. Бұл бағыт педагог кадрларды даярлау сапасын арттыруға, білім беру жүйесін цифрлық трансформациялау мен инновациялық оқыту тәжірибесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: *цифрлық құзыреттілік, метатанымдық дағдылар, педагогикалық білім беру, цифрлық технологиялар, кәсіби даярлық.*

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МЕТАКОГНИТИВНЫХ НАВЫКОВ КАК ОСНОВА РАЗВИТИЯ ЦИФРОВОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ

Байтасова Г.К. – PhD докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан.*

Рахимгалиева П.С. – PhD, преподаватель кафедры молекулярной биологии и медицинской генетики имени Т.К. Раисова, Медицинский университет Семей, г. Семей, Республика Казахстан.

Ермекова М.А. – преподаватель, Астана международный университет, г. Астана, Республика Казахстан.

Кулмышева Н.А. – кандидат педагогических наук, старший преподаватель, Астана международный университет, г. Астана, Республика Казахстан.

В статье рассматривается проблема развития цифровой компетентности будущих педагогов посредством применения метакогнитивных навыков. В современных условиях стремительная цифровизация системы образования вносит новое содержание и требования в профессиональную деятельность педагогов. В такой ситуации педагог выступает не только как передатчик информации, но и как личность, способная творчески перерабатывать и критически анализировать её, а также эффективно работать в современной цифровой среде. Поэтому формирование цифровой компетентности будущих педагогов в сочетании с метакогнитивными способностями является актуальным направлением профессиональной подготовки. Актуальность исследования

определяется необходимостью интеграции цифровой компетентности и метакогнитивных навыков в образовательный процесс. Метакогнитивные навыки позволяют будущим педагогам эффективно планировать учебную деятельность, выбирать адекватные технологические средства, оценивать их эффективность и осуществлять рефлексию. Такие способности способствуют осознанию и управлению собственными познавательными процессами, что является важным механизмом непрерывного профессионального развития. Цель исследования – научно-теоретическое обоснование методов применения метакогнитивных навыков в процессе формирования цифровой компетентности будущих педагогов и определение их эффективности на практике. Научная новизна исследования заключается в систематизации метакогнитивных навыков как фактора развития цифровой компетентности и разработке авторской модели, включающей этапы диагностики, планирования, цифровой деятельности, рефлексии и коррекции. В ходе исследования проведён теоретический анализ трудов в области педагогики, психологии и цифрового образования, что позволило выявить взаимосвязь цифровых и метакогнитивных компетенций в профессиональной подготовке будущих педагогов. Результаты исследования подтверждают возможность развития цифровой компетентности через совершенствование метакогнитивного мышления, навыков саморегуляции и рефлексии у будущих педагогов. Данное направление способствует повышению качества подготовки педагогических кадров, цифровой трансформации системы образования и развитию инновационной педагогической практики.

Ключевые слова: *цифровая компетентность, метакогнитивные навыки, педагогическое образование, цифровые технологии, профессиональная подготовка.*

ENHANCING FUTURE EDUCATORS' DIGITAL COMPETENCE THROUGH METACOGNITIVE SKILLS

Baitassova G.K. – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan.*

Rakhimgaliyeva P.S – PhD, Lecturer, Department of molecular biology and medical genetics named after T.K. Raissov, Semey Medical University, Semey, Republic of Kazakhstan.

Yermekova M.A. – Lecturer, Astana International University, Astana, Republic of Kazakhstan.

Kulmysheva N.A – Candidate of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer, Astana International University, Astana, Republic of Kazakhstan.

The article examines the issue of developing the digital competence of future educators through the application of metacognitive skills. In the context of rapid digitalization of the education system, new content and requirements are being introduced into educators' professional activities. Under these conditions, an educator is not only a transmitter of information but also an individual capable of creatively processing and critically analyzing it, as well as effectively working in a modern digital environment. Therefore, the formation of digital competence of future educators in integration with metacognitive abilities is a relevant direction of professional training. The relevance of the study is determined by the need to integrate digital competence and metacognitive skills within the educational process. Metacognitive skills enable future educators to effectively plan learning activities, select appropriate technological tools, evaluate their effectiveness, and carry out self-reflection. Such abilities allow individuals to understand and regulate their own cognitive processes, which is considered a key mechanism for continuous professional development. The purpose of the study is to provide a scientific and theoretical justification for the methods of applying metacognitive skills in the process of developing the digital competence of future educators and to determine their effectiveness in practice. The scientific novelty of the study lies in the systematization of metacognitive skills as a factor in the development of digital competence and in the proposal of an author's model consisting of diagnostic, planning, digital activity, reflection, and correction stages. The study includes a theoretical analysis of works in pedagogy, psychology, and digital education, which enabled to identify the relationship between digital and metacognitive competencies in the professional training of future educators. The results of the study demonstrate the possibility of developing digital competence through the improvement of metacognitive thinking, self-regulation, and reflection skills of future educators. This approach contributes to enhancing the quality of teacher training, supporting the digital transformation of the education system, and improving innovative teaching practices.

Keywords: *digital competence, metacognitive skills, pedagogical education, digital technologies, professional training.*

Кіріспе. Қазіргі цифрлық технологиялардың дамуы білім беру жүйесіне елеулі өзгерістер енгізіп, педагогтардың цифрлық құзыреттілігі оқу үдерісінің сапасына тікелей әсер ететін маңызды факторға айналды. Бұл құзыреттілік тек технологияны меңгерумен шектелмей, оны педагогикалық тұрғыда тиімді қолдануды қамтиды, алайда зерттеулер бойынша мұғалімдердің көпшілігі әлі де орташа (B1) деңгейде қалып отыр, бұл оны әрі қарай дамыту қажеттілігін көрсетеді [1, 92 б.].

Метатанымдық дағдылар болашақ педагогтардың цифрлық құзыреттілігін дамытуда маңызды рөл атқарады, өйткені ол өзін-өзі басқару мен кәсіби әрекетті саналы ұйымдастыруға негіз болады.

Цифрлық құзыреттілік – ақпараттық технологияларды тиімді қолдану қабілеті болса, ал құзыреттілік ұғымы білім, білік және тәжірибені кәсіби қызметте жүзеге асыруды қамтиды [2, 182 б.].

Қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында педагог мамандардың цифрлық білім мен технологияларды тиімді игеруі маңызды кәсіби талапқа айналып отыр. Педагог теориялық және практикалық білімімен қатар цифрлық құзыреттіліктерді меңгеру арқылы жаңа білім беру парадигмасын қалыптастырады. Соңғы жылдары цифрлық құзыреттілік мәселесі әлемдік ғылыми кеңістікте кеңінен зерттелуде. Бірқатар зерттеулерде цифрлық құзыреттілік ұғымының дамуы, оны бағалау тәсілдері мен құрылымдық модельдері қарастырылған. Бұл еңбектердің басым бөлігі мұғалімдердің өздерінің цифрлық құзыреттілігін өзіндік бағалау, рефлексия және кәсіби даму контекстінде қарастырады. Мұғалімдердің көпшілігі өздерінің цифрлық дайындық деңгейін төмен немесе орташа деп бағалаған [3, 22057 б.]. Сонымен қатар, бірқатар халықаралық зерттеулерде мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздері мен оны білім беру үдерісіне кіріктіру ерекшеліктері қарастырылған [4, 2449 б.]. Ал метатанымдық дағдылар адамның өз ойлау үдерісін түсіну, басқару және реттеу қабілеті ретінде білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, оқу әрекетін жоспарлауға және өзіндік білім алуды жетілдіруге ықпал етеді [5, 906 б.]. Зерттеулер көрсеткендей, педагогтардың кәсіби дамуы тек технологиялық құралдарды меңгеру деңгейімен шектелмей, олардың метатанымдық қабілеттерін жетілдірумен де тығыз байланысты. Метатанымдық дағдылар мұғалімдердің өз оқу әрекетін, кәсіби рефлексиясын және өзін-өзі дамыту стратегиясын басқаруға мүмкіндік береді. Цифрлық құзыреттілік пен метатанымдық қабілеттердің үйлесімі білім беру үдерісін тиімді жоспарлауға және инновациялық тәжірибені енгізуге ықпал етеді. Демек метатаным маманның игерген білімін тәжірибеде тиімді қолдануға, ал кәсіби ортада өзінің әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Мақсаты, міндеттері. Зерттеудің мақсаты – болашақ педагогтардың цифрлық құзыреттілігін метатанымдық реттеу тетіктері арқылы дамытудың мазмұнын теориялық тұрғыдан негіздеу, әдістемелік мүмкіндіктерін анықтау және оны жүзеге асырудың тиімді моделін әзірлеу.

Осыған байланысты зерттеу барысында мынадай міндеттер қойылды:

- Цифрлық құзыреттілік пен метатанымдық дағдыларға қатысты ғылыми еңбектерді талдау;
- Болашақ педагогтардың цифрлық және метатанымдық дағдыларының деңгейін сауалнама арқылы анықтау;
- Метатанымдық дағдылар негізінде цифрлық құзыреттілікті дамытудың авторлық моделін ұсыну;
- Алынған нәтижелерге сүйене отырып, әдістемелік ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы болашақ педагогтардың цифрлық құзыреттілігін дамытуда метатанымдық дағдыларды дербес психологиялық-педагогикалық фактор ретінде қарастыруымен айқындалады. Зерттеуде цифрлық құзыреттілік пен метатанымдық дағдылардың өзара байланысы жүйеленіп, өзін-өзі реттеу, рефлексия, сыни ойлау, талдау және шығармашылық белсенділік көрсеткіштері арқылы түсіндіріледі. Зерттеудің теориялық маңыздылығы цифрлық құзыреттлік ұғымын метатанымдық тұрғыдан толықтыруында, ал практикалық маңыздылығы болашақ педагогтарды даярлау үдерісінде қолдануға болатын әдістемелік ұсыныстары негізінде көрінеді.

Әдеби шолу. Цифрлық құзыреттілік мәселесі соңғы жылдары отандық және шетелдік ғылыми зерттеулерде кеңінен қарастырылып келеді. Халықаралық деңгейде педагогтардың цифрлық құзыреттілігін дамытуға бағытталған тұжырымдамалардың бірі – DigCompEdu моделі болып табылады. Бұл модель педагогтардың цифрлық құзыреттілігін алты негізгі бағыт бойынша қарастырады және олардың кәсіби қызметінде цифрлық технологияларды тиімді қолдану деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеушілер цифрлық құзыреттілікті тек техникалық дағдылар жиынтығы ретінде емес, педагогикалық, коммуникативтік және аналитикалық қабілеттермен тығыз байланысты кешенді құбылыс ретінде сипаттайды.

Соңғы жылдардағы зерттеулерде цифрлық құзыреттілікті бағалау және дамыту мәселелері кеңінен қарастырылып, мұғалімдердің цифрлық дайындық деңгейі көбіне орташа деңгейде екендігі анықталған. Бірқатар авторлар педагогтардың цифрлық құралдарды қолданудағы қиындықтарын олардың әдістемелік даярлығының жеткіліксіздігімен және цифрлық ортада жұмыс істеу тәжірибесінің шектеулілігімен байланыстырады [3, 22057 б.; 6]. Сонымен қатар, цифрлық құзыреттілікті дамытуда үздіксіз кәсіби білім берудің, өзіндік оқудың және рефлексияның маңыздылығы ерекше атап өтіледі. Зерттеулерде педагогтарды даярлау жүйесінде цифрлық құзыреттілікті қалыптастырудың жеткіліксіз деңгейі оқу бағдарламалары мен тәжірибелік дайындық арасындағы алшақтықпен де түсіндіріледі [7, 37 б.].

Метатанымдық дағдылар мәселесі психология және педагогика ғылымында кеңінен зерттелген. Метатаным ұғымын алғаш ғылыми айналымға енгізген зерттеушілердің бірі – Дж. Флейвелл, ол метатанымды адамның өз танымдық үдерістерін түсіну және басқару қабілеті ретінде қарастырған. Кейінгі зерттеулерде метатанымдық дағдылар оқу әрекетін жоспарлау, бақылау және бағалау арқылы жүзеге асатыны дәлелденген [5, 906 б., 8, 3 б.]. Қазіргі зерттеулерде метатанымдық дағдылардың оқу нәтижелеріне әсері, әсіресе, өзіндік реттеу мен оқу стратегияларын тиімді қолданумен тығыз байланысты екендігі дәлелденген [9].

Қазіргі зерттеулерде метатанымдық дағдылардың білім алушылардың академиялық жетістіктеріне, сыни ойлауына және өзіндік білім алу қабілетіне оң әсер ететіні көрсетілген. Педагогтардың кәсі-

би даярлығында метатанымдық қабілеттер олардың өз іс-әрекетін талдауына, тиімді оқыту стратегияларын таңдауға және оқу үдерісін басқаруға мүмкіндік береді [8, p. 3]. Өзін-өзі реттеу дағдылары білім алушылардың оқу мотивациясын арттырып, олардың оқу нәтижелеріне оң әсер ететін маңызды факторлардың бірі ретінде қарастырылады [9]. Метатанымдық сананы (metacognitive awareness) дамыту білім алушылардың оқу әрекетін саналы бақылауына және тиімді стратегияларды таңдауға мүмкіндік береді [10, 460 б.].

Соңғы ғылыми еңбектерде цифрлық құзыреттілік пен метатанымдық дағдылардың өзара байланысына ерекше назар аударылуда. Зерттеушілердің пікірінше, цифрлық технологияларды тиімді қолдану үшін педагогтар тек құралдарды меңгеріп қана қоймай, өз әрекетін жоспарлау, бақылау және бағалау сияқты метатанымдық қабілеттерді де дамытуы қажет. Осы екі бағыттың өзара кірігуі педагогтардың кәсіби тиімділігін арттыруға және білім беру үдерісін инновациялық тұрғыда ұйымдастыруға мүмкіндік береді [11, 64 б.]. Метатанымдық және цифрлық құзыреттіліктің кіріктірілуі педагогтардың кәсіби даярлығын арттырудың тиімді тетігі ретінде қарастырылып, олардың оқу үдерісін саналы ұйымдастыруына ықпал етеді [12, 60 б.].

Метатанымдық дағдылар бала бойында ерте жастан қалыптасып, ойлау әрекетінің реттелуіне және даму динамикасына ықпал етеді. Бұл дағдылар адамның өз іс-әрекетіне баға беруін, өзін-өзі бақылауын және саналы шешім қабылдау қабілетін жетілдіреді [13, 24 б.]. Егер бұл қабілеттер дұрыс дамыған болса, болашақ маман кәсіби қызметінде тиімді шешім қабылдап, оқу және тәрбиелеу процесін саналы түрде ұйымдастыра алады.

Қазіргі заманда педагогтың бәсекеге қабілеттілігі оның ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қаншалықты тиімді қолдана алуымен анықталады. Сондықтан цифрлық құзыреттілікті дамыту білім берудің стратегиялық бағытына айналды. Цифрлық құзыреттілік ақпаратты іздеу, өңдеу, бағалау және заманауи технологияларды қолдану қабілеттерін қамтиды [14].

Зерттеу материалдары мен әдістер. Зерттеуде ғылыми еңбектер мен нормативтік құжаттар талданып, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дың 3–4 курс студенттері арасында сауалнама жүргізу арқылы олардың цифрлық және метатанымдық дағдылары бағаланып, нәтижелері сипаттамалы статистика негізінде өңделіп, даму бағыттары айқындалды.

1 кесте – Болашақ педагогтардың метатанымдық дағдылары мен цифрлық құзыреттілігінің өзара байланысы

Көрсеткіштер	Метатанымдық дағдылардың мазмұны	Цифрлық құзыреттілікті дамытуға әсері	Педагогикалық интерпретация
Өзін-өзі реттеу	Оқу процесін жоспарлау, мақсат қою, бақылау және бағалау	Цифрлық құралдарды мақсатты, тиімді қолдану дағдысы қалыптасады	Болашақ педагог өз оқу траекториясын саналы түрде құрастырады
Рефлексия	Өз іс-әрекетін талдау және жетілдіру қабілеті	Цифрлық технологияларды тиімді пайдаланудың сапасын арттырады	Педагог кәсіби тәжірибесін цифрлық тұрғыда жетілдіреді
Сыни ойлау	Ақпаратты бағалау, дәлелдеу және салыстыру	Ақпараттық ресурстарды таңдауда жауапкершілік пен талғампаздық дамиды	Ақпараттық қауіпсіздік мәдениеті қалыптасады
Талдау және бақылау	Оқу үдерісін ұйымдастыру және түзету	Цифрлық ортаны тиімді басқаруға мүмкіндік береді	Педагог инновациялық шешім қабылдау қабілетін дамытады
Шығармашылық белсенділік	Жаңа идеялар мен стратегияларды қолдану	Цифрлық мазмұн жасау қабілеті дамиды	Оқу үдерісінде инновация мен мотивация артады

As evidenced by the findings presented here, a result of collaboration between visiting and host scholars in the Bolashak program,international partnerships offer a unique opportunity to explore how methods from different institutions can be adapted to improve language education in other contexts (e.g., Kazakhstan). Through these experiences, visiting scholars continue to gain exposure to innovative teaching methods, curriculum models, and educational technologies that may not be prevalent in their home countries. By drawing on these practices, visiting scholars can contribute to improving curricula and teaching quality after returning to their home institutions.This knowledge exchange and partnership between institutions fosters global collaboration and enriches the educational landscape locally and internationally.

Limitations. Limitations include small volunteer samples, self-reported perceptions, and cross-institutional comparison across different languages. Future research should test redesigned KLCC modules with diverse learner groups and evaluate longitudinal impacts on communicative proficiency.

Acknowledgments: *The authors are not aware of any affiliations, memberships, funding, or financial holdings that might be perceived as affecting the objectivity of this review.*

REFERENCES:

1 **Haigh M.J. Internationalisation of the curriculum: Designing inclusive education for a small world.** *Journal of Geography in Higher Education*, 2002, vol. 26, no. 1, pp. 49-66, https://doi.org/10.1080/03098260120110368.

2 **Sykes J.A. Growing international internships.** *Proceedings of the 39th IEEE Frontiers in Education Conference*, 2009, pp. 1-5. https://doi.org/10.1109/FIE.2009.5350816.

3 **Sagintayeva A., Jumakulov Z. Kazakhstan's Bolashak Scholarship Program.** *International Higher Education*, 2015, no. 79, pp. 21-23. https://doi.org/10.6017/ihe.2015.79.5846.

4 **Bokayev B., Torebekova Z., Davletbayeva Z. Preventing brain drain: Kazakhstan's presidential "Bolashak" scholarship and government regulations of intellectual migration.** *Public Policy and Administration*, 2020, vol. 19, no. 3, pp. 25-35. https://doi.org/10.5755/j01.ppaa.19.3.27764.

5 **Kinginger C. Enhancing language learning in study abroad.** *Annual Review of Applied Linguistics*, 2011, vol. 31, pp. 58-73. https://doi.org/10.1017/S0267190511000031.

6 **Green R.D., Farazmand F.A. Experiential learning: The internship and live-case study relationship.** *Business Education & Accreditation,* 2012, vol. 4, no. 1, pp. 13-23.

7 **Terlikbayeva N., Menlibekova G. The dynamics of language shift in Kazakhstan.** *Journal of English Language Teaching and Applied Linguistics,* 2021, vol. 3, no. 2, pp. 12-22. https://doi.org/10.32996/jeltal.2021.3.2.2.

8 **Zharkynbekova S., Aimoldina A., Akynova D. Cultural and language self-identification of ethnic minority groups in Kazakhstan.** *Sociolinguistic Studies,* 2015, vol. 9, no. 2-3, pp. 289-310. https://doi.org/10.1558/SOLS.V9I2.26587.

9 **Riahanov S. Language policy and the problem of national identity in the modern Republic of Kazakhstan.** *East European Scientific Journal,* 2021, vol. 3, no. 9(73), pp. 24-30. https://doi.org/10.31618/essa.2782-1994.2021.3.73.125.

10 **Tasmagambetova Z.Zh., Kaipbaeva A., Nurseitova A.A., Abilbekova B.T. Til – ulttyk ruhtyn tiregi** [Language as the basis of national spirit]*. 3i: intellect, idea, innovation,* 2025, vol. 1, no. 4, pp. 225-231. https://doi.org/10.52269/NTDG2541225. (In Kazakh)

11 **Yelubayeva P., Tashkyn E., Berkinbayeva G. Addressing challenges in Kazakh education for sustainable development.** *Sustainability,* 2023, vol. 15, no. 19, art. 14311. https://doi.org/10.3390/su151914311.

12 **Agbo S.A., Pak N. Globalization and educational reform in Kazakhstan: English as the language of instruction in graduate programs.** *International Journal of Educational Reform,* 2017, vol. 26, no. 1, pp. 14-43. https://doi.org/10.1177/105678791702600102.

13 **Orazaliyeva E., Orazbayeva F. Multilingual content in teaching the Kazakh language courses.** *Athens Journal of Philology*, 2021, vol. 8, no. 4, pp. 269-282. https://doi.org/10.30958/ajp.8-4-2.

14 **Abitova Z., Suleimenova Z., Turgunov Y. The cognitive structure of the word-formation system and methodological issues of teaching the Kazakh language.** *Cypriot Journal of Educational Science*, 2021, vol. 16, no. 6, pp. 3387-3395. https://doi.org/10.54596/2309-6977-2022-1-53-5.

15 **Naraliyeva R.T. et al. Modern methods of teaching Kazakh as a foreign language: Search, innovation, quality, result.** *Review of European Studies,* 2015, vol. 7, no. 7, pp. 347-356. https://doi.org/10.5539/res.v7n7p347.

16 **Zhetpisbayeva B.A., Shelestova T.Y. Difficulties of implementation of primary English education in Kazakhstan: Language teachers' views.** *Review of European Studies*, 2015, vol. 7, no. 12, pp. 13-21. https://doi.org/10.5539/res.v7n12p13.

17 **Serna-Bermejo I., Lasagabaster D. Translanguaging in Basque and English: practices and attitudes of university teachers and students.** *International Journal of Multilingualism,* 2024, vol. 21, no. 2, pp. 763-782. https://doi.org/10.1080/14790718.2022.2086984.

18 **Klyshbekova M. A Kazakhstani English language teacher's perspective on multilingual practices.** *ELT Journal,* 2023, vol. 79, iss. 1, pp. 123-126. https://doi.org/10.1093/elt/ccad030.

19 **Mirzoeva L. Question about specifics of teaching theoretical and linguistic disciplines in multilingualism.** *Polylingualism and Transcultural Practices*, 2015, no. 5, pp. 121-125.

20 **Aubakirov N.M., Dolgopolova A.A. Primenenie metoda Communicative Language Teaching na zanyatiyah po kazahskomu yazyku v russkoyazychny'h gruppah** [Application of communicative language teaching to Kazakh classes in Russian groups]. *Vy'sshee obrazovanie v Rossii*, 2018, no. 8-9, pp. 152-158. https://doi.org/10.31992/0869-3617-2018-27-8-9-152-158. (In Russian)

21 **Omarova S.K., Kadasheva K.K., Myrzakhanova A.K. Kazak tilin uiretude mnemonikalyk adisterdi koldanudyn tiimdiligi** [Effectiveness of mnemonic methods in teaching Kazakh]. *Iasaui universitetinin habarshysy*, 2023, vol. 4(130), pp. 209-220, https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.18. (In Kazakh)

22 **Aripzhan G.Zh., Duisebaeva G.A., Kuralbayeva A.A. The use of Kazakh national games in teaching English.** *Iasaui universitetinin habarshysy,* 2022, no. 123, pp. 144-159. https://doi.org/10.47526/2022-1/2664-0686.13.

23 **LaScotte D., Peters B. Fostering intercultural learning experiences in ESL/EFL Classroom.** Banegas D.L., Beacon G., Pérez Berbain M. (eds) International Perspectives on Diversity in ELT. International Perspectives on English Language Teaching, Palgrave Macmillan, Cham*.,* 2021, pp. 55-71. https://doi.org/10.1007/978-3-030-74981-1_4.

24 **Cohen-Miller A.S. et al. Practical steps for using interdisciplinary educational research to enhance cultural awareness.** *International Journal of Research & Method in Education,* 2017, vol. 40, no. 3, pp. 288-298. https://doi.org/10.1080/1743727X.2017.1310834.

25 **Yelubayeva P., Mustafina A. Developing Kazakh students' intercultural awareness and communication through collaborative technologies.** *European Journal of Language Policy,* 2020, vol. 12, pp. 235-255. https://doi.org/10.3828/ejlp.2020.12.

26 **Atirbek K.E., Dost Sh., Tenizbayev E.Zh. Pedagogikalyk bilim berudegi dasturli zhane aralas okytu adisterinin salystyrmaly taldauy** [Comparative analysis of traditional and blended teaching methods in pedagogical education]*. 3i: intellect, idea, innovation,* 2025, vol. 2, no. 3, pp. 64-76. https://doi.org/10.52269/KGTD253264. (In Kazakh)

27 **Eren Ö. Towards multilingual turn in language classes: plurilingual awareness as an indicator of intercultural communicative competence.** *International Journal of Multilingualism,* 2024, vol. 21, no. 2, pp. 783-801. https://doi.org/10.1080/14790718.2022.2090568.

28 **Taylor T. Changing pedagogy for modern learners.** *Journal of Educational Technology & Society*, 2014, vol. 17, no. 1, pp. 79-88.

29 **Berkinbayeva G. et al. 4C-based learning model as an effective tool in language classrooms: the case of Kazakh schools.** *International Journal of Innovation and Learning,* 2023, vol. 34, no. 1, pp. 81-95. https://doi.org/10.1504/IJIL.2023.10050832.

30 **Blank R.K. Using surveys of enacted curriculum to advance evaluation of instruction in relation to standards.** *Peabody Journal of Education, 2002*, vol. 77, no. 4, pp. 86-121. https://doi.org/10.1207/s15327930pje7704_5.

31 **Boyle M.P., Schmierbach M. Student-collected survey data: An examination of data quality and the value of survey research as a learning tool.** *Journalism & Mass Communication Educator*, 2003, vol. 58, no. 4, pp. 373-390. https://doi.org/10.1177/107769580305800404.

32 **Bhatnagar R., Kim J., Many J.E. Candidate surveys on program evaluation: examining instrument reliability, validity and program effectiveness.** *American Journal of Educational Research,* 2014, vol. 2, no. 8, pp. 683-690. https://doi.org/10.12691/education-2-8-18.

33 **Peters K., Halcomb E. Interviews in qualitative research.** *Nurse Researcher*, 2015, vol. 22, no. 4, pp. 6-7. https://doi.org/10.7748/nr.22.4.6.s2.

34 **Gudkova S. Interviewing in qualitative research.** In: Ciesielska M., Jemielniak D. (eds) Qualitative Methodologies in Organization Studies. Palgrave Macmillan, Cham*,* 2018, pp. 75-96. https://doi.org/10.1007/978-3-319-65442-3_4.

35 **Dosmambetova G.K., Balabekov A.K., Bozbaeva-Khung A.T., Seisenova A.D. Kazak tili. Karapajym dengej** [Kazakh language. Basic level]. Astana, Ulttyk testileu ortalygy*,* 2016, 268 p. (In Kazakh)

36 **Blass L., Vargo M., Folse K.S. Pathways 2: Reading, Writing, and Critical Thinking.** Boston, National Geographic Learning, 2013.

Information about the authors:

Berkinbayeva Gulzat Ongarbekovna – PhD, Institute of Philology, Kazakh National Women's Teacher Training University, Republic of Kazakhstan, 050026, Almaty, 92 Kozhamkulov Str., tel.: +77056700183, e-mail: g.berkinbayevaa@gmail.com.

Nurbayeva Aida Mukhtarovna – PhD, Associate Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 050010, Almaty, 13 Dostyk Ave., tel.: +77058888848, e-mail: nurbaeva.aida@bk.ru*.

Baissydyk Indira Bolatbekkyzy – PhD, Associate Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 050010, Almaty, 13 Dostyk Ave., e-mail: i.baissydyk@gmail.com.

Lascotte Darren – PhD, Minnesota English Language Program, University of Minnesota, 216 Pillsbury Dr SE, Minneapolis, MN 55455, USA, e-mail: lascotte@umn.edu.

Беркинбаева Гүльзат Онгарбековна – PhD, Филология институты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 050026, Алматы қ., Қожамқұлов көш. 92, тел.: +77056700183, e-mail: g.berkinbayevaa@gmail.com.

Нұрбаева Аида Мұхтарқызы – PhD, қауымдастырылған профессоры, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ., Достық даңғ. 13, тел.: +77058888848, e-mail: nurbaeva.aida@bk.ru.*

Байсыдық Индира Болатбекқызы – PhD, қауымдастырылған профессоры, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ., Достық даңғ. 13, e-mail: i.baissydyk@gmail.com.

Lascotte Darren – PhD, Minnesota English Language Program, Миннесота университеті, 216 Pillsbury Dr SE, Миннеаполис, MN 55455, АҚШ, e-mail: lascotte@umn.edu.

Беркинбаева Гульзат Онгарбековна – PhD, Институт филологии, Казахский национальный женский педагогический университет, Республика Казахстан, 050026, г. Алматы, ул. Кожамкулова, 92, тел.: +77056700183, e-mail: g.berkinbayevaa@gmail.com.

Нурбаева Аида Мухтаровна – PhD, ассоциированный профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, 050010, г. Алматы, ул. Достык 13, тел.: +77058888848, e-mail: nurbaeva.aida@bk.ru.*

Байсыдык Индира Болатбеккызы – PhD, ассоциированный профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, 050010, г. Алматы, ул. Достык 13, e-mail: i.baissydyk@gmail.com.

Lascotte Darren – PhD, Minnesota English Language Program, Университет Миннесоты, 216 Pillsbury Dr SE, Миннеаполис, MN 55455, США, e-mail: lascotte@umn.edu.

IRSTI 14.01.21
UDC 373.1
https://doi.org/10.52269/SKVC2622095

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫ МЕН НӘТИЖЕЛІЛІГІН АРТТЫРУ ҮШІН ЖОО ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ ГЕЙМИФИКАЦИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ПАЙДАЛАНУЫН БАҒАЛАУ

Давлетова А.Х. – педагогика ғылымдарының кандидаты, Информатика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы.

Мырзанова А.К. – PhD докторант, Информатика кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы.*

Жоғары білім беруде геймификацияны қолдану тез кеңейіп келеді, алайда жоғары оқу орындарының оқытушыларының геймификациялық құралдарды қолдану тәсілдері, сондай-ақ олардың студенттердің оқу мотивациясы мен нәтижелілігіне әсері жеткілікті зерттелмеген күйінде қалып отыр. Бұл зерттеу студенттердің белсенділігін, мотивациясын және оқу жетістіктерін арттыру үшін оқытушылардың геймификацияланған білім беру ресурстарын қолдануын қарастырады. Бұл зерттеуде геймификацияланған оқу модульдерін енгізгеннен кейін мотивация мен академиялық нәтижелердің өзгеруін бағалауға бағытталған әр түрлі дайындық бағыттарындағы 60 оқытушыдан сауалнама мен квази-экспериментті қамтитын аралас әдістеме қолданылды. Біз ұпай жүйесі, бейджде, рейтингтік кестелер, сюжеттік тапсырмалар және бағалаудың ойын түрлері сияқты геймификация элементтерін пайдалану қарқындылығы мен оқу өнімділігі көрсеткіштері арасындағы байланысты талдадық. Нәтижелер геймификация құралдарын белсенді қолдану оқу мотивациясының өсуімен, сабаққа қатысудың артуымен және студенттердің академиялық көрсеткіште-

рінің жақсаруымен айтарлықтай байланысты екенін көрсетті. Зерттеу сонымен қатар геймификацияны енгізу тиімділігіне әсер ететін кедергілерді анықтады: оқытушылардың цифрлық құзыреттілік деңгейіндегі айырмашылықтар және ойын механизмдері мен академиялық талаптар арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етудегі қиындықтар. Нәтижелер геймификацияны жоғары білім беру орындарына жүйелі түрде біріктірудің маңыздылығын, сондай-ақ оқытушылардың мақсатты кәсіби дайындығы мен ойын стратегияларын педагогикалық негізделген қолдануды қамтамасыз етудің қажеттілігін көрсетеді. Қорытындылар жоғары білім беруде цифрлық технологияларды ғылыми негізделген пайдалануды дамытуға ықпал етеді және студенттердің оқу мотивациясы мен нәтижелілігін арттыруға бағытталған білім беру саясаты үшін бағдар бола алады.

Түйінді сөздер: *геймификация, цифрлық педагогика, оқу мотивациясы, аспаптық генез, информатиканы оқыту.*

ОЦЕНКА ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ПРЕПОДАВАТЕЛЯМИ ВУЗОВ ГЕЙМИФИКАЦИОННЫХ ИНСТРУМЕНТОВ ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ УЧЕБНОЙ МОТИВАЦИИ И РЕЗУЛЬТАТИВНОСТИ СТУДЕНТОВ

Давлетова А.Х. – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры информатики, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан.

Мырзанова А.К. – PhD докторант, кафедра информатики, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан.*

Использование геймификации в высшем образовании быстро расширяется, однако подходы преподавателей ВУЗов к использованию геймификационных инструментов, а также их влияние на учебную мотивацию и результативность студентов остаются недостаточно изученными. В этом исследовании рассматривается использование преподавателями геймифицированных образовательных ресурсов для повышения вовлеченности, мотивации и учебных достижений учащихся. В этом исследовании использовалась смешанная методология, включающая опрос и квазиэксперимент от 60 преподавателей в различных областях подготовки, направленных на оценку изменений мотивации и академических результатов после внедрения геймифицированных учебных модулей. Мы проанализировали взаимосвязь между интенсивностью использования элементов геймификации, таких как система подсчета очков, значки, рейтинговые таблицы, сюжетные задания и игровые типы оценок, с показателями эффективности обучения. Результаты показали, что активное использование инструментов геймификации в значительной степени связано с ростом мотивации к обучению, увеличением посещаемости и улучшением успеваемости студентов. Исследование также выявило препятствия, влияющие на эффективность внедрения геймификации: различия в уровне цифровых компетенций преподавателей и трудности в обеспечении баланса между игровыми механизмами и академическими требованиями. Результаты подчеркивают важность систематической интеграции геймификации в места высшего образования, а также необходимость обеспечения целенаправленной профессиональной подготовки преподавателей и педагогически обоснованного применения игровых стратегий. Выводы способствуют развитию научно обоснованного использования цифровых технологий в высшем образовании и могут служить ориентиром для образовательной политики, направленной на повышение мотивации и результативности обучения студентов.

Ключевые слова: *геймификация, цифровая педагогика, учебная мотивация, инструментальный генезис, обучение информатике.*

EVALUATION OF USING GAMIFICATION TOOLS BY FACULTY MEMBERS TO INCREASE STUDENTS' LEARNING MOTIVATION AND PERFORMANCE

Davletova A.Kh. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Department of computer science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan.

Myrzanova A.K. – PhD student, Department of computer science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan.*

The use of gamification in higher education is rapidly expanding, however, the ways in which faculty members use gamification tools, as well as their influence on the motivation and performance of students, remain insufficiently studied. This study examines the use of gamified educational resources by educators to increase student engagement, motivation, and academic achievement. In this study, a mixed methodology was used, which included a survey and a quasi-experiment from 60 educators from different areas of training, aimed at assessing changes in motivation and academic performance after the introduction of gamified learning modules. We analyzed the relationship between the intensity of the use of gamification elements such as the points system, badges, rating tables, story quests and gamified assessments with

indicators of learning performance. The results showed that the active use of gamification tools is significantly associated with an increase in learning motivation, an increase in attendance, and an improvement in students' academic performance. The study also identified barriers that affect the effectiveness of implementing gamification: differences in the level of digital competence of teachers and difficulties in ensuring a balance between game mechanisms and academic requirements. The results indicate the importance of the systematic integration of gamification into higher education institutions, as well as the need to ensure targeted professional training of faculty members and the pedagogically justified use of game strategies. The findings contribute to the development of the scientifically based use of digital technologies in higher education and can serve as a benchmark for educational policy aimed at improving student learning motivation and performance.

Keywords: *gamification, digital pedagogy, learning motivation, instrumental genesis, computer science education.*

Кіріспе. Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуымен және олардың қоғамның барлық салаларына интеграциялануымен сипатталатын төртінші өнеркәсіптік революция жоғары білім беру жүйесін түбегейлі өзгертуде [1, 1167 б.]. Университеттер тек академиялық дайындықты қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар студенттердің тұрақты оқу мотивациясын сақтау, олардың қатысуы мен өзін-өзі оқыту қабілетін дамыту қажеттілігіне тап болды. Оқытудың ең перспективалы бағыттарының бірі- мотивация мен оқу тиімділігін арттыру мақсатында ойын элементтерін білім беру контекстінде қолдану [2, 59 б.]. Геймификацияланған оқыту мен жоғары білімнің қиылысын зерттеу технологиялық тұрғыдан педагогикалық тәжірибенің қалай өзгеретінін анықтауға мүмкіндік береді [3, 16 б.].

Геймификациялық құралдарды пайдалану студенттердің белсенділігін арттыруға, олардың оқу траекториясын жекелендіруге және оқу материалын тереңірек түсінуге жаңа мүмкіндіктер ашады. Ұпайлар, бейджлер, рейтингтік кестелер, деңгейлер, челленджлер және ойын тапсырмалары сияқты элементтер білім алушылардың қызығушылығын сақтауға, лезде кері байланыс беруге және мақсаттарға біртіндеп жетуге жағдай жасауға мүмкіндік береді [6 б.]. Геймификацияның интеграциясы дәстүрлі оқыту формаларын динамикалық және студенттерге бағытталған процеске айналдырады, бұл әсіресе білім беру нәтижелерін арттыру үшін өте маңызды.

Геймификация студенттердің назарын аударып қана қоймайды, сонымен қатар тұрақты оқу әдеттерін қалыптастыруға ықпал етеді, тапсырмалардың жүйелілігін сақтайды және негізгі ұғымдарды түсінуді жақсартады [4, 3029 б.]. Бұл зерттеу жоғары оқу орындарының оқытушылары студенттердің оқу мотивациясы мен нәтижелілігін арттыру үшін геймификациялық құралдарды қолдану тәсілдерін анықтауға бағытталған.

Геймификацияның маңызды артықшылықтарының бірі – оның әр студенттің қажеттіліктері мен қарқынын ескере отырып, жеке оқытуды қамтамасыз ету қабілеті. Бейімделу тапсырмалары, прогрессивті қиындық деңгейлері және ойластырылған марапаттау жүйесі студенттерге қатысудың жоғары деңгейін сақтай отырып, материалмен ыңғайлы режимде өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді [5, 262 б.]. Көптеген геймификациялық платформаларға енгізілген жедел кері байланыс тетіктері мұғалімдерге қиындықтарды уақтылы анықтауға, студенттердің жетістіктерін бақылауға және оқу процесін түзетуге көмектеседі. Сандық аналитика мен студенттердің өзара әрекеттесу деректерін пайдалану оқыту сапасын жақсартуға және оқуды мақсатты етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, геймификация командалық тапсырмалар, топтық тапсырмалар, рейтингтік жарыстар және басқа да интерактивті механизмдер арқылы бірлескен оқытуды дамытуға ықпал етеді [6, 531 б.; 7, 639 б.; 8, 450 б.; 9, 16 б.]. Сандық лидербордтар, пікірталас форумдары және ұжымдық жобалар қоғамдастық сезімін арттырады және аудиториядан тыс білім беру мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Дегенмен, ойдағыдай геймификация интеграциясы цифрлық теңсіздікке, деректердің құпиялылығына және оқытушылардың дайындығына байланысты факторларды ескеруді талап етеді. Білім беру айырмашылықтарын болдырмау үшін студенттердің құрылғылар мен интернетке тең қол жетімділігін қамтамасыз ету маңызды [10, 813 б.]. Оқытушыларды даярлау да маңызды: геймификацияны тиімді енгізу цифрлық құзыреттілікті, ойын механикасын түсінуді және оларды педагогикалық сауатты қолдану дағдыларын қажет етеді. Сандық сауаттылыққа және геймификацияланған оқытуды жобалауға бағытталған кәсіби курстар оқытушылардың дайындығын арттыруда маңызды рөл атқарады.

Белгілі бір қиындықтарға қарамастан, геймификация студенттердің мотивациясын, сабаққа қатысуын және академиялық жетістіктерін арттыруға айтарлықтай әлеуетке ие. Дұрыс қолданған кезде ол инклюзивті, динамикалық және ынталандыратын оқу ортасын құруға ықпал етеді.

Оқытудың нәтижелілігіне, құзыреттілік модельдерін және бағалаудың цифрлық нысандарын енгізуге қойылатын талаптардың өсуі жағдайында оқу көрсеткіштерінің жақсарғанын көрсетуге мүмкіндік беретін құралдар барған сайын өзекті бола түсуде. Бірқатар зерттеулер геймификацияның оқу нәтижелерін жақсартуға әлеуеті бар екенін көрсетеді [11, 143 б.], [12, 9 б.]. Алайда университеттік практикада оны қолдану біртекті сипатқа ие емес, өйткені оқытушылар әртүрлі стратегияларды қолданады және олардың педагогикалық тиімділігі елеулі түрде өзгереді. Сондықтан геймификация, педагогикалық тәсілдер мен оқу мотивациясы арасындағы байланыс одан әрі эмпирикалық зерттеуді қажет етеді.

Осы тұрғыда осы зерттеу университет оқытушыларының геймификация құралдарын қалай қолданатынын және бұл студенттердің мотивациясы мен академиялық көрсеткіштеріне қалай әсер ететінін талдайды. Табысты оқу үшін мотивацияның танылған маңыздылығына қарамастан, көптеген оқытушылар университет жағдайында студенттердің белсенділігін сақтаудағы қиындықтарды атап өтеді. Геймификация интерактивті, мағыналы және деректерге негізделген білім беру шешімдерін ұсына отырып, осы мәселелерді шешудің тиімді құралы бола алады.

Жоғары білім беруде әртүрлі цифрлық технологиялар қолданылғанымен, бұл жұмыс ойын элементтері бар сандық және сандық емес платформаларды қамтитын ойын құралдарына бағытталған. Зерттеулер көрсеткендей, оқытушылар геймификацияның әртүрлі модельдерін қолданады, бірақ олардың мотивация мен өнімділікке әсері екіұшты болып қалады. Келесі бөлімдерде геймификацияға, цифрлық педагогикаға және мотивация мен академиялық нәтижелердің өзара байланысына арналған жұмыстардың шолу сипаттамасы берілген.

Геймификацияның оқу мотивациясына әсері бірнеше психологиялық-педагогикалық механизмдер арқылы түсіндіріледі. Біріншіден, ұпай, бейдж, деңгей және прогресс көрсеткіштері студентке оқу нәтижесін көрнекі түрде бақылауға мүмкіндік береді, бұл оның құзыреттілік сезімін күшейтеді. Студент өз жетістігін нақты көрген сайын, келесі тапсырманы орындауға деген ішкі ынтасы артады. Екіншіден, деңгейлік тапсырмалар мен таңдау мүмкіндігі білім алушының автономиясын қолдайды, өйткені студент оқу траекториясын белгілі бір дәрежеде өзі басқара алады. Үшіншіден, рейтингтік кестелер, командалық челлендждер және бірлескен ойын тапсырмалары әлеуметтік қатысу мен өзара әрекеттесуді күшейтеді. Бұл студенттердің оқу ортасына эмоционалдық және әлеуметтік тұрғыдан көбірек тартылуына ықпал етеді. Төртіншіден, жедел кері байланыс қателерді тез түзетуге, оқу мақсатын нақтылауға және оқу әрекетін тұрақты жалғастыруға жағдай жасайды. Геймификация мотивацияны тек сыртқы марапат арқылы емес, құзыреттілік, автономия, әлеуметтік байланыс, кері байланыс және прогресті сезіну сияқты ішкі мотивациялық факторлар арқылы да күшейтеді.

Бұл зерттеудің жаңалығы келесідей:

1) ол әдебиетте сирек кездесетін университет аудиторияларында геймификацияны жүйелі түрде енгізуді көрсетеді;

2) ойын механизмдеріне негізделген пассивті және белсенді оқыту формаларын біріктірудің нақты тәжірибелерін ұсынады;

3) студенттерге бағытталған оқытуға көшуді тіркейді, мұнда геймификация тек материалды беру құралы ғана емес, сонымен қатар оқу қызметін басқару құралы болып табылады;

4) студенттердің тұрақты цифрлық қатысуын қамтамасыз ете отырып, аудиториядан тыс геймификацияның рөлін атап көрсетеді;

5) оқытушының геймификацияланған әрекеттерінің студенттердің мотивациясы мен академиялық көрсеткіштеріне әсерін сандық түрде анықтайды – бұрын сирек зерттелетін аспект.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері. Бұл зерттеудің мақсаты отандық университеттердің информатика оқытушыларының геймификациялық құралдарды білім беру процесіне қалай біріктіретінін зерттеу, сондай-ақ ойын элементтерін пайдалану мен студенттердің оқу мотивациясы мен нәтижелілік деңгейі арасындағы байланысты анықтау болды.

Зерттеу келесі зерттеу сұрақтарына жауап беруге бағытталған:

- С1: информатика оқытушылары оқу процесінде қандай ойын құралдары мен стратегияларды қолданады?

- С2: геймификацияны қолдану студенттердің оқу мотивациясының жоғарылауымен байланысты ма?

- С3: геймификацияланған білім беру ортасы жағдайында оқитын студенттер дәстүрлі топтардағы студенттермен салыстырғанда жоғары оқу нәтижелілігін көрсетеді ме?

Материалдар мен әдістер. Жоғары оқу орындарының оқытушылары оқу процесінде геймификация құралдарын қалай қолданатынын және бұл студенттердің оқу мотивациясы мен өнімділігіне қалай әсер ететінін түсіну қиын және көп қырлы міндет болып қала береді. Соңғы жылдары студенттер мен оқытушылардың цифрлық технологиялармен жұмыс істеу ерекшеліктерін талдау үшін теориялық тәсілдер жиі қолданыла бастады. Бұл теориялар бастапқыда математикалық білім беру саласында дамығанымен, олардың позициялары біртіндеп цифрлық педагогика мен геймификация саласына таралады.

Аспаптық генез – құралды шынайы пайдалы етуге үйрену процесі; осыған сәйкес, геймификациялық құрал студент үшін тиімді оқу ресурсына айналуы оны қолдану стратегиялары мен тәсілдерінің қалыптасуына байланысты. Қазақстанда мұндай процесс көбінесе Moodle ойын модульдерін, Platonus ойын плагиндерін, цифрлық квиздерді (Kahoot, Quizizz, Classtime) және балл, бейдж және рейтинг элементтері бар платформаларды игеруді қамтиды.

Цифрлық құралдарды пайдалануды педагогикалық басқару ұғымы студенттердің геймификациямен өзара әрекеттесуіндегі оқытушының рөлін көрсетеді. Мұндай басқару оқу ортасын жобалауды, ойын механикасын таңдауды, қиындық деңгейін реттеуді және студенттердің бетпе-бет, қашықтықтан немесе гибридті оқыту форматындағы ынтымақтастығын ұйымдастыруды қамтиды. Қазақстандық университеттер үшін бұл әсіресе модульдік-рейтингтік жүйе және білім беру процесін цифрландыру жағдайында өзекті.

Alt D. [13, 104806 б.] оқытуда цифрлық құралдарды пайдалану кезінде екі маңызды компонентті анықтады:

1. Дидактикалық конфигурация – оқу ортасын ұйымдастыру:

- LMS (Moodle, Platonus, Canvas) пайдалану;
- интерактивті панельдер және сандық зертханалар;
- тестілеуге арналған онлайн-платформалар (Testcenter, Univer, Open edX).

2. Мұғалімнің педагогикалық мақсаттарын көрсететін геймификациялық құралдарды пайдалану режимі:


- белсенділік үшін бейджді енгізу;
- оқу топтарында рейтингтік кестелерді қолдану;
- деңгейлік тапсырмаларды құру;
- командалық челленджді өткізу;
- ойын элементтерін модульдік тапсырмалар мен бақылау формаларына қосу.

Бұл тұжырымдамалар отандық оқыту орындарындағы оқытушыларының геймификацияны қолданудың қандай стратегияларын таңдайтынын түсіндіруге көмектеседі.

Мысалы, Luarn P., Chen C.C., Chiu Y.P. [14, 418 б.] «техникалық демо» моделін сипаттайды, онда мұғалім интерфейсті экранға проекциялау арқылы құралдың функционалдығын көрсетеді. Қазақстандық тәжірибеде бұл оқытушылар студенттерге LMS геймификациялық модульдерімен қалай жұмыс істеу керектігін немесе смартфондардан квизаларға қатысуды көрсететін алғашқы сабақтарда жиі кездеседі (1-ші суретте көрсетілген).

Сонымен қатар, жоғары оқу орындарында геймификацияны қолданудың өзге де модельдері белсенді түрде пайдаланылуда:

- бәсекеге қабілетті модель-студенттер leaderboard-да бәсекелесу арқылы белсенділікті арттырады;
- кооперативтік модел – студенттер топтары ұжымдық ұпай жинайды;
- жеке траектория-деңгейлік тапсырмалар (Bronze-Silver-Gold);
- ойын рефлексиясы-ойын механизмі оқу материалын түсінуге қалай көмектескенін талқылау.




1 сурет – Информатикаға арналған геймификацияланған оқыту интерфейсінің мысалы (LMS)

1-кесте – Жоғары білім беруде геймификация құралдарын пайдалану стратегиялары

№	Стратегия түрі	Қолдану мысалы
1	Геймификацияланған техникалық көрсетілім	Оқытушы Moodle Badges, Kahoot, Quizizz жұмысын көрсетеді және ұпай, деңгей және бейдж ережелерін түсіндіреді
2	Ойын ережесін түсіндіру	Оқытушы экранда рейтингтік кестені, деңгей жүйесін көрсетеді және бұл элементтердің студенттердің жетістіктерін қалай көрсететінін түсіндіреді.
3	Ойын элементтерінің оқу мақсаттарымен байланысы	Деңгей жүйесін (Bronze–Silver–Gold) көрсете отырып, оқытушы келесі деңгейге өту пәннің құзыреттілігін игерумен қалай байланысты екенін түсіндіреді.

1-кестенің жалғасы

4	Геймификацияланған пікірталас	Студенттердің стратегияларын талқылау, қателерді талдау және нәтижелерді жақсарту жолдарын табу үшін leaderboard немесе ұпай жүйесін пайдалану.
5	Бөлу және марапаттау	Оқытушы Kahoot/Quizizz-те студенттердің ең жақсы жауаптарын көрсетеді, сандық белгілерді шығарады және сәтті тәсілдерді талқылайды.
6	Студент демонстрант ретінде	Студент тапсырманың орындалуын геймификацияланған платформада көрсетеді, ал оқытушы талқылауды басқарады және шешім стратегиясын түсіндіреді.
7	Оқытушының тікелей қатысуынсыз жүргізілетін жеке жұмыс	Студенттер LMS-те деңгейлік тапсырмаларды орындайды, ал оқытушы аудитория бойынша қозғалады, кеңес береді және «құзыреттілік ұпайларын» жинауға көмектеседі.
8	Командалық ойын тапсырмалары	Студенттер командалары командалық челлендждерде (Classtime, Moodle-дегі топтық тапсырмалар) максималды нәтиже алу үшін жарысады.
9	Квесттік оқыту моделі	Студенттер бірнеше кезеңнен тұратын оқу тапсырмасын орындайды; келесі деңгейге кіру алдыңғы деңгей аяқталғаннан кейін ғана ашылады.
10	Прогреске бағытталған оқыту	Оқытушы студенттерді ынталандыру және олардың тәуелсіздігін дамыту үшін прогрестің көрнекі элементтерін (деңгейлер, жетістік жолақтары) пайдаланады.



2 сурет– Информатикаға арналған геймификацияланған тестілік жұмыс парағы

Бұл зерттеуде аспаптық генез теориясы қазақстандық жоғары оқу орындарының оқытушыларының әртүрлі пәндерде – педагогикалық және IT-курстарды қоса алғанда – оқу үдерісіне ойын элементтерін, соның ішінде LMS платформалары арқылы, қалай енгізетінін түсіндіретін аналитикалық негіз ретінде қолданылады. Әр түрлі дидактикалық конфигурациялар (жеке жұмыс, топтық іс-шаралар, тәжірибеге бағытталған тапсырмалар) және студенттердің мотивациясын арттыру үшін ойын элементтерін қолдану әдістері талданады.

Жеке платформаларды талдауға арналған зерттеулерден айырмашылығы, бұл жұмыс Қазақстанда қолданылатын геймификациялық құралдардың кең спектрін қамтиды. Атап айтқанда, сандық квиздер, LMS платформаларындағы ойын элементтері, инженерлік және медициналық білім беру бағдарламаларындағы ойынға негізделген модельдеу, сондай-ақ педагогикалық және IT-пәндерде қолданылатын ұпайлар мен жетістіктер жүйесі қарастырылады. Мұндай әртүрлі құралдар оқу үдерісінің ерекшеліктеріне бейімделіп, студенттердің оқу белсенділігін арттыруға бағытталған.

Геймификацияның білім беру үдерісіне енгізілуі кәсіби құзыреттердің, коммуникативтік дағдылардың, цифрлық құзыреттердің, оқу уәждемесінің және өзін-өзі ұйымдастыру қабілеттерінің дамуына ықпал етеді. Сонымен қатар, ойын элементтері құзыреттілікке және студентке бағытталған оқыту қағидаттарына негізделген жаңартылған білім беру стандарттары аясында кеңінен қолданыс табуда. Қазақстандық BilimLand, iTest, USTUDY секілді цифрлық білім беру ресурстары мен университеттердің ақпараттық жүйелері студенттерге оқу барысындағы жетістіктерін бақылауға, марапаттар алуға және нәтижелерін салыстыруға мүмкіндік беретін геймификация элементтерін ұсынады.

Өзін-өзі анықтау теориясы тұрғысынан алғанда, ойын элементтері студенттердің мотивациясын бірнеше бағытта күшейтеді: олар құзыреттілікті деңгейлер мен ұпайлар жүйесі арқылы қолдайды,

автономияны тапсырмалар мен оқу траекторияларын таңдау еркіндігі арқылы арттырады, ал әлеуметтік қатысуды командалық ойындар мен челлендждер арқылы қамтамасыз етеді. Ұсынылған теориялық шеңбер Қазақстан жоғары оқу орындары оқытушыларының геймификацияны қолдану стратегияларын түсіндіруге, әртүрлі ойын механикаларының студенттердің мотивациясына әсерін ашуға және геймификацияны білім беру үдерісіне біріктірудің тиімділігін кешенді түрде бағалауға мүмкіндік береді.

Іріктеу. Зерттеуге қатысушылар 2024-2025 оқу жылында Қазақстанның бес университетінен тартылды. Қорытынды іріктемеге мыналар кірді:

- 60 информатика оқытушылары,
- 150 студент.

Деректер төрт көзден жиналды:

1. Университеттердің LMS (Moodle, Platonus, Canvas) – студенттердің белсенділігі, деңгейлік тапсырмаларды орындау, квизаларға қатысу, прогресс-барлар, бейджде р.

2. Ойын құралдары (Moodle Badges, Quizizz, Kahoot) – тапсырмаларды орындау жиілігі, тапқан жетістіктер саны, рейтингтердегі позициялар.

3. Оқытушылардың сауалнамасы – геймификация элементтерін қолдану туралы сандық және сапалық мәліметтер.

4. Информатика пәні бойынша студенттердің оқу үлгерімі – модульдік сынақтардың, зертханалық жұмыстардың және қорытынды бағалардың нәтижелері.

Квази-зерттеу дизайны салыстыруды қамтыды:

- геймификация қолданылған эксперименттік топтар (N = 6),
- ойын элементтері қолданылмаған бақылау топтары (N = 5).

Мұндай дизайн нақты оқу жағдайларын сақтай отырып, себеп-салдарлық байланыстарды бағалауға жақындауға мүмкіндік берді.

Өлшеу құралдарының сапасы. Оқытушылардың сауалнамасында:

- 36 жабық сұрақ (Лайкерт шкаласы, жиілік санаттары),
- геймификацияны қолданудың артықшылықтары, қиындықтары мен шектеулері туралы 4 ашық сұрақ.

Студенттердің оқу мотивациясын өлшеу үшін 5 балдық Лайкерт шкаласына негізделген сауалнама қолданылды, мұнда 1 – «мүлдем келіспеймін», 5 – «толық келісемін» дегенді білдіреді. Мотивация келесі индикаторлар арқылы бағаланды: оқу тапсырмаларын орындауға қызығушылық, сабаққа белсенді қатысуға ұмтылыс, тапсырманы аяқтаудағы табандылық, оқу нәтижесін жақсартуға талпыныс, геймификация элементтері арқылы алынған кері байланысқа жауап беру және өз оқу прогресін бақылауға дайындық. Әр индикатор бойынша студенттердің жауаптары жинақталып, жалпы мотивация индексі есептелді. Жоғары балл студенттің оқу мотивациясының жоғары деңгейін көрсетті.

Сауалнама цифрлық педагогика саласындағы сарапшылар тарапынан тексеріліп, екі жоғары оқу орнынан 12 оқытушының қатысуымен апробациядан өтті, бұл қолданылған құралдың сенімділігін қамтамасыз етті. Студенттердің оқу үдерісіндегі белсенділігі олардың алған бейджде рінің саны, Quizizz және Kahoot платформаларындағы квиздерге қатысуы, деңгейлік тапсырмаларды орындау қарқыны, сондай-ақ оқу прогресі мен командалық тапсырмаларға қатысу көрсеткіштері арқылы бағаланды. Оқу өнімділігі модульдік тесттердің нәтижелері, зертханалық жұмыстардың орындалуы және қорытынды бағалар негізінде анықталды. Зерттеу нәтижелерінің объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында алдыңғы оқу үлгерімі, сабаққа қатысу деңгейі, студенттердің сандық құзыреттері және оқу топтарының мөлшері сияқты бақыланатын факторлар ескерілді.

Деректерді талдау. С1 талдау. Сипаттамалық статистика мұғалімдердің оқу үдерісінде геймификацияның бірқатар құралдарын жиі қолданатынын көрсетті, соның ішінде Moodle жүйесіндегі бейджде р, Quizizz және Kahoot платформалары, деңгейлік тапсырмалар, сондай-ақ LMS негізіндегі рейтингтік жарыстар. Ашық сұрақтарға берілген жауаптардың сапалы талдауы ең кең таралған стратегия ретінде экранға бағытталған ойын әрекетінің басым екенін анықтады; бұл 1-кестеде ұсынылған стратегиялармен толық сәйкес келеді.

С2 талдау. Геймификацияны қолдану мен студенттердің оқу мотивациясы арасындағы байланысты бағалау үшін корреляциялық талдау және бірнеше регрессиялық модельдер қолданылды. Талдауда тәуелсіз айнымалылар ретінде алынған бейджде р саны, квиздерді орындау белсенділігі, челлендждерге қатысу деңгейі және LMS платформаларындағы жалпы белсенділік қарастырылды. Алынған нәтижелер геймификацияның қарқындылығы мен студенттердің оқу мотивациясы деңгейі арасында статистикалық тұрғыдан маңызды оң байланыстың бар екенін көрсетті.

Статистикалық нәтижелердің практикалық маңыздылығын бағалау үшін p-мәндерімен қатар effect size көрсеткіштері және 95% сенімділік интервалдары есептелді. Регрессиялық талдауда стандартталған β коэффициенттері қолданылды, ал эксперименттік және бақылау топтарының оқу нәтижелерін салыстыру үшін Cohen’s d көрсеткіші есептелді. 95% сенімділік интервалдары алынған нәтижелердің тұрақтылығын және бағалаудың дәлдігін анықтау үшін пайдаланылды. Бұл тәсіл геймификацияның мотивация мен оқу нәтижелілігіне әсерін тек статистикалық тұрғыдан ғана емес, практикалық тұрғыдан да бағалауға мүмкіндік берді.

С3 талдау. Студенттердің оқу жетістіктерін сәйкестендіру барысында студенттердің алдыңғы оқу үлгерімі, ІСТ-құзыреттілік деңгейі, сабаққа қатысуы және демографиялық сипаттамалары ескерілді. Сәйкестендіруден кейін нәтижелердің дәлдігін арттыру үшін регрессиялық түзету жүргізілді. Орташа әсерді есептеу нәтижелері геймификацияланған топтағы студенттердің информатика пәні бойынша қорытынды оқу нәтижелері статистикалық тұрғыдан айтарлықтай жоғары екенін көрсетті.

Нәтижелер. *С1 нәтижелері: мұғалімдердің ойын құралдарын қолдану ерекшеліктері.*

60 информатика оқытушыларына жүргізілген сауалнама нәтижелерін талдау геймификация элементтерінің оқу үдерісінде кеңінен қолданылатынын көрсетті, алайда оларды пайдалану қарқындылығы университеттер мен жекелеген оқытушылар арасында айтарлықтай айырмашылыққа ие. Сауалнамаға қатысқан оқытушылардың 72%-ы геймификация элементтерін кемінде екі аптада бір рет қолданатынын, ал 58%-ы оларды апталық негізде оқу үдерісіне жүйелі түрде енгізетінін хабарлады. Ең жиі қолданылатын құралдарға сандық квиздер, LMS платформаларындағы бейджлер мен деңгейлік тапсырмалар, рейтингтік кестелер, командалық челленджлер және оқу прогресін визуализациялайтын элементтер жатады.

Оқытушылардың пікірінше, геймификация студенттердің оқу белсенділігін арттыруға, оқытуды дараландыруды жеңілдетуге, кері байланысты жеделдетуге, зертханалық жұмыстарды орындауға ынталандыруға және салауатты бәсекелестік ортаны қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, көптеген оқытушылар геймификацияны қолдану мұғалімнің аудитория ішінде еркін қозғалуына және студенттермен жеке жұмыс жүргізуіне негізделген *work-and-walk* стратегиясына көшуді жеңілдететінін атап өтті, бұл оқу үдерісінің икемділігі мен интерактивтілігін арттырады.

С2 нәтижелері: геймификацияның оқу мотивациясына әсері

150 студенттің деректерін регрессиялық талдауды қолдана отырып, геймификация көрсеткіштерінің жиынтығы оқу мотивациясының 64,3% вариациясын түсіндіретіні анықталды.

Нәтижелер 2-кестеде келтірілген.

2-кесте – Студенттердің оқу мотивациясы мен өнімділігіне әсер ететін негізгі факторлар

Айнымалы	β	SE	p-мәні	95% CI	Effect size	Түсіндіру
Бейджлер саны	0.31	0.11	0.008	[0.09; 0.53]	Орташа	Бейджлер студенттердің жетістік сезімін күшейтеді
Квизаларға қатысу жиілігі	0.28	0.13	0.012	[0.06; 0.50]	Орташа	Квиздер оқу белсенділігін арттырады
Деңгей жүйесі	0.24	0.14	0.031	[0.02; 0.46]	Шағын-орташа	Деңгейлер өзін-өзі ұйымдастыруды қолдайды
Командалық челленджлер	0.21	0.12	0.044	[0.01; 0.42]	Шағын-орташа	Челленджлер әлеуметтік мотивацияны күшейтеді
LMS кірістері	0.16	0.09	0.061	[-0.01; 0.33]	Шағын	Әсері оң, бірақ статистикалық маңыздылығы шекті деңгейде
Топ мөлшері	−0.18	0.06	0.029	[-0.34; -0.03]	Шағын	Үлкен топтар жеке қатысуды төмендетуі мүмкін
Оқытушының тәжірибесі	0.27	0.10	0.004	[0.08; 0.46]	Орташа	Тәжірибелі оқытушылар геймификацияны тиімдірек қолданады

Оқу мотивациясы бейджлер санына, квизаларға қатысуға және деңгейлік тапсырмаларды орындауға байланысты болды.

С3 нәтижелері: геймификацияның оқу өнімділігіне әсері

Білім алушылар қатысу деңгейі бойынша үш жасырын топқа бөлінді:

1-топ – төмен пайдалану

2-топ – қалыпты пайдалану

3-топ – жоғары пайдалану.

Ең жақсы модель төменде келтірілген көрсеткіштер бойынша анықталды.

3-кесте – Топтардың сәйкестік көрсеткіштері

Үлгі	Ықтималдық	Акаике ақпараттық критерийі	Байес ақпараттық критерийі	Энтропия	LMR-A p-мәні
2-топ	−8,912.44	17,896.88	18,204.51	0.861	<0.001
3-топ	−8,401.15	16,902.30	17,331.14	0.854	0.011
4-топ	−8,377.92	16,845.84	17,497.72	0.842	0.118


Таңдау: 3-топ моделі-сапаның оңтайлы үйлесімі.

4-кесте – Студенттерді сыныптарға бөлу

Топ	Студенттердің саны	Үлесі
1-төмен пайдалану	72	0.48
2-қалыпты пайдалану	63	0.42
3-жоғары пайдалану	15	0.10

5-кесте – Геймификацияны пайдаланудың жасырын топтардың сипаттамалары

Көрсеткіш	1-топ	2-топ	3-топ
LMS кірістері	3.4	9.7	21.8
Орындалған квизалар	2.1	8.3	17.5
Алынған бейджде	1.4	6.2	15.9
Деңгейлер бойынша прогресс	0.8	2.7	5.5
Челленджде қатысу	төмен	орташа	жоғары
Қорытынды үлгерім	63%	74%	89%



3 сурет – Геймификацияны пайдалану деңгейлері бойынша орташа қорытынды үлгерім

Талқылау. Алынған нәтижелер халықаралық зерттеулердің қорытындыларымен сәйкес келеді. Buckley және Doyle зерттеулерінде геймификация студенттердің оқу мотивациясын арттырудың тиімді құралы ретінде сипатталса, біздің зерттеу де бейджде, квиздер және деңгейлік тапсырмалардың мотивацияға оң әсерін растады [1]. Hamari және әріптестері геймификацияның тиімділігі оның педагогикалық мақсаттармен байланысына тәуелді екенін көрсеткен; бұл зерттеуде де оқытушының тәжірибесі мен геймификацияны жүйелі қолдануы маңызды фактор ретінде анықталды [4].

Mekler және әріптестері жеке ойын элементтерінің мотивацияға әртүрлі деңгейде әсер ететінін көрсеткен [6]. Осы зерттеуде де бейджде мен квиздер ең жоғары әсерге ие болса, LMS-ке кіру жиілігінің әсері әлсіздеу болды. Oliveira және әріптестерінің жекелендірілген геймификация жөніндегі нәтижелері де осы зерттеумен үндеседі, себебі деңгейлік тапсырмалар мен прогресс индикаторлары студенттердің белсенділігін күшейтті.

Зерттеу нәтижелері аспаптық генез теориясының негізгі қағидаларын қолдайды. Яғни, цифрлық құралдардың тиімділігі олардың өзінде емес, оқытушының оларды педагогикалық тұрғыдан сауатты және мақсатты қолдануында екені дәлелденді. Сонымен қатар, цифрлық теңсіздік, интернетке қолжетімділік және оқытушылардың цифрлық құзыреттілігі геймификацияның тиімділігіне әсер ететін маңызды факторлар ретінде анықталды.

Зерттеудің бірқатар шектеулері бар. Біріншіден, іріктеме Қазақстанның бес университетінен алынған 60 информатика оқытушысы мен 150 студентті ғана қамтыды, сондықтан алынған нәтижелерді барлық жоғары оқу орындарына толық жалпылау шектеулі болуы мүмкін. Екіншіден, зерттеу негізінен информатика пәні аясында жүргізілді, сондықтан геймификацияның басқа пәндердегі әсері қосымша зерттеуді қажет етеді. Үшіншіден, зерттеу қысқа мерзімді оқу кезеңіндегі нәтижелерге сүйенді; сондықтан геймификацияның ұзақ мерзімді мотивацияға, тұрақты оқу әдеттеріне және академиялық жетістіктерге әсері толық ашылмады. Болашақ зерттеулерде іріктемені кеңейту, әртүрлі пәндік бағыттарды қамту және ұзақ мерзімді лонгитюдтік дизайн қолдану ұсынылады.

Қорытынды. Бұл зерттеу Қазақстан университеттерінде информатиканы оқытуға геймификациялық құралдарды интеграциялау студенттердің оқу мотивациясы мен оқу нәтижелілігіне статисти-

калық тұрғыдан маңызды оң әсер ететінін растады. Атап айтқанда, бейджде, деңгейлік тапсырмалар, цифрлық квиздер және командалық челленджде сияқты ойын тетіктерін жүйелі пайдалану білім алушылардың оқу үдерісіне қатысу белсенділігін арттырып, олардың академиялық жетістіктерін жақсартуға ықпал ететіні анықталды.

Зерттеу нәтижелері геймификация белсенділігі жоғары топтарға кіретін студенттердің дәстүрлі оқыту жағдайындағы студенттермен салыстырғанда едәуір жоғары оқу өнімділігін көрсеткенін дәлелдеді. Бұл қорытындылар аспаптық генез теориясының негізгі ережелеріне сәйкес келеді, яғни цифрлық құралдар оқытушыны алмастыратын фактор ретінде емес, оларды мағыналы әрі мақсатты педагогикалық қолдану жағдайында ғана оқыту тиімділігін арттырады деген тұжырымды қолдайды.

Осы тұрғыда оқытушының рөлі ерекше маңызға ие. Оның кәсіби дайындығы, цифрлық құзыреттілігі және геймификация элементтерін қолдана отырып оқу үдерісін жобалау қабілеті ойын стратегияларын сәтті жүзеге асырудың негізгі шарттары болып табылады. Сонымен қатар, зерттеу студенттердің цифрлық дайындығын жүйелі түрде арттыру және білім беру платформаларына тең қолжетімділікті қамтамасыз ету қажеттігін көрсетті, бұл цифрлық оқытудың әділдігі мен тиімділігін қамтамасыз етудің маңызды алғышарты болып қала береді.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері геймификацияны жоғары оқу орындарында оқыту сапасын арттырудың перспективалық құралы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Оны ғылыми негізделген және педагогикалық тұрғыдан сауатты енгізу студенттердің дербестігін, цифрлық құзыреттілігін және тұрақты оқу уәждемесін дамытуға ықпал етіп, геймификациялық стратегияларды қазіргі заманғы университеттік білім берудің маңызды құрамдас бөлігі ретінде айқындайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 **Buckley P., Doyle E. Gamification and student motivation**. [Text] / P. Buckley, E. Doyle // Interactive Learning Environments. – 2016. – Vol. 24. – № 6. – 1162–1175 p. https://doi.org/10.1080/10494820.2014.964263.

2 **Alsawaier R.S. The effect of gamification on motivation and engagement.** [Text] / R.S. Alsawaier // The International Journal of Information and Learning Technology. – 2018. – Vol. 35. – № 1. – 56–79 p. https://doi.org/10.1108/IJILT-02-2017-0009.

3 **Deterding S. Gamification: designing for motivation.** [Text] / S. Deterding // Interactions. –2012. – Vol. 19. – № 4. – 14–17 p. https://doi.org/10.1145/2212877.2212883.

4 **Hamari J., Koivisto J., Sarsa H. Does gamification work? A literature review of empirical studies on gamification**. [Text] / J. Hamari, J. Koivisto, H. Sarsa // Proceedings of the 47th Hawaii International Conference on System Sciences. – 2014. – 3025–3034 p. https://doi.org/10.1109/HICSS.2014.377.

5 **Prieto-Andreu J.M., Gómez-Escalonilla-Torrijos J.D., Said-Hung E. Gamification, motivation, and performance in education: a systematic review.** [Text] / J.M. Prieto-Andreu, **J**.D. Gómez-Escalonilla-Torrijos, E. Said-Hung // Revista Electrónica Educare. – 2022. – Vol. 26. – № 1. – 251–273 p. http://dx.doi.org/10.15359/ree.26-1.14.

6 **Mekler E.D., Brühlmann F., Tuch A.N., Opwis K. Towards understanding the effects of individual gamification elements on intrinsic motivation and performance**. [Text] / E.D. Mekler, F. Brühlmann, A.N. Tuch, K. Opwis // Computers in Human Behavior. – 2017. – Vol. 71. – 525–534 p. https://doi.org/10.1016/j.chb.2015.08.048.

7 **Jaramillo-Mediavilla L., Basantes-Andrade A., Cabezas-González M., Casillas-Martín S. Impact of gamification on motivation and academic performance: a systematic review.** [Text] / L. Jaramillo-Mediavilla, A. Basantes-Andrade, M. Cabezas-González, S. Casillas-Martín // Education Sciences. – 2024. – Vol. 14. – № 6. – 639 p. https://doi.org/10.3390/educsci14060639.

8 **Xu J., Lio A., Dhaliwal H., Andrei S., Balakrishnan S., Nagani U., Samadder S. Psychological interventions of virtual gamification within academic intrinsic motivation: a systematic review.** [Text] / J. Xu, A. Lio, H. Dhaliwal, S. Andrei, S. Balakrishnan, U. Nagani, S. Samadder // Journal of Affective Disorders. – 2021, – Vol. 293. – 444–465 p. https://doi.org/10.1016/j.jad.2021.06.070.

9 **Oliveira W., Hamari J., Joaquim S., Toda A.M., Palomino P.T., Vassileva J., Isotani S. The effects of personalized gamification on students' flow experience, motivation, and enjoyment.** [Text] / W. Oliveira, J. Hamari, S. Joaquim, A.M. Toda, P.T. Palomino, J. Vassileva, S. Isotani // Smart Learning Environments. – 2022. – Vol. 9. – № 1. – 16 p. https://doi.org/10.1186/s40561-022-00194-x.

10 **García-López I.M., Acosta-Gonzaga E., Ruiz-Ledesma E.F. Investigating the impact of gamification on student motivation, engagement, and performance**. [Text] / I.M. García-López, E. Acosta-Gonzaga, E.F. Ruiz-Ledesma // Education Sciences. – 2023. – Vol. 13. – № 8 – 813 p. https://doi.org/10.3390/educsci13080813.

11 **Zourmpakis A.I., Kalogiannakis M., Papadakis S. Adaptive gamification in science education: an analysis of the impact of implementation and adapted game elements on students' motivation**. [Text] / A.I. Zourmpakis, M. Kalogiannakis, S. Papadakis // Computers. – 2023. – Vol. 12. – № 7. – 143 p. https://doi.org/10.3390/computers12070143.

12 **Coelho F., Rando B., Aparício D., Pontífice-Sousa P., Gonçalves D., Abreu A.M. The impact of educational gamification on cognition, emotions, and motivation: a randomized controlled trial.** [Text] / F. Coelho, B. Rando, D. Aparício, P. Pontífice-Sousa, D. Gonçalves, A.M. Abreu // Journal of Computers in Education. – 2025. – Vol. 12. – 1–48 p. https://doi.org/10.1007/s40692-025-00366-x.

13 **Alt D. Assessing the benefits of gamification in mathematics for student gameful experience and gaming motivation.** [Text] / D. Alt // Computers & Education. – 2023. – Vol. 200. – 104806 p. https://doi.org/10.1016/j.compedu.2023.104806.

14 **Luarn P., Chen C.C., Chiu Y.P. Enhancing intrinsic learning motivation through gamification: a self-determination theory perspective.** [Text] / P. Luarn, C.C. Chen, Y.P. Chiu // The International Journal of Information and Learning Technology. – 2023. – Vol. 40. – № 5. – 413–424 p. https://doi.org/10.1108/IJILT-07-2022-0145.

REFERENCES:

1 **Buckley P., Doyle E. Gamification and student motivation.** *Interactive Learning Environments*, 2016, vol. 24, no. 6, pp. 1162–1175. https://doi.org/10.1080/10494820.2014.964263.

2 **Alsawaier R.S. The effect of gamification on motivation and engagement**. *The International Journal of Information and Learning Technology*, 2018, vol. 35, no. 1, pp. 56–79. https://doi.org/10.1108/IJILT-02-2017-0009.

3 **Deterding S. Gamification: designing for motivation.** *Interactions*, 2012, vol. 19, no. 4, pp. 14–17. https://doi.org/10.1145/2212877.2212883.

4 **Hamari J., Koivisto J., Sarsa H. Does gamification work? A literature review of empirical studies on gamification.** *Proceedings of the 47th Hawaii International Conference on System Sciences*, 2014, pp. 3025–3034. https://doi.org/10.1109/HICSS.2014.377.

5 **Prieto-Andreu J.M., Gómez-Escalonilla-Torrijos J.D., Said-Hung E. Gamification, motivation, and performance in education: a systematic review**. *Revista Electrónica Educare*, 2022, vol. 26, no. 1, pp. 251–273. http://dx.doi.org/10.15359/ree.26-1.14.

6 **Mekler E.D., Brühlmann F., Tuch A.N., Opwis K. Towards understanding the effects of individual gamification elements on intrinsic motivation and performance**. *Computers in Human Behavior*, 2017, vol. 71, pp. 525–534. https://doi.org/10.1016/j.chb.2015.08.048.

7 **Jaramillo-Mediavilla L., Basantes-Andrade A., Cabezas-González M., Casillas-Martín S. Impact of gamification on motivation and academic performance: a systematic review**. *Education Sciences*, 2024, vol. 14, no. 6, art. 639. https://doi.org/10.3390/educsci14060639.

8 **Xu J., Lio A., Dhaliwal H., Andrei S., Balakrishnan S., Nagani U., Samadder S. Psychological interventions of virtual gamification within academic intrinsic motivation: a systematic review.** *Journal of Affective Disorders*, 2021, vol. 293, pp. 444–465. https://doi.org/10.1016/j.jad.2021.06.070.

9 **Oliveira W., Hamari J., Joaquim S., Toda A.M., Palomino P.T., Vassileva J., Isotani S. The effects of personalized gamification on students' flow experience, motivation, and enjoyment**. *Smart Learning Environments*, 2022, vol. 9, no. 1, art. 16. https://doi.org/10.1186/s40561-022-00194-x.

10 **García-López I.M., Acosta-Gonzaga E., Ruiz-Ledesma E.F. Investigating the impact of gamification on student motivation, engagement, and performance**. *Education Sciences*, 2023, vol. 13, no. 8, art. 813. https://doi.org/10.3390/educsci13080813.

11 **Zourmpakis A.I., Kalogiannakis M., Papadakis S. Adaptive gamification in science education: an analysis of the impact of implementation and adapted game elements on students' motivation.** *Computers*, 2023, vol. 12, no. 7, art. 143. https://doi.org/10.3390/computers12070143.

12 **Coelho F., Rando B., Aparício D., Pontífice-Sousa P., Gonçalves D., Abreu A.M. The impact of educational gamification on cognition, emotions, and motivation: a randomized controlled trial.** *Journal of Computers in Education*, 2025, vol. 12, pp. 1–48. https://doi.org/10.1007/s40692-025-00366-x.

13 **Alt D. Assessing the benefits of gamification in mathematics for student gameful experience and gaming motivation**. *Computers & Education*, 2023, vol. 200, art. 104806. https://doi.org/10.1016/ j.compedu.2023.104806.

14 **Luarn P., Chen C.C., Chiu Y.P. Enhancing intrinsic learning motivation through gamification: a self-determination theory perspective.** *The International Journal of Information and Learning Technology*, 2023, vol. 40, no. 5, pp. 413–424. https://doi.org/10.1108/IJILT-07-2022-0145.

Авторлар туралы мәліметтер:

Давлетова Айнаш Халиуллиновна – педагогика ғылымдарының кандидаты, Информатика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ, А. Пушкин көш, 11, тел.: +77013175684, e-mail: *ainash_5@mail.ru.*

Мырзанова Алия Калдыбаевна – PhD докторант, Информатика кафедрасы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ, А. Пушкин көш, 11, тел.: +77014141046, e-mail*: *myrzanova_ak@enu.kz.*

Давлетова Айнаш Халиуллиновна – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры информатики, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Республика Казахстан, 00001, г. Астана, ул. А. Пушкина 11, тел.: +77013175684, e-mail: *ainash_5@mail.ru.*

Мырзанова Алия Калдыбаевна – PhD докторант, кафедра информатики, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Республика Казахстан, 00001, г. Астана, ул. А. Пушкина 11, тел.: +77014141046, e-mail*: *myrzanova_ak@enu.kz.*

Davletova Ainash Khaliullinovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of computer science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Republic of Kazakhstan, 00001, Astana, 11 A. Pushkin Str., tel.: +77013175684, e-mail: *ainash_5@mail.ru.*

Myrzanova Aliya Kaldybayevna – PhD student, Department of computer science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Republic of Kazakhstan, Astana, 00001, 11 A. Pushkin Str., tel.: +77014141046, e-mail*: *myrzanova_ak@enu.kz.*

ХҒТАР17.07.41
ӘОЖ 821.14’02
https://doi.org/10.52269/SKVC2622106

ГРЕК МИФОЛОГИЯСЫНДАҒЫ САКРАЛДЫ КЕҢІСТІК НЫСАНДАРЫНЫҢ ОБРАЗЫН ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Жунисова Д.Н. – тіл білімі магистрі, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., Қазақстан Республикасы.*

Юсуп А.Н. – PhD докторы, Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Юсуп П.К. – PhD докторы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Балгабаева Г.З. – тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан тарих кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

Адамзат өркениетіндегі көркемдік ойлаудың түрлі кезеңдерінде сырлы әлемнің құпиясына үңілу, оның қоғамға беймәлім тұстарын тану күрделі әрі қызықты мәселе болып келген. Бұл тұста әсіресе көркем мәтіндегі мистикамен киелілік, яғни сакральділіктің тылсымын тану барша ойшылдар мен ғалымдардың зерттеу нысанына айналды. Осыдан келіп бұл бағыттағы зерттеулердің өзектілігі түрлі халықтармен әр дәуірдің ғылымында бірте-бірте арта берді. Бұл мақалада грек мифологиясы мен әдебиетіндегі киелі кеңістіктегі нысандар образының көркемдік-бейнелі көрінісіне талдау жасау мақсаты қойылды. Жаратылыстың құпиялары мен табиғат тылсымдары туралы әр замандағы ғылыми, діни, тіпті белгілі бір ұлтқа ғана тән көзқарастарға сараптау жүргізу осы мақсатқа тән көзделеді. Мақаланы жазу барысында салыстырмалы, интерпретациялық талдау әдістері қолданылған. Негізінен грек мифологиясында киелі жерлер образы көне халықтың тарихи даму үдерісінен, ұлттық таным түсінігінен мол хабар беретін архетиптік бейне ретінде маңызды рөл атқарады. Өйткені халық жадында әлі күнге дейін қасиетті мекендер мен нысандарға деген қызығушылық бәсеңдеген жоқ. Сол себепті киелі нысандарға құлшылық етіп, әулиелі жерлерге тәуетіп, түнеу дәстүрі бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді. Мақалада оқу процесінде грек мифологиясындағы сакралды кеңістік бейнелерін зерттеудің педагогикалық мүмкіндіктері қарастырылады. Негізгі мифологиялық локустар (Олимп, жер асты әлемі, қасиетті тоғайлар мен храмдар) оқушылардың тарихи ойлау қабілетін, құндылықтық бағдарларын және мәдениеттік компетенттілігін қалыптастыру құралдары ретінде талданады. Арнайы назар осы тақырыпты оқытудың әдістемелік тәсілдеріне аударылады, соның ішінде пән аралық байланыстарды қолдану, көрнекі деректермен жұмыс және проблемалық оқыту әдістері. Мақалада мифологиялық бейнелердің оқушылардың танымдық белсенділігін дамытудағы жоғары дидактикалық әлеуеті туралы қорытынды жасалады.

Түйінді сөздер: *Грек мифологиясы, сакралды кеңістік, көркем образ, мифопоэтика, кеңістік символикасы.*

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ИЗУЧЕНИЯ ОБРАЗОВ САКРАЛЬНОГО ПРОСТРАНСТВА В ГРЕЧЕСКОЙ МИФОЛОГИИ

Жунисова Д.Н. – магистр лингвистики, Кокшетауский Университет имени Ш.Уалиханова, г. Кокшетау, Республика Казахстан.*

Юсуп А.Н. – доктор PhD, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Республика Казахстан.

Юсуп П.К. – доктор PhD, Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы, Республика Казахстан.

Балгабаева Г.З. – кандидат исторических наук, ассоциированный профессор кафедры истории Казахстана, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

На различных этапах художественного мышления в цивилизации человечества исследование тайны волшебного мира и познание его неизвестных сторон для общества всегда было сложной и интересной задачей. В этом контексте особенно внимание привлекают мистика и святость в художественном тексте, то есть понимание сакрального, что стало объектом исследования для многих мыслителей и ученых. Из этого вытекает, что актуальность исследований в этом направлении постепенно возрастала в науке различных народов и эпох. В данной статье ставится цель провести анализ художественно-образного представления образов священных пространств в греческой мифологии и литературе. Исследование взглядов на тайны природы и загадки бытия, характерных для разных эпох, научных и религиозных, а также присущих определенным народам, также является частью этой цели. При написании статьи использовались методы сравнительного и интерпретационного анализа. В основном образ священных мест в греческой мифологии играет важную роль как архетипический образ, который дает богатую информацию о процессе исторического развития древнего народа и его национальном восприятии. Потому что в народной памяти интерес к священным местам и объектам до сих пор не угас. Поэтому традиция поклонения священным объектам и молитвы в святых местах продолжается и по сей день. В статье рассматриваются педагогические возможности изучения образов сакрального пространства в греческой мифологии в образовательном процессе. Анализируются ключевые мифологические локусы (Олимп, подземный мир, священные рощи и храмы) как средства формирования исторического мышления, ценностных ориентаций и культурной компетентности обучающихся. Особое внимание уделяется методическим подходам к преподаванию данной темы, включая использование междисциплинарных связей, визуальных источников и проблемно-ориентированного обучения. Делается вывод о высоком дидактическом потенциале мифологических образов в развитии познавательной активности учащихся.

Ключевые слова: *Греческая мифология, сакральное пространство, художественный образ, мифопоэтика, символика пространства.*

PEDAGOGICAL ASPECTS OF STUDYING THE IMAGES OF SACRED SPACE IN GREEK MYTHOLOGY

Zhunissova D.N. – Master of Linguistics, Sh.Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Republic of Kazakhstan.*

Yussup A.N. – PhD, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan.

Yussup P.K. – PhD, Kazakh National Women`s Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan.

Balgabayeva G.Z. – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Department of history, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.

At various stages of artistic thinking in the development of human civilization, the exploration of the mystery of the magical world and the understanding of its unknown aspects have always been both a complex and compelling task for society. In this context, particular attention is drawn to mysticism and sanctity in literary texts, that is, to the comprehension of the sacred, which has become an object of study for many thinkers and scholars. Consequently, the relevance of research in this field has gradually increased across the sciences of different nations and historical periods. The aim of this article is to analyze the artistic and figurative representation of sacred spaces in Greek mythology and literature. The study of perspectives on the mysteries of nature and the enigmas of existence – characteristic of different epochs, scientific and religious traditions, as well as specific cultures – is also an integral part of this objective. The research employs methods of comparative and interpretative analysis. In Greek mythology, the image of sacred places plays an important role as an archetypal construct that provides valuable insights into the historical development of ancient peoples and their national worldview. This is due to the fact that interest in sacred places and objects has remained alive in collective memory to the present day. Therefore, the tradition of venerating sacred objects and offering prayers at holy sites continues even today. The article also examines the pedagogical potential of studying images of sacred space in Greek mythology within the educational process. Key mythological loci (Olympus, the underworld, sacred groves, and temples) are analyzed as tools for developing historical thinking, value orientations, and cultural competence among learners. Special attention is given to methodological approaches to teaching this topic, including the use of interdisciplinary connections, visual sources, and problem-based learning. The study concludes that mythological imagery possesses a high didactic potential for enhancing students' cognitive engagement.

Keywords: *Greek mythology, sacred space, artistic image, mythopoetic, spatial symbolism.*

Кіріспе. Қазіргі білім беру саласындағы модернизация жағдайында білім алушылардың бойында адамзаттың мәдени-тарихи даму барысы туралы тұтас түсінік қалыптастырудың тиімді құралдарын іздеу ерекше мәнге ие болып отыр. Осы контексте грек мифологиясы тек ежелгі мұраның маңызды бөлігі ретінде ғана емес, сонымен қатар ықпалды педагогикалық ресурс ретінде де қарастырылады.

Ежелгі Грек мифологиясындағы сакралды кеңістік (Олимп, Аид, қасиетті тоғайлар, храмдар) ежелгі гректердің дүниетанымдық көзқарастарының, олардың құндылықтары мен мінез-құлық үлгілерінің жүйесін көрсетеді. Оны зерттеу оқушылардың тарих пен мәдениет бойынша білімін тереңдетуге ғана емес, сонымен қатар аналитикалық ойлау қабілетін, интерпретациялық дағдыларын және мәдени мұраға деген құндылықтық қатынасын дамытуға мүмкіндік береді.

Тамыры тереңде жатқан грек мифологиясы әлем мәдениетінде көптеген культтер мен символдарды, ой-түсініктерді қалыптастырды. Соның бірі – грек мифологиясындағы сакральды кеңістікке қатысты қалыптасқан ұғым-түсініктер. Ежелгі гректердің дүниетанымында сакральды кеңістік адамзат үшін қасиетті мекен болып есептелген. Олар мұндай аймақты «теменос» деп атаған. Ерекше қасиетке ие мекендер туралы дереккөздер Гомер заманынан келе жатыр. Көбінесе олар осындай киелі, адам баласы тәу ететін жерлерге ғибадатханаларды жатқызған. Сол ғибадатханалардың ортасында ағаштар орналасқан британика. Осыған сәйкес біз өз мақаламызда көркем әдебиетте киелі кеңістіктің моделі болып саналатын киелі тау мен әлем ағашы туралы қалыптасқан көркем образдар жайлы сөз қозғаймыз.

Берілген тақырып бойынша ғылыми мақаланың **мақсаты мен міндеттері:**

Мақсаты: Грек мифологиясындағы сакралды кеңістік нысандарының (қасиетті орындар, храмдар, мифологиялық мекендер) образдарын педагогикалық тұрғыдан талдау және оларды білім беру үдерісінде тиімді оқытудың әдіс-тәсілдерін негіздеу.

Міндеттері:

- Грек мифологиясындағы сакралды кеңістік ұғымының мазмұнын және оның мәдени-тарихи мәнін анықтау;
- Грек мифологиясының әлем әдебиеті мен мәдениетіне тигізген әсерін айқындау;
- Сакралды кеңістік нысандарының негізгі түрлерін (Олимп тауы, храмдар, қасиетті тоғайлар және т.б.) жүйелеу және сипаттау;
- Бұл образдардың тәрбиелік және танымдық әлеуетін айқындау;
- Оқушыларға грек мифологиясын оқытуда сакралды кеңістік образдарын қолданудың педагогикалық ерекшеліктерін талдау;
- Білім беру үдерісінде тиімді әдістер мен технологияларды (интерактивті әдістер, жобалық жұмыс, визуализация және т.б.) ұсыну;
- Сакралды кеңістік нысандары арқылы оқушылардың мәдени құзыреттілігін, сыни ойлауын және дүниетанымын дамыту жолдарын көрсету.

Материалдар мен әдістер. Бүгінгі ЖОО әдебиетті оқыту әдістемесі студенттердің шығармашылық ойлауын, оқу қабілеттерін шыңдауға, сонымен қатар олардың зерттеушілік дағдыларын белсенді дамытуға бағытталған. Соған сай оқыту үдерісі репродуктивті оқытудан интерактивті әдістерге (мәдениеттер диалогі, кейс-стади) ауысу, цифрлық технологияларды пайдалану және әдеби фактілерді жай ғана ассимиляциялау емес, әдеби мәтіндерді тәуелсіз түсіндіруге назар аударуды көздейді. Біз зерттеу нысаны ретінде алған грек мифологиясындағы сакралды кеңістік образдары «6В01701-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 4 курсында «Әлем әдебиеті және оны оқыту» пәнінің аясында қарастырылады. Студенттерге грек мифологиясындағы киелі кеңістік нысандарының (Олимп тауы, минотавр лабиринті, киелі ағаштар, Аид патшалығы, т.б.) бейнесін оқыту – білім алушылардың дүниетанымын кеңейтуде, мәдениетаралық диалогқа қатысы өз пікірлерін білдіруде және де әлем әдебиеті мен мәдениетіндегі киелілік ұғымына қатысты көзқарастарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Соған сай грек мифологиясындағы сакралды кеңістік құрылымды жүйе болып табылады және оған мыналар кіреді: Олимп – құдайлар әлемі ретінде және ең жоғарғы биліктің символы ретінде, Аид – өлілер дүниесі, о дүниеге деген көзқарасты бейнелейді,қасиетті тоғайлар мен храмдар – адамның Құдаймен қарым-қатынас жасайтын орындары.Осы элементтердің әрқайсысы белгілі бір мағыналық жүктемеге ие болып, білім алушылардың дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастыру көзі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Сакралды кеңістікті зерттеудің айтарлықтай дидактикалық әлеуеті бар: мифологиялық деректерді талдау арқылы тарихи ойлауды дамытуға ықпал етеді, білім алушыларға символика мен бейнелерді түсінуге мүмкіндік бере отырып, мәдениетттік компетенттілікті қалыптастырады, мифологиялық және ғылыми дүниетанымдарды салыстыру арқылы сыни ойлауды дамытады, мәдени мұраға деген құрметті тәрбиелеуге ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл тақырып философия, тарих, әдебиет, өнертану және мәдениеттану тәрізді әртүрлі пәндерден алынған білімді интеграциялауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің әдіснамалық негізін төмендегілер құрайды:

- мәдениеттанулық тәсіл, мифологияны мәдени құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді;
- іс-әрекеттік тәсіл, білім алушыларды танымдық үдерісіне белсенді тартуға бағытталған;
- құзыреттілік тәсіл, негізгі білім беру құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған.

Жұмыста ғылыми әдебиеттерді талдау әдістері, салыстырмалы-тарихи әдіс, SWOT талдау, цифрлық платформалар, БЛУМ таксономиясы бойынша ұсынылған тапсырмалар жүйесі, сондай-ақ оқу үдерісін педагогикалық модельдеудің элементтері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау. Қазіргі студент болашақ педагог маман ретінде әр курста өзі оқыған пәндер бойынша меңгерілген білім мазмұнын болашақта кәсіби қызметінде немесе күнделікті өмірде қолдана алатындай дәрежеде болуы керек. Соған сай әдебиет синкретті өнер түрінде жататындықтан, бұл пәнді меңгертуде пәнаралық интеграция басты рөл атқарады. Зерттеу жұмыстары 2025-2026 оқу жылының 1-семестрінде Абай атындағы ҚазҰПУ мен ҚазҰҚПУ базасында жүргізілді. Экспериментке «6В01701-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 4 курс студенттері тартылды. Әр университеттен 25 студент (бір топ) қатыстырылды. Барлығы 50 студент. Эксперименттік топтарға әр сабақта үнемі тақырып аясында грек мифологиясына қатысты тың қызықты мәліметтер мен ақпараттар ұсынылды. Осы ақпараттарды талдау және интерпретация жасауда пікірталастар ұйымдастырылып, студенттердің сыни тұрғыдан ойлау, оқу сауаттылығын дамыту және оқырмандық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүргізілді.

Эксперимент негізінен үш кезеңнен тұрды. Зерттеудің бастапқы кезеңінде біз алдымен оң нәтижеге қол жеткізу, әрі студенттердің грек мифологиясына қатысты білім деңгейін, әрі зерттеу мәселесіне қатысты күшті, әлсіз жақтарды анықтау үшін бірінші семинар сабағында студенттерге SWOT талдау жасаттық. Бүгінде SWOT талдау пәнді оқыту барысында ой шақыру, студенттердің жеке сыни тұрғыдан ойлауын дамытуда, нақты шешім қабылдауда қолданылып жүр. Зерттеуімізде мәселені шешуде SWOT талдауды жүргізудегі мақсатымыз – зерттеу нысанына қатысты алынған тақырыптың студенттердің әдеби білім мазмұнын меңгеруге деген оқу мотивациясын оятудағы рөлін, сонымен бірге жастар арасындағы сакралды кеңістікке деген қызығушылықтың әлсіз және күшті жақтарын, мүмкіндіктері мен қатерлерін анықтау. Себебі, «SWOT талдау бүгінгі таңда білім беру жүйесіндегі кез келген зерттеудің алдында жүргізілетін, мәселенің күшті, әлсіз жақтары мен мүмкіндіктері және қатерлерін анықтауға көмектесетін талдау түрі» [1, 289 б.]. SWOT талдау төрт қадамға негізделіп жасалды. Алдымен тақырып бойынша грек мифологиясындағы сакралды кеңістікке қатысты студенттер меңгерген, білетін ақпараттар жинақталды. Екінші кезекте жиналған ақпараттар SWOT талдаудың жіктеліміне сәйкес төрт бөлікке бөлінді. Үшінші қадамда студенттер өзіндік ой-пікірлерін білдіріп, көзқарастарымен бөлісті. Төртінші қадамда талданған ақпараттардың негізінде қорытынды шығарылды. Студенттерден алынған SWOT талдаудың нәтижесі төмендегі сызбада көрсетілді. Олар грек мифологиясының әлем әдебиеті мен мәдениетіне, сол секілді өнеріне тигізген ықпалы мол екенін, дегенмен, заманауи интерпретацияда өзгеріске ұшырайтынын, бастапқы мән-мағынасын жоғалту қаупі бар екенін айтты. Сонымен бірге кез келген мәселеге қатысты жасалынатын SWOT талдауда мына нәрселерге баса назар аударылуы керектігін атап өтті: біріншіден, жасалынатын талдау шынайы, екіншіден, нақты, үшіншіден, қысқа және қарапайым болуы керек. Төртіншіден, білім алушылар шамадан тыс көп немесе аз ақпараттарды қосудан аулақ болғаны дұрыс. Соған сай, бесіншіден, ақпараттарға тереңірек талдаудың да қажеті жоқ. Себебі, мұндай талдау мәселеге қатысты қалыптасқан анықтаманың мән-мазмұнын түгелдей бұрмалап жіберуі мүмкін. Керісінше жасалған SWOT талдау зерттеу тақырыбына қатысты басты құндылықтарды анықтауға, мақсатты жүзеге асыруға, бағыт-бағдар беруге көмектесуі қажет.



1 Сызба – Студенттердің грек мифологиясына қатысты SWOT талдауы

Нәтижесінде SWOT талдаудың негізінде студенттер бұл мәселені саралау арқылы -зерттеу жүргізуде талдау әдісін меңгеріп, мәселенің әлсіз жақтарын тауып, мүмкін болатын қатерлерді болжап, оны қалай анықтауға болатынын түсінді. Бұл әдісті қолдану нәтижесінде студенттердің өздеріне қажетті ақпаратты сабақ барысында зерделеуі арқылы олардың диагностикалық талдау жасай алатындықтарын көрсетті.

Әлем әдебиетінен өткізілген эксперимент сабақтары мәдени диалог (грек және қазақ халқының мифологиялық дәстүрі мен мифтік дүниетанымын салыстыру, екі халықтың мифологиясындағы киелі тау мен қасиетті ағаш бейнесіне талдау жасау), метапәндік (әдебиетттің тарих, философия, этнография, бейнелеу және кино өнерімен байланысын қарастыру) және тұлғаға бағдарланған ұстанымдар (сабақ барысында студенттердің жеке ерекшеліктері мен қабілеттеріне, білім-білік-дағдыларына бағытталған оқыту әдістерін қолдану) негізінде өткізілді. Соған сай қалыптастырушы кезеңде өткізілген сабақ негізгі бес кезеңнен тұрды. Олар: білімді өзектендіру (зерттеу нысанына сай проблемалық жағдаятты ұсыну), анализ және интерпретация (мәдениеттер диалогі арқылы киелі кеңістікке қатысты мәтіндерді талдау), шығармашылық рефлексия (сабақ барысында студенттердің сыни тұрғыдан ойлау және шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында әдеби мәтін талдауда интербелсенді әдіс-тәсілдер мен цифрлық платформалардың пайдалануы), тарихи контексте интеграциялық талдау (әдебиет+философия+тарих+этнография+өнер түрлері), мифтік мәтіндерді талдау арқылы грек және қазақ халқына тән әмбебап рухани-адамгершілік құндылықтарды анықтау. Зерттеуде грек мифологиясындағы киелі кеңістікке қатысты өткізілген екі дәрістің өтілу барысы мен талдамасы берілді.

1-дәріс сабағының базалық құрылымы. Дәріс тақырыбы: Грек мифологиясының тарихы. Олимп кезеңінің алғашқы мифтері. **Дәрістің мақсаты:** Грек мифологиясының тарихы жайлы ақпарат беру, алғашқы мифтердің құрылымы мен сакралды кеңістік образдарының көркемдігі мен мәніне (Олимп тауы мысалы негізінде) талдау жасату.

I. Сабақтың басы. Ұйымдастыру кезеңі (мотивациялық-мақсаттық, 7 минут). Мақсаты:

Дәрісханада ынтымақтастық атмосферасын орнату, талдайтын мәселені ұсыну.

Жұмыс істеу форматы: youtube Н.А.Куннің «Ежелгі Грекия аңыздары мен мифтері» кітабының мазмұны бойынша ұсынылған «Олимп. Зевстің патшалығы» бейнежазбасын көрсету, студенттердің алған әсерін талдау, көрсетілім бойынша сұрақтар қою.

II. Меңгерілетін білімді белсендіру кезеңі (10 минут). Мақсаты: Жаңа тақырыптың тарихи-мәдени байланысын сипаттау. *Жұмыс істеу форматы:* бейнежазба желісі мен оқытушының кіріспе әңгімесі бойынша ой қозғау сұрақтарын қою (Грек мифологиясының әлем әдебиетіне тигізген әсері? Грек мифологиясын қазір қалай қабылдаймыз? Грек мифологиясында киелі нысандар қалай суреттелген?).

Оқытушының кіріспе әңгімесі (келесі кезекті өз тарапымыздан грек мифологиясындағы киелі нысандарға қатысты сюжеттермен таныстырдық. Мұндай қадамға барғанымыз дәрісте тақырып жайлы кеңейтілген ақпарат беру арқылы студенттердің теориялық мәселені қалай меңгергендерін және оны практикалық тұрғыдан қалай талдайтындарына білу мақсатында жасалды).


Олимп тауы – әдебиет пен тарихта көп бейнеленген ең танымал таулардың бірі. Ол ежелгі грек мифологиясы арқылы бүкіл әлемге танылды. Грек мифологиясында Олимп тауы үлкен ғаламат күшке ие, Зевс бастаған 12 Құдай мекендеген орын ретінде суреттеледі. Діни сенімдерге сәйкес XX ғасырға дейін оның басына адамзат баласы мүлдем шықпаған. Адамдар қасиетті тауды от-жалын шарпып жатқан биіктікте орналасқан және де оны қорғайтын мифтік күзетшілері бар деп түсінген. Ежелгі грек мифологиясын зерттеген Н.Кун киелі тауды былай деп суреттейді: «...Олимп тауы бүкіл жерге үстемдік етуі тиіс. Олимптің биігінде көгілдір, түбі жоқ аспан кеңінен жайылып жатыр, одан алтын сәуле төгіледі. Зевс патшалығында жаңбыр да, қар да болмайды; онда мәңгі жарық та шаттыққа толы жаз орнаған. Ал төменде бұлттар үйіріліп, кейде алыс жерді жауып қалады. Жер бетінде көктем мен жазды күз бен қыс алмастырады, қуаныш пен көңілділікті қайғы мен мұң басады. Рас, құдайлар да кейде мұңаяды, бірақ ол тез өтіп кетеді де, Олимпте қайтадан қуаныш орнайды» [2]. Берілген үзіндіден байқағанымыздай, Олимп тауы күн нұры төгілген, уайым-қайғысы жоқ, тек Құдайлар ғана мекендейтін жұмақ мекен. Таудың басынан Зевс адамдарға өзінің сыйын үлестіріп, жердегі тәртіпті бақылап отырады. Адамдардың бақыты мен тағдыры, өмірі мен өлімі, жақсылығы мен жамандығы барлығы соның қолында. Егер бір адам жердегі орнатылған тәртіпті бұзса, Зевс құдай ашуланады. Сол кезде күн күркіреп, найзағай жарқылдап, алып Олимп тауы шайқалады. Ақын О.Шарко бұл жөнінде былай деп жырлайды:

...Олимпте ең ғажабы – мәңгілік жаз,
Жыл бойы Олимп бағы гүлге толы, жеміске бай...
Онда ешқашан жаңбыр да, қар да болмайды,
Зевс патшалығында әрдайым жылы әрі нұрлы.... [3].

Гомердің «Илиадасынан да» мынадай мысал келтіруімізге болады: « – Қымбатты бауырым, – деп айқайлады ол, – мені құтқар және аттарыңды бер, олар мені құдайлар мекендейтін Олимпқа жеткізсін. Мен Тидейдің ұлы, өлімді адамнан қатты жараландым, ол енді Юпитердің өз әкесімен де шайқасуға дайын. Ол аттарын жегіп, олар алға ұмтылды да, бір сәтте-ақ құдайлар мекендейтін биік Олимпқа жетті» [3]. Құдыретті күш иелері түгіл қарапайым халық та тауды қорған беруші күш ретінде санаған.Киелі жерлер ерекше, қасиетті мәртебеге ие. Бұл адамдар мекен ететін күнделікті жерлерге

қарағанда, ерекше және қасиетті күштермен байланыс жасауға арналған кеңістікті нысан. Діни санадағы киелі жер дегеніміз жоғарғы сенім құндылықтарын білдіреді. Сол себепті тау адамдардың бойында қорқыныш, табыну сезімін оятады. Олардың мифологиялық түсінігінде тау – ерекше сый мен құрмет көрсетуді талап ететін рухтар мен құдайлардың жердегі қонысы, магиялық күштердің шоғырланған жері. Мұны өз зерттеуінде PhD Nancy Conner де атап өтеді: Ол жердегі кез келгенінен де биік. Бұл әңгімелерде Олимп тауы бірнеше шыңнан тұрады, олардың әрқайсысы жеке бір құдайдың мекені болып саналады, ал ең биік шыңда Зевс тұрады. Кейбір басқа мифтер Олимп тауын жер бетінде емес, аспанның бір бөлігі ретінде сипаттайды. Нақты орналасқан жеріне қарамастан, Олимп тауы керемет мекен болған, құдайларға әбден лайық орын еді. Бұлттардың ар жағында Гефест салған бірнеше сәнді сарайлар мен залдар орналасқан, сол жерде олимпиадалық құдайлар өмір сүріп, думанды кештер өткізген. Көбінесе Олимптағы өмір жеңіл әрі тыныш болған. Құдайлар мен құдайшалар еш алаңсыз уақыт өткізіп, амброзия жеп, нектар ішіп, музыка тыңдап, әсем билерді тамашалаған. Олимп тауы жер бетінде болатын найзағай, қарлы боран, қатты жел, жер сілкінісі, бұршақ және торнадо сияқты табиғи апаттардан тыс қалған. Мұндағы атмосфера ләззат пен тыныштыққа толы еді, сондықтан оның тұрғындары да бейбіт өмір сүрді (әрине, көп жағдайда). Гректер мен римдіктер мифтік аңыз-әңгімелерге ерекше мән берген. Олар үшін миф дүниені танудың құралы болған.

III. Аналитикалық кезең (20 минут). Мақсаты: Олимп тауы туралы миф мәтініне талдату, мифтің идеясы мен көркемдік ерекшелігін бағалау. *Жұмыс істеу форматы:* эвристикалық әңгіме, мини-диспут, COOGLE IT цифрлық платформасын қолдану арқылы менталды карта жасату (топтық жұмыс). Т.Бьюзен ойлап тапқан менталды карта әдісі – қазіргі оқыту үдерісінде жиі қолданылып жүрген, танымал әдістердің бірі. Ол белгілі бір ақпаратты не мәтінді талдау, идеяны ұсыну, мәселені шешу және өзіндік тұжырым жасауда қолданылады. Менталды карталар күрделі деген тақырыптарды есте сақтауда, оны түсіндіруде және берілген мәтінді не ақпаратты визуалды құрылымдауда үлкен рөл атқарады. Сол себепті оның көмегімен студенттерді пән мазмұнына сәйкес білімді игертуге, соған сай оқу дағдысының негізінде пәндік құзыреттілікті қалыптастыруға және де белсенді іс-әрекеттегі әр қадамын жоспарлатуға болады. Сол себепті біз тақырыпқа қатысты бейнекөрсетілім мен кеңейтілген ақпарат берілгеннен кейін студенттердің мәтінді қалай игергендерін білу мақсатында COOGLE IT цифрлық платформасын қолдану арқылы менталды карта құрастыруларын сұрадық. Төменде студенттердің жаңа тақырыпқа қатысты түсіндірулерден кейінгі жасаған менталды карталары берілді.



2 сызба – Студенттердің COOGLE IT цифрлық платформасында жасаған менталды картасы

IY. Қорытынды және рефлексия (10 минут). Мақсаты: Меңгерілген білімді синтездеу және жекелей бағалау. *Жұмыс істеу форматы:* «ПОПС» формуласының негізінде тақырып бойынша қорытынды жасау.

Y. Үй тапсырмасы (СӨЖ жұмысы, 3 минут). Дәрісте меңгерілген білімді бекіту және студенттердің шығармашылық әлеуетін көтеру мақсатында «Олимп – сұлулық, құдыреттілік және билік мекені» тақырыбында әдеби эссе жазу.

2-дәріс сабағының базалық құрылымы. Дәріс тақырыбы: Көне грек дастандарындағы қасиетті ағаш бейнесі. **Дәрістің мақсаты:** «Илиада», «Одиссея» дастандары мен аргонавтар туралы мифтегі қасиетті ағаштар туралы мағлұмат беру, қасиетті ағаш образының көркемдігі мен мәніне талдау жасату.

I. Сабақтың басы. Ұйымдастыру кезеңі (мотивациялық-мақсаттық, 7 минут). Мақсаты: Дәрісханада ынтымақтастық атмосферасын орнату, талдайтын мәселені ұсыну.

Жұмыс істеу форматы: Джеймс Джордж Фрезердің «Золотая ветвь. Исследование магии и религии» еңбегіндегі Грек мәдениеті мен мифологиясындағы қасиетті ағаштарға қатысты дайындалған перзентациямен таныстыру, студенттерге сұрақтар қою.

II. Меңгерілетін білімді белсендіру кезеңі (10 минут). Мақсаты: Жаңа тақырыптың тарихи-мәдени байланысын сипаттау. *Жұмыс істеу форматы:* зерттеушінің еңбегі мен оқытушының кіріспе әңгімесі бойынша берілген ақпараттарды талдату, қазақ мәдениеті мен мифологиясындағы қасиетті ағаштармен салыстыруларын сұрау.

Оқытушының кіріспе әңгімесі (Зерттеу барысында студенттерге екінші дәрісте алдыңғы тақырыппен байланыстырып, әлемдік ағаш туралы да кеңейтілген ақпарат берілді, ал семинарда соған сай интербелсенді әдістерді қолдану арқылы талдау жұмыстары жүргізілді).

Әлемдік тау мен әлем ағашы өзінің болмыс-бітімі, символдық жағынан бір-біріне жақын, егіз ұғымдар. Өйткені екеуі вертикальды модель. *Аспан-жер-жер астын* жалғастыратын символдық мәнге ие көркем бейнелер. Жалпы әлем ағашы, киелі ағаш туралы ой-пікірлер кез келген ұлтта да кездеседі. Әлем ағашы – бұл аспан, жер, жер асты секілді үш дүниені жалғастырып тұрған алтын көпір.

Грек мифологиясында әлем ағашы – көпқырлы құбылыс. Соған сәйкес ежелгі гректер бірнеше ағаштарды қасиет тұтып табынған. Мұның өзі олардың мифологиясында ағаш культін туғызған. Тіпті әр құдайдың өз ағашы болған. Осыған орай өсімдік әлемі грек мифологиясында әлемнің бір бөлшегі ретінде үлкен символдық мәнге ие болған. (Мысал). Ежелгі Грециядағы әлем ағашы образының даму эволюциясын зерттеген О.А.Кифишина оның кез келген өнер саласында (мүсін өнері, архитектура, сурет өнері, мәдениетте, т.с.с.) кеңінен қолданыла бастағанын айтады. Автор өз еңбегінде былай деп атап көрсетеді: «Қасиетті ағаш бейнесі б.з.д. VIII ғасырдан бастап Грекияның сәулет өнері мен бейнелеу өнеріне кеңінен енді. Осылайша «ағаш» жаңадан қалыптасып келе жатқан грек ордерінің құрылымдық жүйесіне белсенді түрде енгізіліп, бағанаға айналды. Сонымен қатар, ағаш бағаналар тас бағаналарға қарағанда әлдеқайда маңызды болып, ең қадірлі ғибадатханаларда (Афинадағы Гера ғибадатханасы) солармен алмастырылды. Осы ретте грек ғибадатханасы өз орналасуымен ғарыштың екі негізгі деңгейін білдірді: ол не төменгі, «төменде орналасқан» (Афинадағы Акрополь баурайындағы қасиетті орындар), не болмаса, әсіресе Грекияның гүлдену дәуіріне тән, «жоғарғы» деңгейде (Акрополь шыңындағы Парфенон) орналасты»[5].

Ежелгі гректер ағаштың символдық мәніне, күш-қуатына қатты сенген. Сол себепті олардың мәдениетінде ағашқа табыну, пір тұту культі қалыптасқан. Сондай киелі мәнге ие ағаштардың бірі – емен ағашы. Гректерде бұл ағаш ұлы құдай Зевстің атымен тығыз байланысты. Емен ағашы өзінің болмыс-бітімі жағынан күштілікті, шыдамдылықты, мықтылықты, ұзақ өмірді білдіреді. Гректердің дәл осы ағашты Зевс секілді ұлы құдайға телуі тектен-текке болмаса керек. Бұл туралы гректерде мынадай түсінік қалыптасқан: «Грек мифологиясында емен ағашы – құдайлардың патшасы Зевстің қасиетті ағашы болып саналады. Зевстің қасиетті емені ең көне эллиндік оракул – Додонаның негізгі нышаны болған. Бұл орын алғашында Жер-анаға (Гайяға), ол жерде Диона деп аталған құдайға арналған. Ал Зевс пен қасиетті еменге табыну кейінірек, б.з.д. XIX–XIV ғасырлар аралығында пайда болған. Маңыздылығы жағынан Дельфы оракулынан кейінгі екінші орында тұрған Додона Грекияның солтүстік-батысындағы Эпир аймағында орналасқан. Ежелгі грек тарихшысы Геродоттың айтуынша, оның тарихы б.з.д. екінші мыңжылдыққа дейін барады. Қасиетті еменге оның түбінде жерде ұйықтайтын абыздар күтім жасаған. Олар адам тілінде сөйлей алмаса да, оракулдан кеңес алу үшін алыс жол жүріп келген адамдарға жауап беру үшін абыздар мен абыз әйелдер желден немесе бұтақтар арасында ұшқан көгершіндерден пайда болған жапырақ сыбдырын түсіндіріп отырған»[6].Біздің пікірімізше, ежелгі гректердің еменді Зевс құдайдың киелі ағашы ретінде дәріптеуі жай ғана кездейсоқ нәрсе болмаса керек. Бұл көзқарасты өз зерттеуінде James E.O растайды._«Критте және Эгей теңізі өңірінде Зевс үштік құдай ретінде түсіндірілген: аспан құдайы, су құдайы және жер құдайы. Ол қасиетті еменде мекендеп, өзін Зевстің бейнесі деп саналатын қасиетті патшаға қызмет етеді деп сенген. Осындай сенімдер мен дәстүрлердің негізінде ормандағы ағаштарда, суда және жердің өзінде бар құдайлық өмірді мойындау жатыр. Бұл – бір ғана өмірлік мәннің барлық жерде, әрбір нәрседе бірдей көрініс табуы деген түсінік. Орманнан шөлге өткенде, жансыз кеңістіктің ұлан-ғайыр көрінісіндегі тіршіліктің кез келген белгісі адамдардың назарын аударып, өмір құпиясын айқындай түскен»[7]. Әрине, бүкіл әлемге әмірін жүргізетін Зевс секілді құдайдың киелі ағашы да емен секілді мықты, күшті болуы қажет шығар. Осы ағаштың мифологиядағы сакральды бейнесі арқылы Зевстің алапат күшке ие болғандығын білеміз. «Қасиетті және мифологиялық мағынасынан бөлек, емен ежелгі заманда көлеңке көзі ретінде де, сондай-ақ берік ағаш материалы ретінде де жоғары бағаланған. Оның мықты сүрегі құрылыс пен ағаш өңдеу ісінде кеңінен қолданылған. Емен ағашы кемелер, арбалар мен көпірлер салуда, сондай-ақ бағаналар, құралдар, жиһаздар және мүсіндер жасауда пайдаланылған. Бұл бұйымдардың барлығы да берік ағаштың арқасында сапалы әрі төзімді болған. Емен ағашын жаққанда жоғары сапалы көмір алынған, сондай-ақ одан алынған күл шарапқа хош иіс беру үшін қолданылған»[8]. Біздің ойымызша, емен ағашының осындай санқырлы функциясының өзі оның басты қасиетін білдіруі мүмкін. Оның мәні ең алдымен ағаштың күш-қуатына қатысты айтылса керек. Себебі гректер ежелден еменді жерде алғаш пайда болған ағаш ретінде құрмет тұтқан, тәу еткен. Тіпті оның жапырақтарының сылдыры арқылы Құдай өзінің талап-тілегін, үкімін жеткізіп отыр деп түсінген. Оны тек көріпкелдер

ғана түсінген. Өздерінің болжаулары арқылы Құдай үкімін халыққа жеткізген. Аспан мен жер арасындағы дәнекер рөлін атқаратын емен адамдарға өмірлік энергия береді, пәле-жаладан, қауіп-қатерден қорғайды. Еменнің қорғаныс қызметін атқаратын функциясы жайлы деректі біз Ясон мен аргонавтарға қатысты мифтен де табамыз. Мифте Ясон жорығының дайындығын былай деп суреттеледі:

Құдай-аналар көмектесуге қуана келді – олар аспан арқылы жылдам ұшты,
Әрқайсысы өз жолын таңдады. Теспий қабырғаларына біреуі түсті,
Ал Аргқа, өзі сүйікті жерге, Тритонийлік дева дүрсілдей жетті.
Сол жерде ол мықты кемені тұрғызуды бұйырды,
Емендерді кесіп, Аргпен бірге Пелион орман қойнауына кірді [9, 95 б].

Мифте Афина құдайдың өзі аргонавтарға көмектеседі. Тіпті Ясонның жорығына арнайы Теспийде тұратын Арг шеберге Пелион тауында өсетін емен ағашынан кеме жасатады. Мұның өзі құдайлардың аргонавтарды қолдағанын білдіреді. Емен ағашының арнайы сый ретінде аргонавтарды пәле-жаладан қорғау үшін берілгендігі миф сюжетінің бірнеше жерінде қайталанады:

Ясонның түсіне кеменің қорғаушысы – дева кірді.
Ол басшыға былай деп сөз айтты:
«Міне, сен Додонаның қасиетті еменін көріп тұрсың,
Және хаондық Зевс абызын. Мен сенімен бірге теңізге шығамын.
Егер маған аспан уәде етілмегенде, Сатурния мені
Болжам орманынан тартып ала алмаушы еді.
Уақыт келді, енді кідірме! Біз теңізде жүзіп бара жатқанда,
Маған және Олимп құдайларына сен.
Егер ауа-райы апат әкелсе, қорқынышты жең!»
Осылай деді де. Түс көрінісі жағымды болса да, қорқып,
Эсонид төсектен секіріп тұрып, барлық минийліктерді жинайды [9, 45 б].

Бұл жерде мифтегі түс элементін адам санасындағы мәдени модель ретінде оған беймәлім, бағынбайтын сакральды кеңістікпен түйісу элементі ретінде қарастырған жөн. Соған сәйкес мифтегі түстің мынадай функцияларын атап өтуімізге болады:

1) болашақты болжау функциясы. Мифте аргонавтар арман-мақсаттарына жетеді.

2) сакральдылық функциясы. Мифте Ясонның кемесінің діңгегі (мачтасы) қасиетті емен ағашынан жасалынған. Ол біріншіден, тек аргонавтарды қорғаушы ғана емес, сонымен бірге оларға бағыт-бағдар беруші. Екіншіден, оның мұндай қызмет атқаруы Құдайлар әлемімен байланыстың болуы арқасында жүзеге асады.

3) мәдени-ұлттық код ретінде. Бұл жерде ертеден қалыптасқан көне мәдениеттің, ұлттық дүниетанымның негізінен көрініс беріледі.

Көркем әдебиеттегі түс көру феномені әмбебаптық қасиетке ие. Бұл барлық мәдениеттерге тән қасиет. Э.Р.Доддс атап көрсеткендей, «...Көптеген қарапайым мәдениеттерде армандардың құрылымы бар, олар әлеуметтік түрде берілетін сенім үлгісіне байланысты болады және бұл сенім қолдауын жоғалтқанда армандар да көрінуді тоқтатады. Тек бір немесе басқа символды таңдау ғана емес, сонымен бірге арманың табиғаты да қатал дәстүрлі стереотипке бағынады деп көрінеді. Ашық айқын, мұндай армандар мифпен тығыз байланысты» [10, 155 б]. Ал ежелгі әдебиетте түс әдетте аян беру, болашақты болжау ретінде қолданылады. Бұдан біз аргонавтар жайлы мифте емен ағашының ғаламат күшін суреттеу үшін түс элементінің енгізілуі арқылы адамдарға Құдайлар әлемінің мінсіз екендігін көрсеткісі келген деп білеміз. Мифтегі емен ағашының аргонавтар өмірін қорғаудағы функциясы адам өмірін ұзартудың бір жолы ретінде бейнеленеді. Біздің пікірімізше, емен ағашының символдық мәнін, киелілік функциясын былай таратуға болады: біріншіден, емен күштілік пен биліктің бейнесі; екіншіден, еменнің Зевс құдаймен байланысты айтылуы адамдар мен құдай арасындағы рухани байланысты, үйлесімділікті білдіреді, үшіншіден, ол адамзат баласын бәле-жаладан, қауіп-қатерден қорғайды; төртіншіден гректердің үлкен ағашты кие тұтуы тектілікті, ұрпақ жалғастығын білдіреді. Тамырын жайған емен ағашы адамзат әулетінің өсіп-өніп, көбейіп, мәңгі жасайтынын білдіреді.

III. Аналитикалық кезең (20 минут). Мақсаты: «Илиада», «Одиссея» дастандары мен аргонавтар туралы мифтегі, Джеймс Джордж Фрезердің зерттеуіндегі қасиетті ағаштар (емен, тұт, кипарис, алма, т.б.) бейнесін талдату. *Жұмыс істеу форматы:* БЛУМ таксономиясының негізінде ұсынылған тапсырмалар, «Эйлер шеңбері», «Fishbone» әдісі, кластер, әдеби эссе. Осындай ақпарат берілгеннен кейін студенттерге тақырыпты бекіту мақсатында БЛУМ таксономиясының негізінде тапсырмалар жүйесі ұсынылды. Е.Әбдімомынов атап көрсеткендей, «Таксономия – белгілі бір критерийлер мен принциптер бойынша объектіні жүйелеу, топтау немесе жіктеу дегенді білдіреді. БЛУМ таксономиясының алты кезеңі ең төменгі дейңгейден ең жоғары деңгейге ауысатын алты кезеңді қамтиды және болашақта балаларды оқытуда пайдалану үшін нұсқаулық береді» [11, 197 б.].

Сабақта мұндай тапсырмаларды орындату арқылы студенттердің сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттырып, тақырыпты тез әрі жылдам меңгеруге көмектеседі. Оқыту әдістемесіндегі бұл таксономия білім алушылардың деңгейін өлшеу құралы ғана емес, сонымен бірге әр қадамды жоспарлау мен орындаудағы алғышарт болып табылады және де мұндай тапсырмаларды ұсыну арқылы бірнеше әдіс-тәсілдерді нәтижелі пайдалануға болады.

1 кесте – БЛУМ таксономиясы бойынша ұсынылған тапсырмалар

БЛУМ деңгейі	Таным мен ойлау-дың деңгейі	Тапсырма-ның мақсаты мен мазмұны	Ұсынылған тапсырмалар	Нәтижесі
Білу	төмен	Грек мифологиясындағы сакралді кеңістік жайлы қандай ақпараттың қызық болғанын анықтау.	1-тапсырма. Грек мифологиясындағы сакралді кеңістік түрлерін атаңыз. **Бағалау критерийі:** - грек мифологиясындағы сакралді кеңістік түрлерін дұрыс және толық анықтайды; 2-тапсырма. Сакралді кеңістік жайлы пікір келтірген ғалымдардың пікірлерін келтіріңіз. **Бағалау критерийі:** - сакралді кеңістік туралы ғалымдардың ғылыми көзқарастарын дұрыс айтады және өзара салыстырады.	**Дескриптор (**1-тапсырма**):** - сакралді кеңістік ұғымын түсінеді; - кемінде 3- 5 сакралді кеңістік түрін атайды (мысалы: храм, қасиетті тоғай, тау, үңгір, құрбандық орны); - мысалдарды грек мифологиясымен байланыстырады; **Дескриптор (**2-тапсырма**):** - 2-3 ғалымның пікірін атайды (мысалы: М.Элиаде, К.Юнг, Э.Дюркгейм); - сакралді кеңістік туралы айтқан ғалымдардың пікірін түсіндіреді. Нәтижесінде студенттер грек мифологиясындағы сакралді кеңістік нысандарын атайды.
Түсіну	төмен	Киелі ағаш пен киелі тау бейнесін салыстыру.	1-тапсырма. Олимп тауының мифологиядағы рөлін түсіндіріңіз. **Бағалау критерийі:** - Олимп тауының грек мифологиясындағы сакралді және символдық рөлі мен мәнін түсіндіреді. 2-тапсырма. Гомердің «Илиадасы» мен грек мифтеріндегі Олимп тауы мен емен, кипарис, т.б. киелі ағаштардың бейнесін салыстырыңыз. **Бағалау критерийі:** - мифологиялық мәтіндер мен поэтикалық шығармадағы сакралді кеңістік пен киелі ағаш бейнелерін салыстырады.	**Дескриптор (**1-тапсырма**):** - Олимп тауын құдайлар мекен ететін сакралді (қасиетті) кеңістік екенін түсіндіреді; - Олимптің басты құдайлар пантеонымен байланысын көрсетеді (Зевс, Гера, Афина т.б.); - Олимптің мифологиялық және символдық мәнін ашады. **Дескриптор (**2-тапсырма**):** - екі дереккөздегі сакралді кеңістіктің ортақ және айырмашылық белгілерін көрсетеді; - Олимп пен киелі ағаштардың құдайлармен байланысын салыстырады. Нәтижесінде студенттер грек мифологиясының әлем әдебиетіне тигізген ықпалын түсінеді, өзгелерге өз ойын жеткізеді.
Қолдану	орта	Ұсынылған тапсырманың шартына сай меңгерілген білімді қолдану.	1-тапсырма. Белгілі бір мәтіннен киелі кеңістік образын тауып, сипаттама беріңіз. **Бағалау критерийі:** - грек мифтерінен киелі кеңістік образын анықтап, оның мифологиялық мәнін сипаттайды. 2-тапсырма. Мифологиядағы киелі ағаш немесе киелі тау функциясын сызба не кесте түрінде ұсыныңыз. **Бағалау критерийі:** - киелі ағаш немесе киелі таудың мифологиялық функцияларын визуалды (сызба/кесте) түрінде жүйелейді.	**Дескриптор (**1-тапсырма**):** - мәтіннен киелі кеңістікке қатысты образды дұрыс табады; - оның түрін анықтайды (тау, ағаш, храм, үңгір т.б.); - киелі кеңістіктің мифологиялық немесе символдық мәнін сипаттайды. **Дескриптор (**2-тапсырма**):** - киелі ағаш немесе киелі таудың кемінде 3-5 функциясын (діни, символдық, мифологиялық, қорғаныс) анықтайды; - ақпаратты кесте немесе сызба түрінде ұсынады. Нәтижесінде студенттер зерттеу нысанына сай ұсынылған мәселе бойынша меңгерілген білімді іс-тәжірибеде қолданады.

1-кестенің жалғасы

Талдау	жоғары	Грек мифологиясында киелі тау немесе киелі ағаш бейнесіне талдау және интерпретация жасау.	1-тапсырма. «Эйлер шеңберін» пайдаланып, грек мифологиясындағы киелі тау мен киелі ағаш образына тән ұқсастық мен айырмашылығына талдау жасаңыз. **Бағалау критерийі:** - киелі тау мен киелі ағаш образдарының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын дұрыс анықтап, жүйелейді. 2-тапсырма. «Fishbone» әдісін пайдаланып, сакралді кеңістік образдарының адамдар үшін неліктен маңызды екеніне талдау жасаңыз. **Бағалау критерийі:** - сакралді кеңістік образдарының маңыздылығын себеп-салдарлық тұрғыда талдайды.	**Дескриптор (**1-тапсырма**):** - киелі тау мен киелі ағаш ұғымдарын дұрыс ажыратады; -киелі тау мен киелі ағаштың кемінде 2-3 ұқсастығын көрсетеді; - әр образдың кемінде 2-3 айырмашылығын анықтайды. **Дескриптор (**2-тапсырма**):** - негізгі мәселені дұрыс анықтайды (сакралді кеңістіктің маңызы); - 3-5 негізгі себепті көрсетеді; - әр себепті нақты мысалдармен толықтырады; - себептерді логикалық түрде жіктейді (діни, мәдени, әлеуметтік, символдық т.б.); - сызбаны дұрыс құрастырады. Нәтижесінде студенттер грек мифологиясындағы сакралді кеңістік образдарын талдау арқылы мифтік мәтінге интерпретация жасайды.
Жинақтау	жоғары	Зерттеу мәселесі бойынша меңгерілген білімді жинақтау.	1-тапсырма. Сакралді кеңістік образына қатысты жаңа миф ойлап шығарыңыз немесе Олимп тауы туралы әңгіме жазыңыз немесе постер әзірлеңіз. **Бағалау критерийі:** - сакралді кеңістік образын шығармашылық түрде бейнелейді және оның мифологиялық мәнін дұрыс ашады. 2-тапсырма. Меңгерілген білімді жинақтап, грек мифологиясындағы сакралді кеңістік образдары бойынша тест тапсырмаларын даярлаңыз. **Бағалау критерийі:** - грек мифологиясындағы сакралді кеңістік түрлерін дұрыс анықтап, олар бойынша тест тапсырмаларын құрастырады.	**Дескриптор (**1-тапсырма**):** - сакралді кеңістік ұғымын дұрыс қолданады; - шығармашылық жұмыс түрін таңдайды (миф / әңгіме / постер); - киелі кеңістік образын дұрыс сипаттайды; - мифологиялық элементтерді (құдайлар, символдар, аңыздық оқиғалар) енгізеді. **Дескриптор (**2-тапсырма**):** - 20 тест сұрағын құрастырады; - сұрақтар мазмұны оқу мақсатына сәйкес келеді; - дұрыс жауаптарды көрсетеді. Нәтижесінде студенттер зерттеуге қатысты меңгерілген білімді пайдаланып, жаңа өнім ұсынады.
Бағалау	жоғары	Грек мифологиясындағы сакралі кеңістік образдарына баға беру.	1-тапсырма. «Грек мифологиясы – өркениеттің бастауы» деген тақырыпта грек мифологиясының әлем әдебиетіне ықпалының аса маңызды екенін дәлелдеп эссе жазыңыз. **Бағалау критерийі:** - грек мифологиясының әлем әдебиетіне ықпалын дәлелді аргументтер арқылы талдап, логикалық құрылымы бар эссе жазады.	**Дескриптор (**1-тапсырма**):** - грек мифологиясының әлем әдебиетіне ықпалын нақты дәлелдермен көрсетеді; - нақты мысалдар келтіреді; - әдеби шығармалармен байланысын түсіндіреді; - сауатты жазады.

1-кестенің жалғасы

of the educational process digitalization and examines key contemporary approaches to this problem. The definitions related to the direction digitalization and interpretations of this concept in both domestic and foreign scientific circles are classified. The author considers digitalization as one of the main factors of adaptation and educational systems transformation in accordance with global standards, emphasizing that identifying effective directions of digital transformation plays a crucial role in improving the higher education system. Analyzing innovative models, the author explores the substantive, methodological, and social aspects of implementing digital technologies in the educational process. It is confirmed that the successful implementation of digitalization in education depends not only on technical infrastructure but also on scientifically grounded strategies, pedagogical approaches, systemic support of educational policy. In this context, digital programs implemented in Kazakhstan are examined, emphasizing the importance of adopting best international practices while taking national characteristics into account. Based on a comparative analysis of international and national experience, patterns, specific features, and key directions of the digitalization of the domestic education system are identified.

Keywords: *digitalization, higher education, digital university, education policy, social changes, knowledge management*

Кіріспе. Зерттеу тақырыбының өзектілігі *біріншіден*, өміршең идеяларды талдау, жаңа әдістер мен тәсілдерді ұлттық ерекшелікке сай бейімдеу қажеттілігінен туындайды. Қазіргі қоғам дамуының негізгі тетігі – адам капиталы. Жаһандану үрдісі мен технологиялық революциялық өзгерістер жағдайында адами ресурстардың сапасын арттыруда білім беру жүйесінің орны ерекше. Осы тұрғыдан алғанда, жоғары білім беру кеңістігін цифрландыру тек техникалық үрдіс емес, елдің интеллектуалдық әлеуетін арттыруға бағытталған стратегиялық қадам болып табылады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев IV Ұлттық құрылтайда айтқан тұжырымдамасында адам капиталын дамыту мен цифрлық технологиялардың өзара байланысына ерекше назар аударып: «Цифрландыру және жасанды интеллектіні қолдану ісінде еліміз зор жетістікке жете алады. Адамға салынған инвестиция – мемлекеттің ең сенімді әрі дұрыс салымы» [1], – деп атап өтті. Мемлекет басшысының мазмұнды сөзі білім беру жүйесін цифрландырудың стратегиялық маңызын айқындайды. Білім беру жүйесін цифрландыру – адами капиталды дамытудың негізгі тетігі әрі ұлттың инновациялық арнада дамуын қамтамасыз ететін басты факторлардың бірі.

Екіншіден, білім беру жүйесінің цифрлық өзгерісі мүмкіндіктермен қатар сын-тегеуріндер легін тудырады. Жаңа технологиялар мен цифрлық тұжырымдамаларды қолдану үдерісі олардың тиімділігі мен нәтижелілігін қамтамасыз ететін терең педагогикалық идеялар мен тәсілдерге негізделуі тиіс. Тек осындай жағдайда ғана цифрландыру өз әлеуетін толық ашып, терең құрылымдық өзгерістер барысында қауіп-қатерлерді жоққа шығара алады. Барлық инновациялық озық ойларды енгізу үрдісі ұзақ мерзімді сипатқа ие болуы қажет, өйткені тек ұзақ мерзімге арналған стратегия оқытудың тиімділігін қамтамасыз ете алады.

Автор цифрландыру жағдайындағы білім беру кеңістігін *зерттеу нысаны* ретінде, ал білім беру үдерісін цифрландырудың жаңа тәсілдері мен тұжырымдамаларының теориялық қағидаттарын *зерттеу пәні* ретінде қарастырады.

Зерттеудің мақсаты – халықаралық және ұлттық тәжірибелерге салыстырмалы талдау жүргізу және отандық білім беру жүйесін цифрландырудың ерекшеліктерін, негізгі бағыттарын зерделеу.

Мақалада білім беру кеңістігін цифрландыру ұғымының мазмұнын ғылыми тұрғыдан талдау, жаңа әдіснаманы тәжірибемен ұштастыру, теориялар мен көзқарастарды жүйелеу, білім беру кеңістігін цифрландыру бойынша мемлекеттік саясатты зерделеу **міндеттері** қойылған.

Мақаланың теориялық және тәжірибелік негізінде шет ел және отандық ғалымдардың қоғамдық цифрландыру бойынша іргелі зерттеулері жатыр. Зерттеудің әдіснамалық негізі өзара байланыс идеясына бағытталған Джордж Сименстің коннективизм деп аталатын әдіснама шеңберінде цифрлық технологиялар адам, ақпарат және қоғам арасындағы өзара іс-әрекеттер мен байланыстарды қамтамасыз етеді деген тұжырымдарымен айқындалады. Ол өзінің «Коннективизм: цифрлық дәуір үшін оқытудың теориясы» атты ғылыми мақаласында [2], XXI ғасырдың талаптарына сай келетін оқыту теориясын ұсынады және аталмыш қағида негізінде, оқыту үрдістері, әлеуметтік құрылымдар мен технологиялық жүйелердің өзара ұштасуы негізінде білім берудің мазмұнын қамтиды. Джордж Сименс пікірінше, оқыту – арнайы әдістер мен ақпарат көздерін өзара байланыстыру үрдісі және ол жасанды құрылғылардың көмегімен де жүзеге асырылады. Коннективизмнің іргелі бастауы – жеке тұлға болып табылады. Жеке білім адамның ұйымдармен өзара әрекеттесетін желілік байланыстары арқылы қалыптасады. Өз кезегінде, ұйымдар мен институттардың өздері де осы желімен ықпалдасып, тұлғаға жаңа білім ресурстарын ұсынады. Білімнің жеке тұлғадан желіге, желіден ұйымға бағытталған үйлесімдік тізбегі білім алушылар мен оқытушылар үшін заманауи өзгерістерден үнемі хабардар болуға мүмкіндік береді және желілік байланыстары негізінде үздіксіз білім алуды және кәсіби дамуды қамтамасыз етеді. Аталмыш теория қазіргі таңда жаппай ашық онлайн курстарды әзірлеу мен білім беру үрдісінде қолданудың маңызды факторына айналып келеді.

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің негізгі әдісі ретінде ғылыми әдебиеттерге жүйелі талдау әдісі ұсынылады. Автор қолданыстағы ғылыми еңбектерді зерделеу арқылы зерттеу тақырыбына

қатысты жетекші идеялар мен тұжырымдамалардың даму үрдістерін айқындайды, сонымен қатар ғылыми көзқарастар мен әдіснамалық ұстанымдарға шолу жасайды. Сонымен қатар, ғылыми әдебиеттерге жүйелі талдау жүргізу негізінде салыстырмалы талдау әдісі қолданылды. Пәнаралық тәсіл сипатында мәселеге қатысты саяси, философиялық, әлеуметтану және педагогикалық бағыттардағы еңбектер іріктеліп, олардың мазмұны мен нәтижелері, түрлі елдер мен аймақтардағы цифрландыру үрдісі деңгейлері салыстырмалы түрде қарастырылады. Аталған әдістер зерттеудің теориялық негізін жан-жақты қарастыруға, мәселенің өзектілігі мен ғылыми жаңалығын анықтауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер мен талқылау. Мақаланың тақырыбына сәйкес білім беру кеңістігін цифрландыру мәселесін айқындауда ең алдымен, жаһандық деңгейдегі цифрлық өзгеріс аясындағы, білім берудің саяси, әлеуметтік, мәдени қырларын анықтау маңызды. Ең алдымен білім беру кеңістігін цифрландыру мәселесі бұл жер бетін түгел қамтыған өзгерістер дәуірі және саясат. Жалпы, теоиялар мен тұжырымдар – бұл шынайы қоғам өмірінің күрделілігін талдауға мүмкіндік беретін, мәселенің қырларын айқындайтын талдаулар болып табылады. Олар құбылыстардың мәнін ашуда жаңа тәсілдер қалыптастырады және әрқайсысы саяси – әлеуметтік ой-пікір жүйелері негізінде қалыптасқан, өзіндік тарихы және алғышарттары дәйектелген дүниетаным. Цифрландыру үрдісі де белгілі бір идеологиялық бағдарды қамтиды және оларды біз төмендегі кестеде көрсетілген кезеңділік шеңберінде қарастырамыз.

1-кесте – Жаһандық цифрлық өзгерістің теориялық негіздері

Теориялық тұжырымдамалар	Негізгі идеясы мен мазмұны	Білім беру кеңістігіне ықпалы
Ақпараттық қоғам теориясы	Қоғам дамуының жаңа кезеңі – ақпарат пен білім негізгі ресурсқа айналған дәуір.	Білім беру үрдісінің ақпараттық ресурстарды өндіру мен тұтынудың басты институтына айналуы.
Білім экономикасы	Экономикалық өсімнің басты факторы –білім мен инновация	Цифрландыру білім мен еңбек нарығын ұштастырып, адами капиталдың сапасын арттырады.
Цифрлық қоғам теориясы	Қоғамның барлық саласы цифрлық технологиялар мен желілік өзара әрекетке негізделген.	Білім беру цифрлық платформалар арқылы желілік және ашық сипат алады.
Төртінші индустриялық революция теориясы	Кибер жүйелер, жасанды интеллект адам өмірінің барлық саласын өзгертеді.	Дербестендірілген білім, бейімделген оқыту жүйелері дамиды.
Тұрақты даму және цифрландыру	Цифрландыру адам капиталын, инклюзияны және экологиялық жауапкершілікті қолдауы тиіс.	Білім цифрлық, экологиялық және әлеуметтік тұрғыда теңгерімді болуы керек.

Ақпараттық қоғам теориясы негізінде зерттеушілер Д. Беллдің «Постиндустриалды қоғамның туындауы» [3] еңбегінде, материалдық ресурстардың орнын болашақта білім мен ақпараттың алмастыратындығы айқындалады және білімді қоғамның, білім қызметкерлерінің рөлі мен мазмұны дәйектеледі. М. Маклюэннің «Медиа түсінігі: адам танымының артуы» [4] еңбегінде медиа кеңістіктің қоғам құрылымын революциялық тұрғыда өзгеріске түсіретіндігі айқындалады және әрбір технологиялық алға қарыштауды адамның мәдени танымын кеңейтетін құбылыс ретінде қарастырады. Маклюэн, коммуникациялар қоғамдық пікірді толық өзгертеді деген тұжырымымен белгілі және қазіргі таңда біз бұл идеялардың жүзеге асырылып отырғандығын аңғарамыз.

Білім экономикасы теориясы – білімге негізделген қоғамның қалыптасуын дәйектейді. XX ғасырдың екінші жартысында экономикалық және әлеуметтік дамудың жаңа бағытын айқындаған американдық экономист Питер Друкер қазіргі заманғы білім қоғамы ұғымының негізін қалаушылардың бірі болып табылады. Оның көзқарасы бойынша XXI ғасырдың басты ерекшелігі – қоғам дамуының негізгі ресурсы енді материалдық капитал емес, білім мен ақпарат болып табылады. П. Друкердің [5] «Посткапиталистік қоғам» еңбегінде, ғалым білімді экономикалық өсудің шешуші факторы ретінде қарастырып, оның әлеуметтік құрылымды қалыптастырушы рөлін дәлелдейді. Яғни, білім – тек таным мен ақпарат легі емес, ол жаңа қоғам мен экономиканы қалыптастыратын прогрессивті күш, деп таниды.

Қазіргі заманда білім беру үдерісі тек әлеуметтік институт ретінде ғана емес, сонымен қатар интеллектуалдық капиталды өндірудің, білім мен әлеуметтік тәжірибені жинақтау, тарату және қайта жаңғырту жүйесінің күрделі әлеуметтік-мәдени феномені ретінде қарастырылады. Бұл жүйе қоғамның инновациялық әлеуетін айқындайтын негізгі факторға айналып отыр. Э. Тоффлердің «Үшінші толқын қоғамы» тұжырымдамасына сәйкес, қазіргі кезең білім алудың формалары мен әдістерінің көптүрлілігімен сипатталады. Дегенмен, қандай формада білім берілсе де, оның нәтижесі – яғни диплом мен біліктілік деңгейі – халықаралық сапа мен жаһандық білім беру стандарттарына сай болуы тиіс. Э. Тоффлердің «Үшінші толқын» [6] атты еңбегінде адамзаттың даму сатысында аграрлық, индустриал-

дық, ақпараттық толқындарды ерекшелейді және ақпараттық қоғамды үшінші толқынға жатқызады. Ғалымның пайымы бойынша, осы үшінші толқын даму сатысында адамзат үшін қажетті дүниелер: білім мен технологияларды меңгеру және құзыреттерді дамыту цифрлық ортаға адамның бейімделуінің маңызды шарты болып табылады.

Шын мәнісінде, қазіргі уақытта үздіксіз білім алу қағидаты кәсіби және тұлғалық дамудың негізгі бағытына айналып, қоғамның мәдени дәстүріне еніп келеді. Бұл үрдіс әрбір адамның жеке даму жолын дараландыруды көздейді: болашақта әрбір тұлға бірнеше сала бойынша бірегей және интеграцияланған құзыреттер жиынтығына ие болмақ. Сәйкесінше, заманауи қоғамда басты құндылық енді білімнің өзі емес, білімді табу, меңгеру және оны тиімді қолдана білу қабілеті болып отыр. Бұл – цифрлық дәуірдің негізгі императиві, яғни білімнің динамикалық табиғатына бейімделудің басты шарты. Сондықтан, қоғамның жаңа білімге деген сұранысы университет мәдениетінің дәстүрлі тұжырымдамасын қайта қарастыруды талап етеді. Университет енді тек білім таратушы институт қана емес, жаһандану үдерісінің белсенді агенті, әлеуметтік инновациялар мен мәдени интеграцияның қозғаушы күші ретінде көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда, жаһандану – университет мәдениетінің тарихи әрі онтологиялық сипаты, ол қазіргі заманғы жаһандану құбылысынан әлдеқайда терең және әмбебап құбылыс ретінде қарастырылуға тиіс.

Цифрлық қоғам теориясы – заманауи өркениеттің әлеуметтік-философиялық және технологиялық даму парадигмасын айқындайтын іргелі тұжырым. Теория XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың бастауында ақпараттық және коммуникациялық технологиялырадың қарқынды дамуының заңды нәтижесі түрінде қалыптасты. Оның басты өзегі – адам өмірінің барлық саласы цифрлық технологиялар мен желілік өзара байланыстар негізінде ұштасқан. Мұнда, цифрландыру тек техникалық модернизациялық үрдіс қана емес, ол қоғамның құрылымдық, мәдени және танымдық жүйесін түбегейлі өзгертетін жаңа әлеуметтік шынайылықтың қалыптасуын меңзейді. Мұндай қоғамда ақпарат және білім негізгі стратегиялық ресурсқа айналып, адам мен қоғамның өзара әрекеті цифрлық кеңістікте жүзеге асырылады. Осы тұжырымның көрнекті өкілі М.Кастельстің «Ақпараттық дәуір: экономика, қоғам және мәдениет» [7] еңбегіндегі басты мазмұны цифрлық коммуникацияларға негізделген желілік қоғам құруға арналған. Ақпараттық технологиялар арқылы жаһандық деңгейде, экономика, саясат, мәдениет салаларына үлкен ықпалын тигізетін ақпараттар ағымын құру алға тартылады. Білім беру саласы бұл жерде өзара байланыс және қолжетімділікке негізделген ерекше құрылым ретінде қарастырылады.

Цифрлық қоғамның теориялық өзегі бірнеше негізгі қағидаттарға сүйенеді:

Желілік өзара байланыс – әлеуметтік, экономикалық және мәдени қатынастардың барлығы цифрлық желілер арқылы жүзеге асады. Бұл қағида қоғамның құрылымын орталықтандырылған жүйеден желілік, икемді формаға көшіреді.

Ақпараттың құндылық ретіндегі жаңа мәртебесі – ақпарат пен білім материалдық ресурстардан да маңызды стратегиялық активке айналады. Бұл құбылыс «ақпараттық капитализм» мен «білім экономикасы» ұғымдарын қалыптастырды.

Дербестендіру және интерактивтілік – цифрлық қоғамда жеке тұлға белсенді тұтынушыдан контент жасаушыға айналады. Әрбір адам өз өмірі мен кәсіби дамуын цифрлық ортада өз бетінше жобалай алады.

Уақыт пен кеңістіктің шектеулерін жою – интернет пен цифрлық инфрақұрылым географиялық шекараларды өшіріп, жаһандық коммуникация мен білім алмасуға жағдай жасайды.

Цифрлық мәдениет пен этиканың қалыптасуы – технологиялық прогреспен қатар, цифрлық мінез-құлықтың жаңа нормалары, жауапкершілік пен киберқауіпсіздік мәдениеті қалыптасады.

Төртінші индустриялық революция теориясы – қазіргі заманның әлеуметтік-экономикалық және технологиялық даму заңдылықтарына басты назар аударатын іргелі тұжырымдама. Теория өндіріс пен қоғам өмірінде цифрлық технологиялар, жасанды интеллект, роботтандыру, деректерді талдау негізінде түбегейлі құрылымдық өзгерістерді айқындайды. Теорияның негізін қалаушы К. Шваб болып табылады. К. Швабтың «Төртінші өнеркәсіптік революция» [8] еңбегінде жетекші идея ретінде цифрлық және биологиялық ерекшеліктер арасындағы алшақтықтың болашақта жойылуы дәйектеледі. Жасанды интеллект дәуірінде еңбек құрылымы, білім беру әдістері мен әлеуметтік қатынастардың мазұнының да ерекше өзгерісі айқындалады. Аталмыш идеяларды, қазіргі қоғамды түбегейлі өзгеріске түсіріп отырған цифрландырудың әлеуметтік мазмұнын айқындайтын жетекші ойлар ретінде қарастырамыз.

Төртінші өнеркәсіптік революция (Индустрия 4.0) негізінде қалыптасқан – «Білім беру 4.0» тұжырымдамасы осы жаңа өндірістік және технологиялық шынайылықтарға бейімделген білім беру жүйесін білдіреді, онда басты назар тек білімді жеткізуге емес, XXI ғасыр дағдыларын – креативті ойлау, сыни тұрғыдан ойлау, цифрлық сауаттылық және технологиялық құзыреттілікті дамытуға аударылады. Сонымен қатар, «Білім беру 4.0» жаңа цифрлық құралдарды – ашық онлайн-курстар, виртуалды сыныптар және интерактивті платформаларды – белсенді түрде қолданады және дәстүрлі оқыту үлгілерінен мансапқа бағытталған, икемді және бейімделген оқыту стратегияларына көшуге мүмкіндік береді. «Білім беру 4.0» білім беру үдерісінің болашағын айқындайтын және оның стратегиялық даму перспективаларын сипаттайтын жаңа концепция болып табылады. Бұл бағыт

цифрлық технологияларды, персонализирленген деректерді, ашық бастапқы коды бар білім ресурстарын және жоғары деңгейдегі сандық қосылу мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға негізделген. Білім 4.0 қоғамға және әрбір жеке тұлғаға тұрақты даму қағидаларын ескере отырып, өмір сүрудің сапасын арттыруға және жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізуге жағдай жасайды. Аталған білім беру форматы адамның шығармашылық және инновациялық әлеуетін толық дамытуға бағытталған. Сонымен қатар, «Білім беру 4.0» XXI ғасырда қажет дағдыларды – ынтымақтастық, креативтілік, көшбасшылық, тиімді коммуникация, кәсіпкерлік, командалық жұмыс, жаһандық азаматтық және проблемаларды шешу қабілеттерін – дамытуға ерекше мән береді. Осыған байланысты, жаңа тәсілдер мен технологияларды, соның ішінде интеллектуалды агенттерді, мобильді платформаларды қолдануға адамдарды ынталандыру маңызды болып табылады.


Тұрақты даму ұғымы XX ғасырдың соңында, әсіресе 1987 жылы Брундтланд комиссиясының «Біздің ортақ болашағымыз» баяндамасы (Our Common Future) негізінде қалыптасты. Тұрақты даму – бұл қазіргі ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып, келесі ұрпақтың қажеттіліктерін шектемей, экономикалық, әлеуметтік және экологиялық салаларды үйлестіре отырып даму процесі. Цифрландыру қазіргі кезеңде тұрақты дамудың негізгі құралы ретінде қарастырылады. Ол экономикалық тиімділікті арттыру, ресурстарды үнемді пайдалану және әлеуметтік қызмет көрсету сапасын жоғарылату арқылы тұрақтылыққа қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл теория шеңберінде, беделді халықаралық ұйымдардың ұйғарымдары мен ұсыныстарына талдау жасап, ұлттық саясат және заңнаманы осы үрдіс аясында өзара байланысты мәселе ретінде анықтаймыз. Қазіргі кезеңде цифрландыру әлемдік әлеуметтік-экономикалық дамудың стратегиялық бағытына айналып отыр. Осы үдерістің тиімді жүзеге асырылуы мен үйлестірілуінде Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) институционалдық және үйлестіруші рөлі айрықша маңызға ие. БҰҰ цифрлық трансформацияның тек технологиялық емес, сонымен қатар гуманистік, әлеуметтік және этикалық қырларын ескере отырып, оның ғаламдық даму күн тәртібіне ықпалын жүйелі түрде талдауға бағытталған бірқатар халықаралық бастамаларды жүзеге асыруда. БҰҰ-ның цифрландыру саласындағы стратегиялық қызметі, ең алдымен, Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) қол жеткізу шеңберінде көрініс табады. БҰҰ тарапынан қазіргі кезеңдегі технологиялық прогресс әлеуметтік әділеттілікке, бейбітшілік пен адалдық қағидаттарына негізделген өркениетті қоғам құрудың шешуші факторларының бірі ретінде қарастырылады. Цифрландырудың өзекті мәселелері 2015 жылғы «Әлемді өзгерту: 2030 жылға дейінгі тұрақты даму саласындағы күн тәртібі» атты БҰҰ –ның құжатында айқын көрініс тапқан [9]. 2024 жылдың 22 қыркүйегінде БҰҰ Бас Ассамблеясы резолюциясында қабылданған Пакт шеңберінде «Ғылым, техника, инновациялар және цифрлық ынтымақтастық» түріндегі бөліп қарастырылып онда: «Қазіргі кезеңде цифрлық технологиялар жаһандық өркениеттің әлеуметтік-экономикалық, мәдени және институционалдық құрылымдарын түбегейлі қайта қалыптастыруда. Олардың әлеуеті жеке тұлғаның өмір сапасын арттырумен қатар, қоғамның тиімді дамуы мен планеталық деңгейдегі тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған. Цифрлық трансформация үдерістері Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуді жеделдетудің және инновациялық өсу мен инклюзивті дамудың маңызды тетігі ретінде бағаланады», деп берілген [10]. Осы резолюция негізінде «Жаһандық цифрлық шарт» қабылданды.

ЮНЕСКО-ның «Білімнің жаһандық мониторингі 2023» (GEM Report 2023) есебіне сәйкес, цифрлық технологиялар білім беру саласында Тұрақты даму мақсаттарының 4-ші мақсатына қол жеткізуде шешуші рөл атқарады. Олар оқуға қолжетімділікті кеңейтуге, білім сапасын арттыруға және инклюзивтілікті қамтамасыз етуге ықпал етеді. Алайда технологияларды тиімді қолдану үшін оқушылардың қажеттіліктерін ескеру, тең қолжетімділікті қамтамасыз ету және педагогикалық өзара әрекеттестікті қолдау маңызды [11].

Тұрақты даму әлеуметтік әл-ауқатты қамтиды, ол өз кезегінде білім беру деңгейінің сапасына тікелей байланысты. Ақпараттық технологиялар жалпы білімді тарату мақсатында пайда болып, білім беру реформаларының негізгі қозғаушы күші ретінде қызмет етеді. Мобильді құрылғылар, смарт-тақталар, планшеттер, ноутбуктер, виртуалды зертханалар сияқты технологиялық құралдарды қолданатын жаңа оқыту әдістерін енгізу білім беру мекемелеріндегі оқу үрдісін елеулі түрде өзгертіп, білім алушылардың оқу тәжірибесін байытты.

Қазіргі сыртқы қоршаған орта мен ұлттық дамудың өзара байланысы өте терең қамтылған. Қазақстанның цифрландыру саясаты мемлекеттік басқаруды тиімді ету, азаматтардың өмір сапасын жақсарту және халықаралық аренада бәсекеге қабілеттілікті арттыруға бағытталған. Цифрлық трансформацияның нәтижелері қоғамның барлық салаларында айқын көрініс табуда. 2023-2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация тұжырымдамасы Қазақстанның цифрлық даму стратегиясын айқындайды. Бұл құжат ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын дамыту, киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету және цифрлық мемлекетке көшу жолдарын көрсетеді. Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін жаңа деңгейге шығару үшін ауқымды цифрлық жұмыстары атқарылуда. Мемлекет басшысы білім беру үдерісін цифрландыруды жеделдету міндетін қойып отыр. Сонымен қатар, AI-Sana бағдарламасына ерекше мән берілуде. «AI-Sana» бағдарламасының мақсаты – ауыл шаруашылығы, су шаруашылығы, энергетика және басқа да салалар бойынша бейінді мамандықтарда білім алатын студенттерге жасанды интеллект және AI-кәсіпкерлік саласындағы қосымша құзыреттерді меңгеруге мүмкіндік беру, аталған салалар бойынша білімдерін кезең-кезеңімен тереңдету»

[12]. Қазақстандағы цифрлық трансформацияның халықаралық аспектілері мен инновациялық экожүйелердің дамуы айрықша мәнге ие болып отыр. Бұл бағыттағы басты алаңдардың бірі – Digital Almaty форумы. Форум жыл сайын өткізіліп, цифрлық трансформация, GovTech, Smart City, сондай-ақ басқа да инновациялық шешімдерді тәжірибеге енгізу мәселелерін талқылайтын халықаралық платформаға айналған. Яғни, жаһандық деңгейдегі бастамалар ұлттық бағытта көрініс тауып, өзінің шешімдерін жүзеге асыруда (1- сурет).



1-сурет – Білім беруді цифрландыруда жаһандық және жергілікті тәсілдерді теңестіру


Мемлекет басшысының 2025 жылы қазан айында Жасанды интеллектіні дамыту жөніндегі кеңестің алғашқы отырысында сөйлеген сөзінде: «Жаңа технологияларды жетік меңгерсек те, өз болмысымызды, яғни төл мәдениетімізді, құндылықтарымызды сақтап қалуға тиіспіз. Заманауи үрдістердің пайдасы мен зиянын ажырата білуіміз қажет. Ұлт дүниетанымына жат нәрселердің білім жүйесіне енуіне жол бермеуіміз керек. Түптеп келгенде, жасанды интеллект ел мүддесіне қызмет еткені дұрыс. Бұл – озық технологиялардың ықпалы руханиятымызға, тарихи мұраларымыз бен бірегей мәдениетімізге ешқандай кеселін немесе зиянын тигізбеуі керек деген сөз» [13], деп тұжырымдады. Шын мәнісінде, оң салдарымен қатар, жаһандық деңгейдегі цифрландыру үрдісінің кереғар тұстарын да айқындау маңызды. Материалдық және виртуалды кеңістіктердің шекарасының жойылуы адамның дүниетанымдық бағдарын әлсіретіп, әлеуметтік, мәдени және рухани тұрақсыздықтың жаңа түрлерін туындатуда. Бұл құбылыс заманауи өркениеттің тұтастығына ықпал ететін күрделі факторлардың бірі ретінде қарастырылуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, цифрлық өзгерісінің негізгі қозғаушы күшін анықтау мәселесі жеке ғылыми ізденісті қажет ететін өзекті бағыт болып табылады. Мұндай түбегейлі өзгерістердің бастауы неде деген сауал көпқырлы сипатқа ие. Сонымен бірге, адамзат мәдениетінің эволюциясы да цифрлық технологиялармен өзара ықпалдаса отырып, адам табиғатының өзгермелі болмысын айқындай түсуде. Соңғы ғасырда технологиялық прогресс нәтижесінде қалыптасқан жаңа мәдени кодтар мен құндылықтық бағдарлар цифрлық кеңістікте жаңа деңгейде көрініс табуда. Демек, аталған факторлардың барлығы өзара тоғысып, адамзат жаңа мыңжылдық табалдырығында «цифрлық өмір ағынының» тұтас жүйесін қалыптастырған деуге негіз бар. Алайда бұл үдерістің мәнін біржақты түсіндіру мүмкін емес, себебі цифрлық өзгеріс өзінің ауқымы мен салдары жағынан адамзат өркениетінің даму парадигмасын түбегейлі қайта қарауға мәжбүр ететін кешенді және көпқырлы құбылыс болып табылады. Осы ретте, жаһандық деңгейдегі тұжырымдамалар мен теорияларды, тәжірибелерді ұлт өміріне енгізу барысында байыптылық талап етіледі (2-сурет).



2-сурет – ЖОО цифрландыру үрдістері: халықаралық тәжірибе және ұлттық ерекшелік

Цифрландыру ұғымы ақпараттың сандық нысанға трансформациялануын білдіреді және білім мазмұнының барлық құрамдас бөліктерін ескере отырып жүзеге асады. Педагогикалық білім беру жүйесін цифрландыру контекстінде білім беру процесінің сапасын арттыру, оның үздіксіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ білім алушылардың жеке ерекшеліктерін және білім беру процесін ескеру қажеттілігімен байланысты өзекті құрамдас бөліктерді қарастыру маңызды. Мұндай құрамдас бөліктерге, атап айтқанда, цифрлық технологиялар, цифрлық білім беру ортасы және цифрлық компетенциялар жатады. «Білім берудің цифрлық трансформациясы» тұжырымдамасының негізгі мәні – әрбір оқушыға білім беру процесін персонификациялау арқылы қажетті білім беру нәтижелеріне қол жеткізуге мүмкіндік жасау болып табылады. Бұл процесс цифрлық технологиялардың үздіксіз дамып келе жатқан әлеуетін тиімді пайдалану арқылы жүзеге асады, соның ішінде жасанды интеллект әдістерін қолдану, виртуалды шындық құралдарын енгізу және білім беру мекемелерінде білім беру ортасын жүйелі түрде дамыту ерекше рөл атқарады.

Қазіргі кезеңде зерттеушілер тарапынан [14; 15] білім беруді цифрландыруды тек технологияларды енгізу ретінде қарастырудың жеткіліксіз екендігін атап көрсетеді. Зерттеушілер бұл парадигманы, білім беру траекторияларының икемділігін қамтамасыз ету, оқытуды жеке қажеттіліктерге бейімдеу, цифрлық сауаттылықты дамыту, білім беру жүйесін басқаруда деректерді тиімді пайдалану сияқты бағыттарды қамти отырып, қайта қарастыруды ұсынады. Яғни, цифрландыру тек технологиялық жаңалықтарды енгізуді емес, сонымен қатар педагогикалық және әлеуметтік-мәдени тәсілдердің үйлесімін қажет ететін күрделі процесс болып табылады. Ғалымдардың пікірімен толық келісе отырып, цифрландырудың стратегияларын қабылдау барысында озық педагогикалық идеяларды тереңінен зерттеп, оларды оқытудың тиімділігін қамтамасыз ететін стратегияға айналдыру қажеттілігі айқындалады (3-сурет).



3-сурет – Цифрландыру стратегиялары

Білім берудің цифрлық трансформациясы – бұл «жылдам өзгеріп отырған сандық білім беру орта жағдайында жоспарланған білім беру нәтижелерін, білім мазмұнын, ұйымдастырушылық формалар мен оқу әрекеттерінің әдістерін, сондай-ақ білім беру нәтижелерін бағалау жүйесін жүйелі және кешенді түрде жаңарту» процесі [16, 80 б.]. Осылайша, цифрландыру тек білім беру жүйесін ғана емес, сонымен қатар қоғамның барлық салаларын трансформациялауда сандық ресурстарды қолданудың негізгі стратегиялық тәсілдерінің бірі болып табылады.

Қорытынды. Қазіргі білім беру жүйесі жаһандық цифрлық революцияның ықпалымен күрделі трансформация кезеңінен өтуде. Жоғары оқу орындарының басқару үрдістері де бұл өзгерістерден тыс қалмайды: басқару жүйелерін жаңарту, шешім қабылдау механизмдерін оңтайландыру және білім беру сапасын арттыру мақсатында сандық технологияларды интеграциялау қажеттілігі туындап отыр. Цифрлық трансформация – бұл тек техникалық немесе технологиялық жаңарту ғана емес, сонымен қатар басқару стратегияларының, ұйымдастырушылық формалардың және академиялық процестердің кешенді қайта құрылымдануы болып табылады. Жоғары оқу орындарының басқару жүйесінде цифрлық трансформацияны іске асыруға ықпал ететін технологиялар кешенді сипатқа ие. Жаңа технологиялар деректерді аналитикалық өңдеуге, шешім қабылдау сапасын арттыруға, оқу-әдістемелік және әкімшілік үдерістерді автоматтандыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, олар басқару құрылымындағы тиімділік пен институционалдық тұрақтылықты қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады.

Цифрлық трансформацияны енгізу барысында жоғары оқу орындары әртүрлі қиындықтарға кезігеді. Олардың қатарында қаржылық ресурстардың шектеулігі, кадрлық әлеуеттің жеткіліксіздігі, техникалық инфрақұрылымның дамымауы, сондай-ақ ұйымдық және мәдени кедергілер бар. Сонымен

қатар, өзгерістерді енгізуге қарсылық, нормативтік-құқықтық базаның жеткіліксіздігі, стандарттардың болмауы және персоналды цифрлық оқыту мәселелері де негізгі кедергілер ретінде қарастырылады. Бұл факторлар трансформация процесінің кешенділігін және оның сәтті жүзеге асу деңгейін төмендетуі мүмкін. Қазіргі ғылыми зерттеулер жоғары оқу орындарының басқаруында цифрлық трансформация технологияларын енгізудің тиімділігін кеңінен растайды. Зерттеулер бұл үрдістің басқару тиімділігін арттыруға, білім беру сапасын жоғарылатуға, оқу және әкімшілік үдерістерді оңтайландыруға, сондай-ақ институционалдық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталғанын көрсетеді. Сонымен қатар, әртүрлі аяда технологияларды енгізудің ерекшеліктері мен шектеулеріне де назар аударылады, бұл цифрлық трансформацияның тиімділігін бағалау мен жоспарлаудың ғылыми негізін қалыптастырады.

Жоғары оқу орындарының басқаруындағы цифрлық трансформацияның сәтті жүзеге асуы бірнеше шешуші факторға байланысты. Олардың ішінде стратегиялық жоспарлау мен басқарушылық қолдау, жетекшілер мен қызметкерлердің сандық мәдениеті, технологиялық инфрақұрылымның дамуы, сондай-ақ өзгерістерді енгізуге бағытталған ұйымдық саясат ерекше рөл атқарады. Сонымен қатар, оқытушылар мен әкімшілік қызметкерлердің трансформация процесіне белсенді қатысуы, білім беру ұйымының мәдени және институционалдық дайындық деңгейі, өзгерістерді қабылдау және бейімделу қабілеті табыстың маңызды шарттары болып табылады. Жоғары оқу орындарының басқаруындағы цифрлық трансформация – бұл білім беру жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған кешенді процесс. Оның табысты жүзеге асуы тек технологиялық жаңартуларға ғана емес, сонымен қатар басқару стратегияларының, ұйымдық құрылымдардың және академиялық мәдениеттің үйлесімді дамуына тікелей байланысты. Цифрлық трансформацияның ғылыми негізделген жоспарлануы мен стратегиялық енгізілуі білім беру ұйымдарының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, оқу сапасын жақсартуға және бүкіл білім беру экожүйесінің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 **Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың IV Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзі.** [Электрондық ресурс]. – URL: https://quryltai.kz/kk/article/vystuplenie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-na-iv-zasedanii-natsionalnogo-kurultaya (Жүгінген күні: 20.03.2026).

2 **Siemens G. Connectivism: A learning theory for the digital age** / G. Siemens // International Journal of Instructional Technology and Distance Learning. – 2005. – Vol. 2 (1). – P. 3-10. – [Electronic resource]. URL: http://www.itdl.org/Journal/Jan_05/article01.htm (accessed: 16.03.2026).

3 **Bell D. The coming of post-industrial society: A venture of social forecasting** [Text] / D. Bell. – New York: Basic Books, 1973. – 616 p.

4 **McLuhan M. Understanding media: The extensions of man** [Text] / M. McLuhan. – New York: McGraw-Hill, 1964. – 359 p.

5 **Peter F. Drucker Post-Capitalist Society** [Text] / F. Peter. – New York: Harper Business, 1993. – 216 p.

6 **Toffler A. The Third Wave** [Text] / A . Toffler. – New York, NY: William Morrow, 1980. – 544 p.

7 **Castells M. The Information Age: Economy, Society and Culture** [Text] / M. Castells. – Oxford: Wiley Blackwell, 2010. – 656 p.

8 **Schwab K. The Fourth Industrial Revolution** [Text] / K. Schwab. – Geneva: World Economic Forum, 2016. – 192 p.

9 **Transforming our world: the 2030 Agenda for Sustainable Development.** – [Electronic resource]. URL: https://sdgs.un.org/2030agenda (accessed: 16.03.2026).

10 **Пакт во имя будущего. Резолюция Генеральной Ассамблеи ООН A/79/L.2 от 22 сентября 2024 года.** – [Электронный ресурс]. URL: https://docs.un.org/ru/A/RES/79/1 (дата обращения: 15.03.2026).

11 **Unesco. Global education monitoring report, 2023: technology in education: a tool on whose terms?** [Electronic resource]. URL: https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000385723 (accessed: 16.03.2026).

12 **Al-Sana инновациялық бағдарламасының жүзеге асырылуы туралы** [Электрондық ресурс]. URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/sci/press/news/details/967895?lang=kk (Жүгінген күні: 10.03.2026).

13 **Мемлекет басшысы Жасанды интеллектіні дамыту жөніндегі кеңестің алғашқы отырысын өткізді** [Электрондық ресурс]. URL: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-zhasandy-intellektini-damytu-zhonindegi-kenestin-otyrysyna-katysty-191948 (Жүгінген күні: 10.03.2026).

14 **Selwyn N. Education and technology: Key issues and debates** [Text] / N. Selwyn. – London: Bloomsbury Academic, 2020. – 232 p.

15 **Bates A.W. Teaching in a digital age: Guidelines for designing teaching and learning** [Text] / A. Bates. – Vancouver: Bccampus, 2019. – 767 p.

16 **Трудности и перспективы цифровой трансформации образования** [Текст] / под ред. А.Ю. Уварова. – Москва: Издательский дом Высшей школы экономики, 2019. – 343 с.

REFERENCES:

1 **Memleket basshysy Kasym-Zhomart Tokaevtyn IV Ulttyk kuryltajda sojlegen sozi** [Speech of the head of State Kassym-Jomart Tokayev at the IV of the National kurultai]. Available at: https://quryltai.kz/kk/article/vystuplenie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-na-iv-zasedanii-natsionalnogo-kurultaya (accessed 20 March 2026). (In Kazakh)

2 **Siemens G Connectivism: A learning theory for the digital age.** *International Journal of Instructional Technology and Distance Learning,* 2005, vol. 2 (1), pp. 3-10. Available at: http://www.itdl.org/Journal/Jan_05/article01.htm (accessed 16 March 2026).

3 **Bell D. The coming of post-industrial society: A venture of social forecasting.** New York, NY, Basic Books, 1973, 616 p.

4 **McLuhan M. Understanding media: The extensions of man.** New York, NY, McGraw-Hill, 1964, 359 p.

5 **Peter F. Drucker post-capitalist society.** New York, NY, HarperBusiness, 1993, 216 p.

6 **Toffler A. The third wave.** New York, NY, William Morrow, 1980, 544 p.

7 **Castells M. The information age: Economy, society and culture.** Oxford, Wiley Blackwell, 2010, 656 p.

8 **Schwab K. The fourth industrial revolution.** Geneva, World Economic Forum, 2016, 192 p.

9 **Transforming our world: the 2030 agenda for sustainable development.** Available at: https://sdgs.un.org/2030agenda (accessed 16 March 2026).

10 **Pakt vo imya budushhego. Rezolyuciya General'noj Assamblei A/79/L.2 ot 22 sentyabrya 2024 goda** [Pact for the Future UN General Assembly Resolution A/79/L.2 dated September 22, 2024]. Available at: https://docs.un.org/ru/A/RES/79/1 (accessed 15 March 2026). (In Russian)

11 **Unesco. Global education monitoring report, 2023: technology in education: a tool on whose terms?** Available at: https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000385723 (accessed 16 March 2026).

12 **Al-Sana innovaciyalyk bagdarlamasynyn zhuzege asyryluy turaly** [Implementation of the Al-Sana Innovative Program]. Available at: https://www.gov.kz/memleket/entities/sci/press/news/details/967895?lang=kk (accessed 10 March 2026). (In Kazakh)

13 **Memleket basshysy Zhasandy intellektini damytu zhonindegi kenestin algashky otyrysyn otkizdi** [Head of state held the first meeting of the council for the development of artificial intelligence]. Available at: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-zhasandy-intellektini-damytu-zhonindegi-kenestin-otyrysyna-katysty-191948 (accessed 10 March 2026). (In Kazakh)

14 **Selwyn N. Education and technology: Key issues and debates.** London, Bloomsbury Academic, 2020, 232 p.

15 **Bates A.W. Teaching in a digital age: Guidelines for designing teaching and learning.** Vancouver, BCCampus, 2019, 767 p.

16 **Uvarov A.Y. (Eds.). Trudnosti i perspektivy' cifrovoj transformacii obrazovaniya** [Challenges and prospects of digital transformation of education]. Moscow, Izdatel'skij dom Vy'sshej shkoly' e'konomiki, 2019, 343 p. (In Russian)

Авторлар туралы мәліметтер:

Калыбеккызы Карлыгаш – PhD докторанты, «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы, Торайғыров университеті, Қазақстан Республикасы, 140000 Павлодар қ., Ломов көш. 64, тел.: 87717002898, e-mail: kkalybekkyzy@mail.ru.*

Тулекова Гульмира Мухамеджановна – PhD докторы, қауымдастырылған профессор, Торайғыров университеті, Қазақстан Республикасы, 140000 Павлодар қ., Ломов көш. 64, тел.: 87015318457, e-mail: cessen@mail.ru.

Калыбеккызы Карлыгаш – PhD докторант по образовательной программе «Педагогика и психология», Торайгыров университет, Республика Казахстан, 140000 г. Павлодар, ул. Ломова 64, тел.: 87717002898, e-mail: kkalybekkyzy@mail.ru.*

Тулекова Гульмира Мухамеджановна – PhD доктор, ассоциированный профессор, Торайгыров университет, Республика Казахстан, 140000 г. Павлодар, ул. Ломова 64, тел.: 87015318457, e-mail: cessen@mail.ru.

Kalybekkyzy Karlygash – PhD student, "Pedagogy and psychology" educational program, Republic of Kazakhstan, 140000, Pavlodar, 64 Lomov Str., tel.: 87717002898, e-mail: kkalybekkyzy@mail.ru.*

Tulekova Gulmira Mukhamedzhanovna – PhD, Associated Professor, Toraighyrov University, Republic of Kazakhstan, 140000, Pavlodar, 64 Lomov Str., tel.: 87015318457, e-mail: cessen@mail.ru.

ХҒТАР 14.35.09
ӘОЖ 378.14
https://doi.org/10.52269/SKVC2622147

БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІНЕ «ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ» ПӘНІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Кошанова Г.Д. – педагогика ғылымдарының кандидаты, математика кафедрасының аға оқытушысы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан Республикасы.*

Миндетбаева А.А. – магистр, педагог-зерттеуші, директордың ғылыми істер жөніндегі орынбасары, Нұртас Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп-интернаты, Түркістан қ., Қазақстан Республикасы.

Жұмабай Н.Ж. – магистрант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан Республикасы.

Мақалада информатика мұғалімдеріне ЖИ негіздері, оның ішінде машиналық оқытуды меңгерту қарастырылады. Зерттеудің мақсаты: болашақ информатика мұғалімдеріне ЖИ құзіреттіліктерін дамыту үшін Jupyter notebook платформасын пайдалана отырып, Python деректер қоры кітапханаларын қолданып деректерді талдау және визуализациялау тәсілдерін үйрету әдістемесінің тиімділігін зерттеу нәтижелері арқылы ұсыну. Зерттеудің міндеттері: ЖИ-ді оқытудың еліміздің және шетелдік тәжірибелерін талдау; Болашақ информатик педагогтарына машиналық оқытуды үйретуде Python программалау тілінде NumPy және Pandas кітапханаларын қолданып, деректерді өңдеу, талдау және визуализациялауда Jupyter Notebook интерактивті орта арқылы оқыту процесін жүргізу және оны нақты практикалық мысалдармен көрсету. Зерттеу базасы ретінде Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Информатика білім беру бағдарламасының студенттері алынған. Болашақ информатик мұғалімдерге «Жасанды интеллект негіздері» пәні ЖИ құзыреттілігін, білігін мен дағдыларын меңгертуді қамтамасыз етеді. Яғни, болашақ информатика мұғалімдеріне Jupyter notebook платформасын пайдалана отырып, Python деректер қоры кітапханаларын қолдану арқылы деректерді талдау және визуализациялау тәсілдерін үйрету болды. Зерттеу аясында болашақ информатик педагогтардан ЖИ бойынша Jupyter notebook және Python кітапханаларын игерудің қажеттілік деңгейін анықтау сауалнамасы алынды. Сауалнаманың нәтижесі бойынша болашақ информатик мұғалімдерге «Жасанды интеллект негіздері» пәнінің мазмұнына «Jupyter notebook және Python кітапханалары» оқу модулі әзірленді. Зерттеу нәтижесінде болашақ информатик мұғалімдерге жасанды интеллект негіздері пәнінің мазмұнындағы «Jupyter notebook және Python кітапханалары» оқу модулінің әдістемесінің тиімділігі Python тілінің негізгі кітапханаларын (NumPy, Pandas) практикалық мысалдарды орындау арқылы деректерді талдау, өңдеу, визуализациялау дағдыларының қалыптасқандығымен көрінді.

Түйінді сөздер: *жасанды интеллект, болашақ информатик мұғалімдер, студенттер, Jupyter Notebook, Python программалау тілі.*

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ДИСЦИПЛИНЫ «ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ» БУДУЩИМ УЧИТЕЛЯМ ИНФОРМАТИКИ

Кошанова Г.Д. – кандидат педагогических наук, старший преподаватель кафедры математики, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, г. Туркестан, Республика Казахстан.*

Миндетбаева А.А. – магистр, педагог-исследователь, заместитель директора по научной работе, специализированная школа-интернат имени Нуртаса Ондасынова, г. Туркестан, Республика Казахстан.

Жумабай Н.Ж. – магистрант, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, г. Туркестан, Республика Казахстан.

В данной статье рассматриваются теоретические и методические основы обучения будущих учителей информатики элементам искусственного интеллекта (ИИ), включая освоение технологий машинного обучения. Цель исследования — представить результаты исследования эффективности методики обучения будущих учителей информатики методам анализа и визуализации данных с использованием библиотек Python и платформы Jupyter Notebook для развития компетенций в области искусственного интеллекта. Задачи исследования: анализ отечественного и зарубежного опыта обучения искусственному интеллекту; организация процесса обучения в интерактивной среде Jupyter Notebook для обработки, анализа и визуализации данных с использованием библиотек NumPy и Pandas языка программирования Python при подготовке

будущих педагогов-информатиков к использованию технологий машинного обучения; демонстрация применения данных инструментов на конкретных практических примерах. Базой исследования выступили студенты образовательной программы «Информатика» Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави. В ходе эксперимента будущие учителя информатики продемонстрировали сформированность компетенций, знаний и практических навыков по дисциплине «Основы искусственного интеллекта». Эксперимент был направлен на обучение студентов методам анализа и визуализации данных с использованием платформы Jupyter Notebook и библиотек Python. В рамках исследования было проведено анкетирование студентов с целью определения уровня потребности в освоении инструментов Jupyter Notebook и библиотек Python, применяемых для решения задач искусственного интеллекта. На основе полученных результатов был разработан учебный модуль «Библиотеки Jupyter Notebook и Python», включённый в содержание дисциплины «Основы искусственного интеллекта». Результаты исследования показали, что использование разработанного учебного модуля способствует формированию у будущих педагогов-информатиков устойчивых навыков анализа, обработки и визуализации данных. Практическая работа с библиотеками NumPy и Pandas обеспечила развитие профессиональных компетенций в области программирования и анализа данных, что подтверждает эффективность предложенной методики обучения.

Ключевые слова: *искусственный интеллект, будущие учителя-информатики, студенты, Jupyter Notebook, язык программирования Python.*

METHODOLOGY OF TEACHING THE «ARTIFICIAL INTELLIGENCE» SUBJECT TO FUTURE COMPUTER SCIENCE TEACHERS

Koshanova G.D. – Candidate of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer, Department of mathematics, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Republic of Kazakhstan.*

Mindetbayeva A.A. – Master, Teacher-Researcher, Deputy Director for Scientific Affairs, Nurtas Ondasynov Specialized Boarding School, Turkistan, Republic of Kazakhstan.

Zhumabay N.Zh. – Master's student, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Republic of Kazakhstan.

This article focuses on the theoretical and methodological foundations of teaching Artificial Intelligence (AI), including machine learning technologies, to future computer science teachers. The aim of the study is to present the results of experimental research on the effectiveness of a methodology for developing AI competencies among future computer science teachers through the use of the Jupyter Notebook platform and Python libraries for data analysis and visualization. The research objectives were to analyze national and international experience in AI education; to train future computer science teachers in machine learning using Python libraries such as NumPy and Pandas for data processing, analysis, and visualization within the interactive Jupyter Notebook environment; and to illustrate the learning process through practical examples. The study was conducted with students enrolled in the "Computer Science" educational program at Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University. The participants demonstrated the acquisition of competencies, knowledge, and practical skills related to the course "Fundamentals of Artificial Intelligence." The experimental work focused on teaching future computer science teachers methods of data analysis and visualization using Python libraries within the Jupyter Notebook platform. As part of the study, a survey was conducted to assess students' needs for mastering Jupyter Notebook tools and Python libraries used in solving AI-related tasks. Based on the survey results, an educational module entitled "Jupyter Notebook and Python Libraries" was developed and integrated into the "Fundamentals of Artificial Intelligence" course. The findings demonstrated that the proposed educational module contributes to the development of sustainable skills in data analysis, processing, and visualization among future computer science teachers. Practical work with the NumPy and Pandas libraries enhanced participants' professional competencies in programming and data analysis, thereby confirming the effectiveness of the proposed teaching methodology.

Keywords: *artificial intelligence, future computer science teachers, students, Jupyter Notebook, Python programming language.*

Кіріспе. ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың 2023 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында Үкіметке жасанды интеллектіні (ЖИ) дамыту ісіне баса назар аудару жөнінде тапсырма берген болатын. ЖИ саласы бойынша білікті мамандар даярлау және жоғары оқу орнындарында зерттеулер жүргізу керектігін айтып өткен [1]. 2024 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ҚР Үкімет тарапынан «Жасанды интеллектті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» бекітіліп, тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары түзілген болатын. Жоспарда орта білім берудің оқу бағдарламасына «Жасанды интеллект негіздері» модулі қосу қарастырылған. Бұл тұжырымдамада жоғары оқу орындарына ЖИ бойынша оқытудың білім беру бағдарламаларын немесе пәндерін енгізу үлесі көрсетілген [2]. Мемлекет басшысы 2025 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында ЖИ-мен жұмыс істеу құзыретін қалыптастыру мектеп қабырғасынан қолға алынуы тиіс деп атап

көрсетті [3]. Осы тапсырмаларды орындау мақсатында 2024 жылдан бастап мектеп бағдарламасына ЖИ элементтерін енгізу бойынша пилоттық жобалар, ЖОО-да ғылыми зерттеулер, мұғалімдерге арналған ЖИ курстары ұйымдастырылуда.

Көптеген елдердің мектеп бағдарламаларына ЖИ элементтерін енгізу қолға алынуда. Цифрлық сауаттылық пен ЖИ құзыреттіліктер педагогтар үшін маңызды сапа. Мектепте информатика пән мұғалімдері ЖИ негіздерін, оның ішінде машиналық оқытуды меңгеруі оқыту сапасын арттырады, оқушылардың қабілеттерін ашып, мұғалімнің кәсіби дамуына жол ашады.

Зерттеу жұмысының **мақсаты** – болашақ информатика мұғалімдеріне ЖИ құзіреттіліктерін дамыту үшін Jupyter notebook платформасын пайдалана отырып, Python деректер қоры кітапханаларын қолданып деректерді талдау және визуализациялау тәсілдерін үйрету әдістемесінің тиімділігін зерттеу нәтижелері арқылы ұсыну.

Осы мақсатқа жету үшін келесі **міндеттер** қойылды:

- ЖИ-ді оқытудың еліміздің және шетелдік тәжірибелерін талдау;
- Болашақ информатик педагогтарына машиналық оқытуды үйретуде Python программалау тілінде NumPy және Pandas кітапханаларын қолданып, деректерді өңдеу, талдау;
- визуализациялауда Jupyter Notebook интерактивті орта арқылы оқыту процесін жүргізу және оны нақты практикалық мысалдармен көрсету.

Материалдар мен әдістер. ЖИ технологияларын мұғалімдер білім беру үдерісінде қолдануы екі тұрғыда көрініс табуда: біріншісі – мұғалімдер мен оқушылардың дайын ЖИ құралдарын (мысалы, интеллектуалдық оқу жүйелері, автоматтандырылған бағалау жүйелері, чат-бот кеңесшілер) пайдалануы, екіншісі – ЖИ жүйелерінің жұмыс істеу принциптерін түсіну және қарапайым ЖИ жобаларын жасау дағдылары. Қазіргі уақытта көптеген информатика пәні мұғалімдері дайын құралдарды қолдану деңгейінде қалып отыр. Мұғалімдердің ЖИ алгоритмдерін меңгеруі оқушылардың сыни ойлауын дамытуда, технологияларды шығармашылықпен қолдануда үлкен рөл атқарады. Қазақстан жағдайында ЖИ-ді оқыту әдістемесін қазақ тілінде әзірлеу, оны болашақ мұғалімдерді даярлауда қолдану бойынша зерттеулер әлі жеткіліксіз. Осы қажеттіліктерге орай болашақ информатика пәні мұғалімдеріне арналған «Жасанды интеллект» курсының мазмұны, құрылымын қайта қарастырылды.

Болашақ информатика мұғалімдері жасанды интеллект құралдарын тиімді пайдаланумен қатар, олардың қалай жұмыс істейтінін, мүмкіндіктері мен шектеулерін де үйренуі маңызды. Отандық зерттеулер де бұл мәселеге айтарлықтай назар аударуда. Асқарқызы С. және Жунусбекова жүргізген зерттеуде білім берудегі жасанды интеллектті қолданудың мүмкіндіктері, перспективалары мен қауіптері SWOT-талдау арқылы жан-жақты сараланған. [5, б. 31-33]. Сағымбаева А.Е, Жақсылықов А.Е., Шекербекова Ш.Т. және Жамкеева А.Б. өз зерттеу жұмыстарында ЖИ-дің педагогикалық көмекші құрал ретіндегі мүмкіндіктері мен әсеріне талдау жасаған [6; б. 8-10]. Жангозин А.К. және Кушеккалиев А.Н ЖИ негізіндегі дербестендірілген және деректерді өңдеу арқылы оқыту тақырыбында зерттеу жұмыстарын жүргізген [7,8]. Педагогтардың ЖИ құзыреттіліктерін дамыту проблемасы туралы зерттеулерді Мұхамбетәлиева З. және Зейнолла С. жұмыстарынан көре аламыз [9; б. 6-10].

Болашақ мұғалімдер ЖИ құзіреттілікке ие болса, оқушыларды ЖИ-ді тереңірек түсінуге, тек пайдаланушы емес, құрастырушы көзқарасымен қарауға баули алады. Бұл тұжырым шетелдік зерттеулер нәтижелерімен де үйлеседі: мысалы, Lucas M., Bem-Haj P., Zhang Y., Palacios-Rodríguez A., Llorente-Cejudo M. C. Еуропада жүргізілген салыстырмалы талдауда Португалия мен Испания болашақ мұғалімдерінің ЖИ-ді оқытуға дайындық деңгейі зерттеліп, жалпы алғанда олардың ЖИ туралы білім-құзыреті шектеулі екендігі байқалған [10, б. 26]. Walter Y. Және басқалары жүргізген салыстырмалы зерттеу нәтижелері бастапқы мұғалімдік білім беру бағдарламаларына ЖИ тақырыптарын кіріктіру қажеттігін көрсетті [11, б. 17].

Зерттеу базасы ретінде алынған Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Информатика» білім беру бағдарламасын даярлау үдерісі болашақ мұғалімдердің жасанды интеллект құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған. Зерттеу жұмысына сәйкес, болашақ информатика пәні мұғалімдеріне «Жасанды интеллект негіздері» пәнін оқытудың негізгі мақсаты – ЖИ негіздерін оқыту, құзыреттілігі, білігі мен дағдыларын меңгерту болып табылады. Яғни, болашақ информатика мұғалімдеріне Jupyter notebook платформасын пайдалана отырып, Python деректер қоры кітапханаларын қолдану арқылы деректерді талдау және визуализациялау тәсілдерін үйрету болды.

Зерттеу аясында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Информатика білім беру бағдарламасының студенттерінен ЖИ бойынша Jupyter notebook және Python кітапханаларын игерудің қажеттілік деңгейін анықтау сауалнамасы алынды (1-кесте). Сауалнамаға қатысқан респонденттер саны – 57, олардың ішінде 28 қатысушы әйел, 29-і ер адам болды.


1 кесте – ЖИ бойынша білімнің қажеттілік деңгейін анықтау сауалнамасы

№	Сұрақ	Жауаптар	
		Ия	Жоқ
1	ЖИ (Жасанды интеллект) курсының негізі болып табылатын Python, деректер талдау және визуализациялау туралы білесіз бе?	14	43

1-кестенің жалғасы

2	NumPy массивтерімен математикалық операцияларды орындауды білесіз бе?	22	35
3	NumPy массивтерінің деректерді өңдеу функцияларын білесіз бе?	22	35
4	Pandas DataFrame құрылымының мүмкіндіктерін визуализациялауда қолдана аласыз ба?	22	35
5	Jupyter notebook платформасында Python кітапханаларын қолдана алудан ЖИ құзіреттілігіңіздің артатынын білесіз бе?	48	9

Сауалнама нәтижесі бойынша «Жасанды интеллект негіздері курсының негізі болып табылатын Python, деректерді талдау және визуализациялау туралы білесіз бе?» сұрағы бойынша 43 респондент жоқ деп, 14 қатысушы бұл тақырыпты білетінін көрсеткен. Екінші, үшінші, төртінші сұрақтардағы Python кітапханаларын пайдаланып, деректерді өңдеуді білетіндер 61% ғана көрсеткіш, ал білмейтіндер 66%-ды құрады. «Jupyter notebook платформасында Python кітапханаларын қолдана алудан ЖИ құзіреттілігіңіздің артатындығын білесіз бе?» сұрағына қатысушылардың 84 % білетінін білдірді. Бұл сұраққа 16% қатысушы жоқ деп жауап берген. Бұл сұраққа жоқ деп жауап беру себептерін Jupyter notebook платформасында Python кітапханаларынан мүлдем хабары болмағандығымен түсіндірген (1-сурет).



1 сурет – ЖИ бойынша білімнің қажеттілік деңгейін анықтау сауалнамасы

Зерттеу жұмысы ЖИ бойынша білімнің қажеттілікті қанағаттандыру мақсатында болашақ информатик мұғалімдерге арналған арнайы оқу модулін құруға бағытталды. «Jupyter notebook және Python кітапханалары» оқу модулі әзірленді. Оқу модулінің мазмұны: Python тілінің негіздері және деректер типтері; Python деректер құрылымдары: тізімдер, кортеждер, сөздіктер және жиындар; Шарттар, тармақталу және циклдар; Функциялар, ерекше жағдайларды өңдеу және объектілер/класстар; Деректермен жұмыс: Файлдарды оқу/жазу, NumPy және Pandas негіздері; API және Web Scraping негіздері (2-кесте).

2 кесте – «Jupyter notebook және Python кітапханалары» модулінің тақырыптары мен практикалық жұмыстары

«Jupyter notebook және Python кітапханалары» модулі		
Апта	**Лекция тақырыптары**	**Практикалық жұмыс**
1	Python тілінің негіздері және деректер типтері	Деректер типтерін түрлендіру, айнымалылар мен жолдық операцияларды қолдану; Jupyter Notebook ортасында интерактивті код жазу және орындау.
2	Python деректер құрылымдары: тізімдер, кортеждер, сөздіктер және жиындар	Lists, Tuples, Dictionaries, Sets типтерін пайдалана отырып, құрылымдалған деректерді өңдеу бойынша лабораториялық жұмыс

2-кестенің жалғасы

3	Шарттар, тармақталу және циклдар	Conditionals, for/while циклдері негізінде күрделі алгоритмдер құрастыру және JupyterLab ортасында тестілеу.
4	Функциялар, ерекше жағдайларды өңдеу және объектілер/класстар	Функциялар құру, Class пен Object модельдерін пайдалану бойынша практикалық зертханалық жұмыс.
5	Деректермен жұмыс: Файлдарды оқу/жазу, NumPy және Pandas негіздері	Текст файлдарын оқу/жазу, NumPy және Pandas-ты қолдану практикалық жұмыстары
6	API және Web Scraping негіздері	API сұраныстарын жасау, web scraping және әртүрлі файл форматтарымен жұмыс (Labs)


NumPy кітапханасы көпөлшемді массивтермен тез әрі тиімді жұмыс жасау үшін қолданылады. Бұл бөлімінің негізгі мақсаты – студенттерге векторланған есептеудің мәнін түсіндіру. Яғни, Python-дағы қарапайым «for» циклымен әр элементті бір-бірлеп өңдеуге қарағанда, NumPy массивтерін қолданып, операцияларды тұтас массивке қолдану әлдеқайда тиімді екенін көрсету. Бұл тәсіл кейінгі нейрондық желілерді немесе үлкен деректер жиынын өңдеуді түсінуге негіз болады, себебі оларда матрицалық операциялар жиі кездеседі.

Pandas кітапханасы құрылымдалған кестелік деректермен жұмыс істеуге арналған қолайлы құрал болып табылады. Онда негізгі деректер құрылымы ретінде DataFrame функциясы қолданылады, ол қарапайым электронды кестедегідей жолдар мен бағандардан тұрады. Pandas кітапханасының ерекшелігі кодтың ішінде деректерді оқып-жазу мүмкіндігі: CSV файлдарынан оқу, нәтижелерді CSV немесе Excel форматына сақтау. Бұл кітапхананы үлкен деректер жиынын жүктеп, оны тазалау және даярлау процестерін көрсету үшін пайдаланады.

Білім алушылар Python ортасында NumPy және Pandas кітапханаларын қолдана отырып деректер жиынын жүктеу, бос және қате мәндерді анықтап жою, деректерді қалыпқа келтіру, қажет емес бағандарды сүзу және негізгі белгілерді таңдау сияқты практикалық жаттығулар орындау арқылы деректерді алдын ала өңдеу түсінігін меңгерді. Бұл – ЖИ үйренудің маңызды қадамы, себебі машиналық оқу моделін үйретпес бұрын деректерді ретке келтіру, қажет параметрлерді бөліп алу, тазалау жұмыстары істеледі. Болашақ мұғалімдерге бұл процесті өздері іс жүзінде жасап көру өте пайдалы тәжірибе болды.

NumPy және Pandas кітапханаларын оқытуда практикалық мысалдарға мән берілді. Әр жаңа функция немесе тәсілді үйренгенде студенттер өз Jupyter notebook бағдарламаларында қолданып көрді. Топтық және жеке тапсырмалар ұйымдастырылды: мәселен, NumPy бойынша – кездейсоқ сандарды генерациялап, олардың арасынан белгілі бір критерийге (мысалы, 0-ден үлкен мәндер) сай элементтерді сұрыптау; Pandas бойынша – шағын деректер жиынынан бір баған бойынша топтық статистика есептеу (мысалы, сынып бойынша орташа балл). Студенттер тапсырмаларды орындағанда қиналған тұстарын бірге қарап, талқылады, қателерін түзету арқылы үйренді.

Python бағдарламалау тілі және оның NumPy, Pandas кітапханалары практикалық тапсырмаларды әзірлеуде және деректерді талдауда қолданылады. Jupyter Notebook веб-интерфейс арқылы жұмыс істейтін интерактивті орта, мұнда мәтін, код, кескін сияқты элементтер бір құжатта біріктіріледі. Ноутбук форматы әсіресе деректер ғылымы мен программалауды оқытуда кең таралған, себебі ол бір уақытта түсіндіруге, код жазып көрсетуге және нәтижелерді визуалдауға мүмкіндік береді [12, б. 823]. Мұндай форматты оқу материалдарын студенттер өз бетінше орындап, зерттеуге мүмкіндік алды (3-сурет). Сондықтан болашақ информатика мұғалімдеріне бұл құралдарды меңгерту – оларды ЖИ практикалық дағдыларын игертудің алғашқы қадамы деп қарастырылды.



3 сурет – Jupyter платформасындағы сабақ үлгісі

Jupyter Notebook программасын пайдалану арқылы өткізілген практикалық сабақтардың бір мысалын қарастырайық. Бұл мысал – сызықтық регрессия моделін қарапайым тәсілмен құру арқылы студенттерге машиналық оқытудың негізгі идеясын көрсету. Сызықтық регрессия – берілген деректерге сызықтық тәуелділікті үйлестіру (аппроксимациялау) әдісі, оны түсіну оңай, әрі NumPy мүмкіндіктерін пайдалануға болады. Кішкентай деректер жинағын генерациялап, оған регрессия (regression) жүргіздік. Берілген тапсырмада білім алушылар сызықтық регрессияның үлгісін NumPy кітапханасы арқылы жүзеге асырды. Генерацияланған деректерге ең кіші квадраттар әдісі қолданылып, алынған коэффициенттер (m≈1.96 c≈1.25) бастапқы формулаға (y=2x+1) жуық шықты. Бұл нәтижелер есептің дұрыстығын және модельдің деректерге жақсы сәйкес келгенін көрсетті (4-сурет).

```
import numpy as np
import matplotlib.pyplot as plt


# Жай сызықтық тәуелділікке ұқсайтын деректер жасаймыз: y = 2x + 1 + шу
x = np.linspace(0, 10, 6)  # 0-ден 10-ға дейінгі аралықтан тең 6 нүкте
y = 2 * x + 1 + np.random.normal(0, 1, x.shape)  # y мәндеріне аздап кездейсоқ шу қосамыз

# Ең кіші квадраттар әдісімен сызықтық регрессияны шешеміз: y = m*x + c
A = np.vstack([x, np.ones(len(x))]).T  # Дизайн матрицасы: [x, 1]
m, c = np.linalg.lstsq(A, y, rcond=None)[0]  # m – еңістік, c – қиылысу

# Нәтижені шығару
print(f"Есептелген сызықтық модель: y = {m:.2f}*x + {c:.2f}")
print("Нақты деректер:", y)

# Деректерді және табылған регрессия сызығын графикте көрсету
plt.scatter(x, y, color="blue", label="Деректер нүктелері")
plt.plot(x, m * x + c, color="red", label="Регрессия сызығы")
plt.xlabel("x")
plt.ylabel("y")
plt.legend()
plt.title("Ең кіші квадраттар әдісімен сызықтық регрессия")
plt.show()
```

```
Есептелген сызықтық модель: y = 1.95*x + 1.77
Нақты деректер: [ 0.6884801  7.02769349  9.32764245 13.74529999 17.42665353 20.85495216]
```



4 сурет – Ең кіші квадраттар әдісімен сызықтық регрессия есебі және диаграммасы

Практикалық жаттығу барысында білім алушылар:

- NumPy құралдарының математикалық есептерді жылдам әрі тиімді шешу мүмкіндіктерін меңгерді;
- Pandas кітапханасы көмегімен деректерді сұраптау және талдау әдістерінің тиімді жолын меңгерді;
- Машиналық оқытудың негізгі қағидасын – деректерге ең қолайлы модельді таңдау және қателіктерді азайту принципін интуитивті түрде түсінді;
- Jupyter Notebook ортасында код пен графикалық нәтижені байланыстырып, визуализация арқылы алынған модельдің сапасын бағалады.

Осылайша, қарапайым регрессиялық мысал студенттерге әрі NumPy және Pandas кітапханаларын тәжірибеде қолдануды, әрі машиналық оқытудың басты идеяларын игеруді қамтамасыз етті. Осындай форматта өткізіліп жатқан сабақтарда студенттердің белсенділігі айрықша артқаны байқалды. Әдеттегі дәрістерде немесе слайд көрсетілімінде күрделірек болып көрінетін ұғымдар (мысалы, «ең кіші квадраттар әдісі») ноутбукте код арқылы көзбен көріп, өздері өзгеріс енгізіп байқап көргенде, әлдеқайда жеңіл түсініледі. Студенттер кодтың әр бөлігін шағын эксперимент алаңы ретінде қолданды: мысалы, жоғарыдағы кодта деректерге шудың деңгейін өзгерту, нүктелер санын көбейту, т.б. нәтижеге әсерін тексерді. Бұл оларға зерттеушілік көзқарасты сіңіреді және болашақта осындай тәсілді оқушыларға да үйретуіне негіз болады.

Нәтижелер. Jupyter Notebook-ты меңгеруі туралы өткізілген сауалнама нәтижелері де оң болды: көпшілігі ноутбук файлмен жұмыс істеу арқылы тақырыптарды жақсы түсінгенін және практикалық дағдысы қалыптасқанын атап өтті. Басқа зерттеулер де біздің зерттеу нәтижемізді қуаттайды: M. Lucas пен P.Bem-Haja жүргізген зерттеулер қорытындысы бойынша интерактивті бағдарламалау ортасын пайдалану білім алушылардың оқу барысындағы белсенділігін күшейткен [10, б. 26].

Зерттеу нәтижесінде «Jupyter Notebook және Python кітапханалары» атты оқу модулі әзірленіп, оқу процесіне енгізілді. Модуль мазмұны Python тілінің негіздері, деректер құрылымдары, шарттар мен циклдар, функциялар, объектілі-бағдарланған программалау, NumPy және Pandas кітапханалары, API және Web Scraping негіздерін қамтыды.

Практикалық сабақтар барысында студенттер Jupyter Notebook интерактивті ортасында деректерді өңдеу, талдау және визуализациялау бойынша тапсырмалар орындады. NumPy кітапханасын пайдалану арқылы векторланған есептеулерді орындау, Pandas DataFrame құрылымымен жұмыс істеу, CSV және Excel форматтарындағы деректерді өңдеу дағдылары қалыптасты. Студенттер деректерді алдын ала өңдеу, сұрыптау, топтық статистика есептеу, графиктер тұрғызу сияқты тәжірибелік жұмыстарды орындау арқылы машиналық оқытудың негізгі қағидаларын меңгерді.

Зерттеу аясында сызықтық регрессия моделін құру бойынша практикалық тапсырмалар ұйымдастырылды. Студенттер NumPy кітапханасының көмегімен ең кіші квадраттар әдісін қолданып, деректерге сәйкес модель құруды жүзеге асырды. Нәтижесінде білім алушылар:

- математикалық есептерді тиімді шешу тәсілдерін;

- машиналық оқытудың негізгі қағидаларын;
- деректерді визуализациялау арқылы модель сапасын бағалау әдістерін меңгерді.

Жалпы зерттеу нәтижелері болашақ информатика мұғалімдеріне арналған «Жасанды интеллект негіздері» пәні аясында Jupyter Notebook және Python кітапханаларын қолдану әдістемесінің тиімді екенін көрсетті. Ұсынылған әдістеме студенттердің деректерді талдау, өңдеу, визуализациялау және машиналық оқыту элементтерін қолдану құзыреттіліктерін дамытуға мүмкіндік берді. Бұл болашақ мұғалімдердің ЖИ технологияларын білім беру процесінде тиімді пайдалануына негіз болады. Практикалық сабақтар соңында әр топтық жұмыстың нәтижелері бірге талқыланды. Студенттер өз экрандарындағы нәтижені демонстрациялап, басқалармен салыстырды. Егер біреуінде қате шықса, бірге қарап, түзету жолдары көрсетілді (мысалы, қажет кітапхананы импорттауды ұмыту, индекстеуде қателік жасау сияқты жиі кездесетін қателерді талдадық). Бұл біріншіден, қателіктерден үйренуге, екіншіден, бірлесіп проблемаларды шешуге көмек берді.

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты бойынша болашақ информатика пәні мұғалімдеріне жасанды интеллект пәнін оқыту әдістемесінің тиімділігін бағалау үшін жүргізілген эксперименттік жұмыстар нәтижелері бойынша білім алушылардың білімі: жоғары, орта, төмен деңгейлерімен бағаланды.

Жоғары деңгей – білім алушының жасанды интеллект пәні бойынша дайындалған элективті курсты толықтай меңгергендігі, алған білімін қолдана алуы, яғни Jupyter notebook және Python кітапханаларын игеру бойынша есептер шығара алуымен сипатталады.

Орта деңгей – білім алушының жасанды интеллект пәні бойынша дайындалған элективті курсты толықтай меңгергендігі, алған білімін қолдана алуы, Jupyter notebook және Python кітапханаларын игеру бойынша есептер шығара алу алгоритмін меңгерсе де есептерді өз бетінше шығаруда қиналуымен сипатталады.

Төмен деңгей – білім алушының теориялық және практикалық мәліметтерде меңгере алмауы, өз бетінше есептерді шығара алмауымен сипатталады.


Білім алушылардың элективті курста берілген білімдерді игергендігін салыстырмалы талдау 3-кестеде келтірілген.

3-кесте – Білім алушылардың тапсырма орындау нәтижелерін салыстырмалы талдау

Топ	Топтағы оқушы саны	Баға алған білім алушылар				Білім сапасы	Үлгерімі
		90-100	70-89	50-69	1-49		
Экспериментке дейін							
Эксперимент	57	9	23	23	3	56%	98%
Бақылау	49	9	10	28	2 2	39%	96%
Экспериментке кейін							
Эксперимент	57	16	27	14	0 0	75%	100%
Бақылау	49	11	11	26	1	45%	98%


Білім алушылардың жасанды интеллект пәнінен білім деңгейін анықтау мақсатында қорытынды сынақ ұйымдастырылды. Қорытынды жұмыстары «90-100», «70-89», «50-69», «1-49» деген баллдармен бағаланды.

Эксперименттік топтағы білім алушылар білім деңгейі (оқушы саны %-бен) берілді (-сурет).



5 сурет – Эксперимент топ нәтижесі

Бақылау тобында білім алушылардың білім деңгейі (білім алушы саны %-бен берілді (2.12-сурет).



6 сурет – Бақылау топ нәтижесі

Бақылау тобы мен эксперименттік топтарда білім алушылардың білім деңгейі – оқушы саны %-бен берілді (6-сурет).

Зерттеу жұмысы бойынша Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ информатика білім беру бағдарламасының білім алушылары Jupyter notebook және Python кітапханаларын игеру бойынша есептер шығара алуын анықтау мақсатында педагогикалық эксперименттің сандық, сапалық көрсеткіштерін талдауда Манн-Уитнидің статистикалық критериі қолданылды. Критери келесі формуламен есептелді:

$$U = n_1 + n_2 + \frac{(n_x + 1)}{2} - T_x$$

Бұл жердегі:

n_1 – 1-ші таңдаманың элементтер саны;

n_2 – 1-ші таңдаманың элементтер саны;

$T_x - n_x$ элементтен құралған таңдама рангтерінің қосынды үлкені.

Педагогикалық эксперимент Манн-Уитни статистикалық критериін есептеу арқылы өңдеу төменде келтірілді.

Бірінші қадам бақылау және эксперимент топтарындағы білім алушылардың экспериментке дейінгі білім деңгейлерін салыстыру мақсатында алынған сынақ тапсырмасы нәтижелері салыстырылды.

Гипотеза тұжырымдайық:

H_0: Жасанды интеллект пәнінен Jupyter notebook және Python кітапханаларын игеру бойынша есептер шығара алуы бойынша бір топ – эксперимент тобы және екінші топ – бақылау тобы білім деңгейінен төмен емес.

H_1: Жасанды интеллект пәнінен Jupyter notebook және Python кітапханаларын игеру бойынша есептер шығара алуы бойынша бір топ – эксперимент тобы және екінші топ – бақылау тобы білім деңгейінен төмен.

Манн Уитни критериімен есептеудің нәтижесінде:

$T_x = 2982;\ n_1 = 57;\ n_2 = 49;\ n_x = 57$

$U_{эмп} = 1329$

Осы таңдамалардағы критикалық мәндер: $U_{0.01} = 1028;\ U_{0.05} = 1136\ U_{эмп} > U_{кр}(0{,}05)$.

Алынған нәтиже бойынша H_1 гипотезаны жоққа шығарамыз. H_0 гипотезасын қабылдаймыз.

Екінші әрекет осындай есептеулер жүргізе отырып,эксперименттік топтағы білім алушылар экспериментккe дейінгі және де эксперименттен кейінгі нәтижелерді салыстыруға болады.

Екінші қадам кезінде есептей отырып, білім алушылардың экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі нәтижелерді салыстыруға болады.

Гипотезалар:

H_0: экспериментке дейінгі топ білім алушылары білім деңгейлерін эксперименттен кейінгі білім деңгейінен төмен емес.

H_1: экспериментке дейінгі топтың білім алушылары білім деңгейі эксперименттен кейінгі топ оқушыларының білім деңгейінен төмен.

T_x=3695; $n_1 = 57; n_2 = 57;\ n_2 = 57;\ n_x = 57.$

$U_{эмп} = 12077$

Осы таңдалғандар үшін критикалық мәндер:

$U_{0,01} = 1213;\ U_{0,05} = 1333.$

$U_{эмп} < U_{кр}(0,01).$

Алынған нәтиже бойынша H_0 гипотезасын жоққа шығарайық және H_1 гипотезасын қабылдаймыз. Критеридің алынған эмпирикалы мәні «маңыздылық аймағында» орналасқан, демек, арасындағы білім деңгейлерінің айырмашылығы – айтарлықтай. Бұл ұсынған әдістеменің тиімділігін дәлелдейді.

Үшінші қадам- бақылау тобындағы білім алушылардың экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі нәтижелерін салыстыра отырып, келесі нәтижелер пайда болды:

Гипотезалар:

H_0: экспериментке дейінгі топтың білім алушылары білім деңгейлері эксперименттен кейінгі топ оқушыларын білім деңгейінен төмен емес.

H_0: экспериментке дейінгі топтың оқушылары білім деңгейлері эксперименттен кейінгі топтың білім алушыларының білім деңгейінен төмен.

$T_x = 2503;\ n_1 = 49;\ n_2 = 49;\ n_x = 49.$

$U_{эмп} = 1109,5.$

Осы таңдалғандар үшін критикалық мәндер: $U_{0,01} = 872;\ U_{0,05} = 968.$

$U_{эмп} > U_{кр}(0.5).$

Критеридің эмперикалық мәні айтарлық емес аймаққа түсіп тұр, яғни дәстүрлі оқыту жүйесі бойынша білім алған білім алушылар білім деңгейлері айтарлық өзгермеген.

Төртінші қадам бақылау мен эксперимент тобындағы оқушылардың эксперименттен кейінгі білім деңгейлерін салыстыру мақсатында алынған сынақ тапсырма нәтижелері салыстырылды.

Гипотезаларды тұжырымдайық:

H_0: Жасанды интеллект пәнінен Jupyter notebook және Python кітапханаларын игеру бойынша есептер шығара алуы бойынша эксперименттік топ оқушыларының білім деңгейі бақылау тобы білім оқушыларының білім деңгейінен төмен.

H_1: «Jupyter notebook және Python кітапханалары» элективті курсы бойынша эксперимент тобы білім алушыларының білім деңгейі бақылау тобы оқушыларының білім деңгейінен төмен.

Манн Уитни критериімен есептеу нәтижесінде:

$T_x = 3422.5;\ n_1 = 57;\ n_2 = 49;\ n_x$ =57.

$U_{эмп}$= 1023.5.

Осы таңдалғандар үшін критикалық мән: $U_{0,01}$=1028; $U_{0,05}$=1136.

$U_{эмп} < U_{кр}(0,01)$.

Алынған нәтиже бойынша H_0 гипотезасын жоққа шығарамыз, H_1 гипотезасын қабылдаймыз. Критеридің алынған эмпирикалық мәні «маңыздылық аймағында» орналасқан, демек, білім деңгейлерінің арасындағы айырмашылық айтарлықтай. Бұл эксперимент тобындағы білім алушылардың білім деңгейлері бақылау тобындағы білім алушылардың білім деңгейіне қарағанда анағұрлым өзгергендігін дәлелденді.

Талқылау. Зерттеу барысында әзірленген «Jupyter Notebook және Python кітапханалары» модулі білім алушылардың практикалық белсенділігін арттырып, бағдарламалау мен деректерді өңдеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді. Практикалық жұмыстарды орындау барысында студенттер деректерді жүктеу, өңдеу, сұрыптау, визуализациялау және қарапайым машиналық оқыту модельдерін құру сияқты әрекеттерді өз бетінше орындады. Бұл тәсіл білім алушылардың тек теориялық білімін ғана емес, зерттеушілік және алгоритмдік ойлау қабілеттерін де дамытуға ықпал етті. Әсіресе Jupyter Notebook интерактивті ортасында код пен нәтижені қатар көру мүмкіндігі күрделі ұғымдарды түсінуді жеңілдетті.

NumPy және Pandas кітапханаларын оқытуда қолданылған практикалық тапсырмалар студенттердің қызығушылығын арттырды. Мысалы, сызықтық регрессия моделін құру барысында білім алушылар ең кіші квадраттар әдісін пайдаланып, деректерге сәйкес модель құруды жүзеге асырды. Бұл тапсырмалар арқылы студенттер машиналық оқытудың негізгі қағидаларын тәжірибе жүзінде түсініп, деректерді талдау мен визуализациялау әдістерін меңгерді. Осындай практикалық бағыттағы оқыту білім алушылардың ЖИ технологияларын тереңірек түсінуіне жағдай жасады.

Эксперимент нәтижелері ұсынылған әдістеменің тиімділігін статистикалық тұрғыдан дәлелдеді. Бұл ұсынылған әдістеменің болашақ информатика мұғалімдерінің ЖИ құзыреттілігін дамытуда тиімді екендігін дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелері отандық және шетелдік ғылыми еңбектермен сәйкес келеді. Lucas M., Bem-Haja P. және басқа зерттеушілер интерактивті бағдарламалау орталарын пайдалану білім алушылардың оқу белсенділігін арттыратынын көрсеткен. Сонымен қатар Walter Y. және өзге авторлар мұғалімдерді даярлау бағдарламаларына ЖИ тақырыптарын енгізудің қажеттілігін атап өткен. Біздің

зерттеу нәтижелері де осы тұжырымдарды қуаттай отырып, болашақ информатика мұғалімдерін даярлауда Python, NumPy, Pandas және Jupyter Notebook құралдарын жүйелі түрде енгізудің маңыздылығын айқындады.

Осылайша, зерттеу барысында ұсынылған әдістеме болашақ информатика мұғалімдерінің деректерді талдау, өңдеу, визуализациялау және машиналық оқыту элементтерін қолдану құзыреттіліктерін дамытуға мүмкіндік берді. Бұл өз кезегінде олардың ЖИ технологияларын білім беру үдерісінде тиімді пайдалануына және мектеп оқушыларына ЖИ негіздерін сапалы меңгертуіне негіз болады.

Қорытынды. Зерттеу нәтижесінде болашақ информатика мұғалімдеріне жасанды интеллект негіздері пәнінің мазмұнындағы “Jupyter notebook және Python кітапханалары” оқу модулінің әдістемесінің тиімділігі Python тілінің негізгі кітапханаларын (NumPy, Pandas) меңгеруі тапсырмаларды орындауы арқылы деректерді талдау, өңдеу, визуализациялау дағдыларын қалыптасқандығымен көрінді. Сабақ барысында студенттердің белсенділігі, өз бетінше ізденуі және топтық жұмысқа бейімділігі артты.

Зерттеу барысында ұсынылған оқыту әдістемесі болашақ информатика мұғалімдерінің жасанды интеллект саласындағы білімдерін кеңейтіп, олардың Python бағдарламалау тілін, деректерді талдау және визуализациялау құралдарын кәсіби деңгейде қолдану құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік берді. Ұсынылған әдістеме болашақта мектеп информатикасына ЖИ элементтерін енгізуде, оқушылардың цифрлық және алгоритмдік сауаттылығын дамытуда тиімді педагогикалық құрал ретінде қолдануға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 **Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың “Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары” атты Қазақстан халқына Жолдауы** [Электронды ресурс] – URL: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletti-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333 (Жүгінген күні: 15.11.2025).

2 **Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі “Жасанды интеллектті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы” №592 қаулысы** [Электронды ресурс] – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000592 (Жүгінген күні: 20.02.2026).

3 **Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы** [Электронды ресурс] – URL: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-zhasandy-intellekt-dauirindegi-kazakstan-ozekti-maseleler-zhane-ony-tubegeyli-cifrlyk-ozgerister-arkyly-sheshu-881957 (Жүгінген күні: 30.11.2025).

4 **Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы** [Электронды ресурс] – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031 (Жүгінген күні: 01.12.2025).

5 **Асқарқызы С., Жунусбекова А. XXI ғасырдың жасанды интеллектісі білім беру жүйесінде: SWOT – талдау** [Мәтін] / С. Асқарқызы, А. Жунусбекова // *ҚазҰУ хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар сериясы.* – 2024. – №2 (79). – Б. 26-35. https://doi.org/10.26577/JES2024790203.

6 **Сағымбаева А.Е., Жақсылықов А.Е., Шекербекова Ш.Т., Жамкеева А.Б. Генеративті жасанды интеллект технологиясының программалаудан ЖОО студенттерінің білімін бақылаудағы рөлі** [Мәтін] / А.Е. Сағымбаева, А.Е. Жақсылықов, Ш.Т. Шекербекова, А.Б. Жамкеева // *Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Физика-математика ғылымдары сериясы.* – 2024. – № 3(87). – Б. 320-330. https://doi.org/10.51889/2959-5894.2024.87.3.027.

7 **Жангозин А.К. Интеграция ИИ в образование: использование потенциала и решение проблем** [Текст] / А.К.Жангозин // *Педагогический диалог.* – 2025. – Вып. 53. – №3. https://doi.org/10.62670/2308-7668.2025.53.3.001.

8 **Кушеккалиев А.Н., Искалиева А.У., Имангалиева Б.С. Білім және жасанды интеллект** [Мәтін] / А.Н. Кушеккалиев, А.У. Искалиева, Б.С. Имангалиева // *Ясауи университетінің хабаршысы.* – 2025. – №*3* (137). – Б. 299-316. https://doi.org/10.47526/2025-3/2664-0686.252.

9 **Мұхамбетәлиева З.Ш., Зейнолла С.Ж., Узакова А.Б., Кокталов Н.М. Сапалы білім беруде (ТДМ 4) жасанды интеллект арқылы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту** [Мәтін] / З.Ш. Мұхамбетәлиева, С.Ж. Зейнолла, А.Б. Узакова, Н.М. Кокталов // *І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Хабаршысы.* – 2025. – №*3* (116). – Б. 161-170. https://doi.org/10.53355/ZHU.2025.116.3.015.

10 **Walter Y. Embracing the future of Artificial Intelligence in the classroom: the relevance of AI literacy, prompt engineering, and critical thinking in modern education** [Text] / Y. Walter // *International Journal of Educational Technology in Higher Education.* – 2024. – Vol. 21, art. no. 15. https://doi.org/10.1186/s41239-024-00448-3.

11 **Lucas M. et al. A Comparative Analysis of Pre-Service Teachers' Readiness for AI Integration (Portugal and Spain**) [Text] / M. Lucas et al. // *Computers and Education: Artificial Intelligence.* – 2025. – Vol. 8. https://doi.org/10.1016/j.caeai.2025.100396.

12 **VanderPlas J. Python Data Science Handbook: Essential Tools for Working with Data.** 2nd Edition [Text] / J. VanderPlas. – Sebastopol: O'Reilly Media, 2022. – 576 p.

13 **McKinney W. Python for Data Analysis: Data Wrangling with Pandas, NumPy, and Jupyter.** 3rd Edition [Text] / W. McKinney. – Sebastopol: O'Reilly Media, 2022. – 550 p.

14 **Geron A. Hands-On Machine Learning with Scikit-Learn, Keras, and TensorFlow.** 3rd Edition [Text] / A. Geron. – Sebastopol: O'Reilly Media, 2022. – 856 p.

REFERENCES:

1 **Memleket basshysy Kasym-Zhomart Tokaevtyn "Adiletti Kazakstannyn ekonomikalyk bagdary" atty Kazakstan halkyna Zholdauy** [President Kassym-Jomart Tokayev`s State of the Nation Address "Economic course of a Just Kazakhstan"]. Available at: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletti-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333 (accessed 15 November 2025). (In Kazakh)

2 **Kazakstan Respublikasy Ukimetinin 2024 zhylgy 24 shildedegi "Zhasandy intellektti damytudyn 2024-2029 zhyldarga arnalgan tuzhyrymdamasyn bekitu turaly" №592 kaulysy** [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan No. 592 of July 24, 2024 "On the Approval of the Concept for the Development of Artificial Intelligence for 2024-2029"]. Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000592 (accessed 20 February 2026). (in Kazakh)

3 **Memleket basshysy Kasym-Zhomart Tokaevtyn «Zhasandy intellekt dauirindegi Kazakstan: ozekti maseleler zhane ony tubegejli cifrlyk ozgerister arkyly sheshu» atty Kazakstan halkyna Zholdauy** [Address to the Nation by Kassym-Jomart Tokayev "Kazakhstan in the Era of Artificial Intelligence: Current Challenges and Their Solutions through Fundamental Digital Transformation"]. Available at: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-zhasandy-intellekt-dauirindegi-kazakstan-ozekti-maseleler-zhane-ony-tubegeyli-cifrlyk-ozgerister-arkyly-sheshu-881957 (accessed 30 November 2025). (In Kazakh)

4 **Mektepke dejingi tarbie men okytudyn, bastauysh, negizgi orta, zhalpy orta, tehnikalyk zhane kasiptik, orta bilimnen kejingi bilim berudin memlekettik zhalpyga mindetti standarttaryn bekitu turaly: Kazakstan Respublikasy Oku-agartu ministrinin 2022 zhylgy 3 tamyzdagy №348 bujrygy** [On the Approval of the State Compulsory Standards for Preschool Upbringing and Education, Primary, Basic Secondary, General Secondary, Technical and Vocational, and Post-Secondary Education: Order of the Minister of Education of the Republic of Kazakhstan No. 348 dated August 3, 2022]. Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031 (accessed 01 December 2025). (In Kazakh)

5 **Askarkyzy S., Zhunusbekova A. XXI gasyrdyn zhasandy intellektisi bilim beru zhuyesinde: SWOT-taldau** [XXI century artificial intelligence in education: SWOT-analysis]. *KazUU habarshysy. Pedagogikalyk gylymdar seriyasy*, 2024, vol. 79, no. 2, pp. 26-35. https://doi.org/10.26577/JES2024790203. (In Kazakh)

6 **Sagimbayeva A.E., Zhaxylykov A.E., Shekerbekova S.T., Zhamkeeva A.B. Generativti zhasandy intellekt tehnologiyasynyn programmalaudan ZhOO studentterinin bilimin bakylaudagy roli** [The role of generative artificial intelligence technology in controlling the knowledge of university students in programming]. *Abaj atyndagy KazUPU Habarshysy. Fizika-matematika gylymdary seriyasy*, 2024, vol. 87, no. 3, pp. 320-330. https://doi.org/10.51889/2959-5894.2024.87.3.027. (In Kazakh)

7 **Zhangozin A.K. Integraciya II v obrazovanie: ispol'zovanie potenciala i reshenie problem** [Integrating AI into education: harnessing potential and solving problems]. *Pedagogicheskij dialog*, 2025, iss. 53, no. 3. https://doi.org/10.62670/2308-7668.2025.53.3.001. (In Russian)

8 **Kushekkaliev A.N., Iskaliyeva A.U., Imangaliyeva B.S. Bilim zhane zhasandy intellect** [Education and Artificial Intelligence]. *Yasaui universitetinin habarshysy*, 2025, vol. 137, no. 3 (137), pp. 299-316. https://doi.org/10.47526/2025-3/2664-0686.252. (In Kazakh)

9 **Muhambetalieva Z.Sh., Zejnolla S.Zh., Uzakova A.B., Koktalov N.M. Sapaly bilim berude (TDM 4) zhasandy intellekt arkyly pedagogterdin kasibi kuzyrettiligin damytu** [Developing teachers' professional competencies through Artificial Intelligence in quality education (SDG 4)]. *I.Zhansugirov atyndagy Zhetisu universitetinin Habarshysy*, 2025, vol. 116, no. 3, pp. 161-170. https://doi.org/10.53355/ZHU.2025.116.3.015. (In Kazakh)

10 **Walter Y. Embracing the future of Artificial Intelligence in the classroom: the relevance of AI literacy, prompt engineering, and critical thinking in modern education.** *International Journal of Educational Technology in Higher Education*, 2024, vol. 21, art. 15. https://doi.org/10.1186/s41239-024-00448-3.

11 **Lucas M. et al. A Comparative Analysis of Pre-Service Teachers' Readiness for AI Integration (Portugal and Spain).** *Computers and Education: Artificial Intelligence,* 2025, vol. 8. https://doi.org/10.1016/j.caeai.2025.100396.

12 **VanderPlas J. Python Data Science Handbook: Essential Tools for Working with Data.** 2nd Edition, Sebastopol, O'Reilly Media, 2022, 576 p.

13 **McKinney W. Python for Data Analysis: Data Wrangling with Pandas, NumPy, and Jupyter.** 3rd Edition, Sebastopol, O'Reilly Media, 2022, 550 p.

14 **Geron A. Hands-On Machine Learning with Scikit-Learn, Keras, and TensorFlow.** 3rd Edition. Sebastopol, O'Reilly Media, 2022, 856 p.

Авторлар туралы мәліметтер:

Кошанова Гулназира Данебековна – педагогика ғылымдарының кандидаты, математика кафедрасының аға оқытушысы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақстан Республикасы, 161200 Түркістан қ., Б.Саттарханов көш 29А, тел.: 87771049383, e-mail: gulnazira.koshanova@ayu.edu.kz.*

Миндетбаева Акнур Амангелдиевна – магистр, педагог-зерттеуші, директордың ғылыми істер жөніндегі орынбасары, Нұртас Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп-интернаты, Қазақстан Республикасы, 161224 Түркістан қ., А.Усенов көш. 71, тел.: 87014162530, e-mail: aknur71@mail.ru.

Жұмабай Нұрай Жұмағалиқызы – магистрант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақстан Республикасы, 161224 Түркістан қ., А.Усенов көш. 71, тел.: 87009559571, e-mail: nurayjumabay07@gmail.com.

Кошанова Гулназира Данебековна – кандидат педагогических наук, старший преподаватель кафедры математики, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Республика Казахстан, 161200, г. Туркестан, пр. Б. Саттарханова 29А, тел.: 87771049383, e-mail: gulnazira.koshanova@ayu.edu.kz.*

Миндетбаева Акнур Амангелдиевна – магистр, педагог-исследователь, заместитель директора по научной работе, специализированная школа-интернат имени Нуртаса Ондасынова, Республика Казахстан, 161224, г. Туркестан, ул. А. Усенова, 71, тел.: 87014162530, e-mail: aknur71@mail.ru.

Жумабай Нұрай Жұмағалиқызы – магистрант, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Республика Казахстан, 161224, г. Туркестан, ул. А. Усенова 71, тел.: 87009559571, e-mail: nurayjumabay07@gmail.com.

Koshanova Gulnazira Danebekovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer, Department of mathematics, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Republic of Kazakhstan, 161200, Turkistan, 29A B.Sattarkhanov Ave., tel.: 87771049383, e-mail: gulnazira.koshanova@ayu.edu.kz.*

Mindetbayeva Aknur Amangeldiyevna – Master, Teacher-Researcher, Deputy Director for Scientific Affairs, Nurtas Ondasynov Specialized Boarding School, Republic of Kazakhstan, 161224, Turkistan, 71 A. Usenov Str., tel.: 87014162530, e-mail: aknur71@mail.ru.

Zhumabay Nuray Zhumagalikyzy – Master's student, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Republic of Kazakhstan, 161224, Turkistan, 71 A. Usenov Str., tel.: 87009559571, e-mail: nurayjumabay07@gmail.com.

IRSTI 14.33.07
UDC 58.02
https://doi.org/10.52269/SKVC2622158

WAYS TO DEVELOP PROJECT AND RESEARCH SKILLS OF 8TH GRADE STUDENTS THROUGH THE STEAM EDUCATION SYSTEM

Kulanova F.A. – PhD student, Teacher-expert, Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Republic of Kazakhstan.*

Poshayev D.K. – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Republic of Kazakhstan.

Baitureyev D.Sh. – Master, Teacher-expert, Nazarbayev Intellectual School of Physics and Mathematics, Shymkent, Republic of Kazakhstan.

Kudabayeva P.A. – PhD, Acting Associate Professor, M.Kh. Dulaty Taraz University, Taraz, Republic of Kazakhstan.

The development of project-research skills of school-age students plays an important role in shaping a successful and competitive personality in the future. The introduction of the STEAM (science, technology,

engineering, art, and mathematics) education system into the educational process is an innovative way to develop students' interest in project work. The study analyzes the results of conducting research using the STEAM education system during the lesson through interdisciplinary approaches through horizontal planning. Action-research was also conducted based on previous best practices. The impact of the methods and approaches used in action research on student development and their academic achievements in the subject is highlighted, and recommendations are given for the further development of STEAM education in the educational environment. The conducted action-research work is aimed at assessing the content results of subject integration in the content of the visual arts lesson by the content of the curriculum. In addition, the main point of the study is to fully reveal the connection between art and science. Here, through art lessons, students are taught to create projects, work with data, analyze, and synthesize. The research focuses on the development of design and research skills of primary school students using the STEAM teaching method. The scope of the problems is identified, and ways to choose teaching methods based on the individual abilities of the student are discussed. Teaching methods developed using sources are considered an opportunity to increase the effectiveness of teaching. The study also considers the close relationship of creative disciplines with natural sciences and their methods. This is evidenced by the positive results of the study. The study contributed to the development of students' design and research skills and increased their interest in experimental activities. Successful aspects of the study and aspects that need improvement are indicated. The study confirms the relevance of the research topic and was carried out at a high methodological standard.

Keywords: *project-based research skills, STEAM teaching methods, design skills, formative assessment, research, problem identification, effective methods.*

8 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖОБАЛЫҚ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУШІЛІК ДАҒДЫЛАРЫН STEAM БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Куланова Ф.А. – PhD докторант, мұғалім-сарапшы, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы.*

Пошаев Д.К. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы.

Байтуреев Д.Ш. – магистр, мұғалім-сарапшы, физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы.

Құдабаева П.А. – PhD, қауымдастырылған профессордың м.а., М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ., Қазақстан Республикасы.

Мектеп жасындағы оқушылардың жобалық-зерттеушілік дағдыларын дамыту болашақта табысты және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Білім беру үдерісіне STEAM (ғылым, технология, инженерия, өнер және математика) білім беру жүйесін енгізу оқушылардың жобалық жұмысқа деген қызығушылығын дамытудың инновациялық тәсілі болып табылады. Зерттеуде көлденең жоспарлау арқылы пәнаралық тәсілдер арқылы сабақ барысында STEAM білім беру жүйесін қолдану арқылы зерттеу жүргізу нәтижелері талданады. Бұған дейінгі озық тәжірибелер негізінде іс-әрекеттік-зерттеу де жүргізілді. Іс-әрекетті зерттеуде қолданылатын әдістер мен тәсілдердің оқушының дамуына және олардың пән бойынша оқу жетістіктеріне әсері көрсетіліп, білім беру ортасында STEAM білім беруді одан әрі дамыту бойынша ұсыныстар берілді. Өткізілген іс-әрекеттік-зерттеу жұмысы оқу бағдарламасының мазмұны бойынша бейнелеу өнері сабағының мазмұнындағы пәндерді кіріктірудің мазмұндық нәтижелерін бағалауға бағытталған. Сонымен қатар, зерттеудің негізгі түйіні – өнер мен ғылымның байланысын толық ашу. Мұнда өнер сабақтары арқылы оқушыларды жоба құруға, мәліметтермен жұмыс жасауға, талдауға, синтездеуге үйретеді. Зерттеу жұмысында STEAM оқыту әдісін қолдана отырып, бастауыш сынып оқушыларының жобалау және зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған. Проблемалардың ауқымы анықталып, оқушының жеке қабілетіне қарай оқыту әдістерін таңдау жолдары талқыланады. Дереккөздер арқылы жасалған оқыту әдістері оқытудың тиімділігін арттыру мүмкіндігі ретінде қарастырылады. Зерттеуде шығармашылық пәндердің жаратылыстану ғылымдарымен және олардың әдістерімен тығыз байланысы да қарастырылады. Бұған зерттеудің оң нәтижелері дәлел. Зерттеу нәтижесінде оқушылардың жобалау, зерттеушілік дағдылары дамып, тәжірибе жасауға қызығушылықтары арта түсті. Зерттеудің сәтті аспектілері мен жақсартуды қажет ететін аспектілері көрсетілген. Зерттеудің өзектілігі анықталып, оның ең жақсы деңгейде жүргізілгені көрсетілді.

Түйінді сөздер: *Жобаға негізделген зерттеу дағдылары, STEAM оқыту әдістері, жобалау дағдылары, формативті бағалау, зерттеу, проблеманы анықтау, тиімді әдістер.*

ПУТИ РАЗВИТИЯ ПРОЕКТНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ НАВЫКОВ УЧАЩИХСЯ 8-ГО КЛАССА ЧЕРЕЗ СИСТЕМУ ОБРАЗОВАНИЯ STEAM

Куланова Ф.А. – PhD докторант, учитель-эксперт, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Өзбекәлі Жәнібеков, г. Шымкент, Республика Казахстан.*

Пошаев Д.К. – доктор педагогических наук, профессор, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Өзбекәлі Жәнібеков, г. Шымкент, Республика Казахстан.

Байтуреев Д.Ш. – магистр, учитель-эксперт, Назарбаев Интеллектуальная школа физико-математического направления, г. Шымкент, Республика Казахстан.

Кудабаева П.А. – PhD, и.о. ассоциированного профессора, Таразский университет имени М.Х. Дулати, г. Тараз, Республика Казахстан.

Развитие проектно-исследовательских навыков учащихся школьного возраста играет важную роль в формировании успешной и конкурентоспособной личности в будущем. Внедрение в образовательный процесс системы STEAM-образования (естественные науки, технологии, инженерия, искусство, математика) является инновационным способом развития интереса учащихся к проектной работе. В исследовании анализируются результаты проведения исследований с использованием системы STEAM-образования на уроке с использованием междисциплинарных подходов посредством горизонтального планирования. Также проводилось прикладное исследование с использованием передового опыта. Отмечено влияние методов и подходов, используемых в прикладном исследовании, на развитие учащихся и их академические достижения по предмету, а также даны рекомендации по дальнейшему развитию STEAM-образования в образовательной среде. Проведенная прикладная исследовательская работа направлена на оценку содержательных результатов интеграции предмета в содержание урока изобразительного искусства в рамках учебной программы. Кроме того, основной целью исследования является всестороннее раскрытие связи искусства и науки. На уроках изобразительного искусства школьники учатся создавать проекты, работать с данными, анализировать и синтезировать. Исследование посвящено развитию проектно-исследовательских навыков учащихся начальной школы с использованием метода обучения STEAM. Выявлен круг проблем и обсуждены способы выбора методов обучения с учетом индивидуальных способностей учащегося. Разработка методов обучения с использованием источников рассматривается как возможность повышения эффективности обучения. В исследовании также рассматривается тесная связь творческих дисциплин с естественнонаучными дисциплинами и их методами, о чем свидетельствуют положительные результаты. В результате проведенной работы у учащихся были развиты проектно-исследовательские навыки, появился интерес к экспериментированию. Указаны успешные аспекты исследования и аспекты, требующие улучшения. Определена актуальность, отмечается, что исследование проведено на оптимальном уровне.

Ключевые слова *навыки проектного исследования, методы обучения STEAM, проектные навыки, формирующее оценивание, исследование, выявление проблем, эффективные методы.*

Introduction. The digital transformation of society that is taking place today requires a radical renewal and improvement of not only the economic but also the social sphere, including in the field of education. In various countries, a STEAM education system has been introduced, aimed at developing students' creative abilities and problem-solving skills. Within this framework, special attention is paid to the interdisciplinary integration of creativity and art with science through STEAM approaches.

Self-management and regulation pose some challenges in developing students' project-research skills within STEAM. Therefore, action research is aimed at ensuring that children apply the theoretical knowledge they have gained in practice by creating various projects. STEAM education for preschoolers allows them to think scientifically, starting with simple concepts and methods such as observation, classification, measurement, and experimentation [1, p. 204]. These processes can serve as the basis for a deeper understanding of science in the future. STEAM encourages children to conduct experiments, use cause-and-effect relationships, and formulate and test hypotheses. All this contributes to the development of a systematic approach to understanding scientific processes.

In Kazakhstan, STEAM education is more focused on training future engineers and specialists in technical specialties. The educational program of Kazakhstan includes projects aimed at developing engineering thinking and technology from a very early age. Robotics and programming projects implemented in preschool institutions play an important role in developing children's basic technical skills [2, p. 55]. More specifically, they receive theoretical knowledge in mathematics, technology, and other natural science lessons, and in art lessons, they apply this knowledge in practice and take steps to create various projects.

In addition, the role of creative subjects is important in supplementing the knowledge of mathematics, technology, and natural sciences received at school. It also arouses the child's interest in the subject and increases their subject knowledge. Innovation and adaptation to the needs of students in the field of creative work and art are one of the main requirements for modern teachers. Here, the importance of professional development and mastering various methods and approaches is clearly visible. The effectiveness of teaching

knowledge is measured not only in school but also by its orientation to real-life skills and experience. Therefore, there is a lot of interesting information about technical automated systems that increase students' interest and teach life skills: robotics, design, programming, modeling, and 3D design [3, p. 2].

Of course, in the content of education, each teacher creates, changes, and adapts their plan in accordance with the objectives of the lesson, using strategies depending on the teaching methods, student perception, and age, based on their desires and needs, and in order to create a comfortable environment for the lesson. In this case, a close study of students in each class with the specifics of each parallel class is also not overlooked. There is a centuries-old history of developing theoretical and practical aspects of creative development and self-development of the personality. The ideas of developing human creative abilities were put forward in ancient times (Socrates, Plato, Aristotle, Plutarch, Heraclitus, Quintilian), and in the Renaissance, the ideal of education was the development of a person, a comprehensive manifestation of their abilities (E. Rotterdamsky, T. More, J. J. Rousseau) [4, p. 112].

The sophists considered creativity as an activity aimed at creating aesthetic, artistic values [5, p. 78]. It is known that this concept is used in the works of scientists as “research activity” or “research skills.” According to foreign scientists, scientific research of students strengthens the child’s analytical skills and develops the ability to search and use information [6, p. 45]. As we have seen from the study of E.V. Nabiyeva, the following presentation of research competence reflects the psychological components of research, namely motivational, cognitive, activity, value-semantic, emotional-volitional, etc. Motivational component assumes the presence of motives underlying a positive attitude to research activities in education and is analyzed as a result of research competence [7, p. 338].

In the conducted study, the development of creative thinking by forming project-research skills of primary school students is the main tool here. Creative abilities can be a structure that allows creating new theories in research, implementing subjective scientific ideas, and generating something new. Researchers separate research skills from creativity. Often, research is associated with necessity and is called an activity aimed at achieving a goal, while creativity is distinguished by originality. In addition, “creativity” and “research” are described as complementary categories, since research is a necessary component of creativity [8, p. 112]. Many students find it difficult to understand terms and theories that they do not see with their own eyes during classes, but in STEAM classes, by conducting interesting experiments and experiences, creating projects, and connecting knowledge from one subject to another, they easily understand these terms and theories. Visual imagination skills also develop [3, p. 10].

Исаева Жазира Исақызы – филология ғылымдарының кандидаты, қазақ филологиясы кафедрасының доценті, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақстан Республикасы, 161200, Түркістан қ., тел.: +77077512315, e-mail: zhazira.isava@ayu.edu.kz, ORCID: https://orcid.org/0000-0001-9801-8943.

Мейрбекова Гульнара Кайратбеккызы – PhD докторант, кафедра казахской филологии, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Республика Казахстан, 161200, г. Туркестан, тел.: +77081970709, e-mail: gulnara.meirbekova@ayu.edu.kz, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-3509-2158.*

Сулейменова Жарқынбике Нуайкызы – доктор педагогических наук, профессор кафедры теории и методики преподавания казахского языкознания, Казахский национальный женский педагогический университет, Республика Казахстан, 050000, г. Алматы, тел.: +77078778685, e-mail: suleimenova.zharkynbike@qyzpu.edu.kz, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-1891-2134.

Жылкыбай Гүлімжан Қызметкызы – кандидат филологических наук, доцент кафедры казахской филологии, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Республика Казахстан, 161200, г. Туркестан, тел.: +77777495604, e-mail: gulimzhan.zhylkybai@ayu.edu.kz, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-1950-8686.

Исаева Жазира Исақызы – кандидат филологических наук, доцент кафедры казахской филологии, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Республика Казахстан, 161200, г. Туркестан, тел.: +77077512315, e-mail: zhazira.isava@ayu.edu.kz, ORCID: https://orcid.org/0000-0001-9801-8943.

Meirbekova Gulnara Kairatbekkyzy – PhD student, Department of Kazakh philology, Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, Republic of Kazakhstan, 161200, Turkestan, tel.: +77081970709, e-mail: gulnara.meirbekova@ayu.edu.kz, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-3509-2158.*

Suleimenova Zharkynbike Nuaykyzy – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Department of theory and methods of teaching Kazakh linguistics, Kazakh National Women's Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 050000, Almaty, tel.: +77078778685, e-mail: suleimenova.zharkynbike@qyzpu.edu.kz, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-1891-2134.

Zhylkybay Gulimzhan Kyzmetkyzy – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Department of Kazakh philology, Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, Republic of Kazakhstan, 161200, Turkestan, tel.: +77777495604, e-mail: gulimzhan.zhylkybai@ayu.edu.kz, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-1950-8686.

Issayeva Zhazira Issakyzy – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Department of Kazakh philology, Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, Republic of Kazakhstan, 161200, Turkestan, tel.: +77077512315, e-mail: zhazira.isava@ayu.edu.kz, ORCID: https://orcid.org/0000-0001-9801-8943.

ХҒТАР 28.23.01
ӘОЖ 95.165.172
https://doi.org/10.52269/SKVC2622227

БАТЫСТЫҚ ҒЫЛЫМИ ДИСКУРСТА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІҢ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ – ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Мұсабекова Д.М. – PhD докторант, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы.

Маханова Ж.К. – PhD, қауымдастырылған профессордың м.а., Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы.*

Маханова Г.Б. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қ,, Қазақстан Республикасы.

Артықбаева Ф.І. – PhD, қауымдастырылған профессордың м.а., Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы.

Қазіргі кезеңдегі педагогикалық білім беру жүйесінде жасанды интеллект технологияларын кәсіби мақсатта қолдана алатын болашақ педагогтерді даярлау мәселесі ерекше ғылыми және әдіснамалық маңызға ие болып отыр. Сондықтан, мақалада батыстық ғылыми дискурста қалыптасқан теориялық-әдіснамалық тұжырымдар негізінде болашақ педагогтердің жасанды интеллект құзыреттілігін қалыптастыру мәселесіне талдау жасалады. Зерттеудің өзектілігі білім беру кеңістігіндегі цифрлық трансформация үдерістерімен, жасанды интеллект құралдарының оқыту мен бағалау жүйесіне енуімен және педагог мамандарды даярлау мазмұнын жаңарту қажеттілігімен айқындалады. Мақалада жасанды интеллект құзыреттілігі тек технологиялық дағдылар жиынтығы ретінде емес, болашақ педагогтің кәсіби әрекетінде жасанды интеллект құралдарын педагогикалық мақсатқа сай, этикалық жауапкершілікпен және әдістемелік тұрғыдан негізді қолдану қабілеті ретінде түсіндіріледі. Батыстық зерттеулерде жасанды интеллект оқытуды дараландыру, оқу материалдарын жобалау, білім алушылардың оқу нәтижелерін талдау, кері байланыс беру және бағалау үдерістерін жетілдіру құралы ретінде сипатталады. Сонымен бірге жасанды интеллект технологияларын қолдану барысында академиялық адалдық, деректер қауіпсіздігі, алгоритмдік қателіктер, технологияға шамадан тыс тәуелділік және педагогтің сыни ойлауы мен кәсіби дербестігінің әлсіреу қаупі сияқты мәселелер туындайтыны көрсетіледі. Зерттеу нәтижесінде болашақ педагогтердің жасанды интеллект құзыреттілігін қалыптастыру техникалық дайындықпен шектелмей, әдістемелік, этикалық, бағалау, рефлексивтік және қауіпсіздік компоненттерімен кешенді түрде жүзеге асырылуы қажет деген қорытынды жасалады.

Түйінді сөздер: *жасанды интеллект, болашақ педагогтер, ЖИ-құзыреттілік, батыстық ғылыми дискурс, педагогикалық даярлық, цифрлық білім беру.*

ТЕОРЕТИКО-МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ В ОБЛАСТИ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В ЗАПАДНОМ НАУЧНОМ ДИСКУРСЕ

Мусабекова Д.М. – PhD докторант, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Өзбекәлі Жәнібеков, г. Шымкент, Республика Казахтан.

Маханова Ж.К. – PhD, и.о. ассоциированного профессора, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Өзбекәлі Жәнібеков, г. Шымкент, Республика Казахстан.*

Маханова Г.Б. – кандидат филологических наук, доцент, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Өзбекәлі Жәнібеков, г. Шымкент, Республика Казахстан.

Артыкбаева Ф.І. – PhD, и.о. ассоциированного профессора, университет имени Жумабека Ахметулы Ташенева, г. Шымкент, Республика Казахстан.

В современной системе педагогического образования особую научную и методологическую значимость приобретает подготовка будущих педагогов, способных использовать технологии искусственного интеллекта в профессиональных целях. В статье рассматривается проблема формирования компетентности будущих педагогов в области искусственного интеллекта на основе теоретических положений, сложившихся в западном научном дискурсе. Актуальность исследования определяется процессами цифровой трансформации образовательного пространства, внедрением инструментов искусственного интеллекта в систему обучения и оценивания, а также необходимостью обновления содержания профессиональной подготовки педагогических кадров. Компетентность в области искусственного интеллекта трактуется не только как совокупность технологических навыков, но и как способность будущего педагога педагогически целесообразно, этически ответственно и методически обоснованно применять инструменты искуст-

венного интеллекта в профессиональной деятельности. В западных исследованиях искусственный интеллект характеризуется как средство индивидуализации обучения, проектирования учебных материалов, анализа образовательных результатов обучающихся, организации обратной связи и совершенствования оценочных процедур. Вместе с тем подчеркивается, что применение технологий искуственного интеллекта сопровождается рядом проблем, связанных с академической честностью, безопасностью данных, алгоритмическими ошибками, чрезмерной зависимостью от технологий, а также риском ослабления критического мышления и профессиональной самостоятельности педагога. В результате делается вывод о том, что формирование компетентности в сфере искуственного интеллекта будущих педагогов не должно ограничиваться технической подготовкой, а должно осуществляться комплексно с учетом методического, этического, оценочного, рефлексивного компонентов и компонента безопасности.

Ключевые слова: *искусственный интеллект, будущие педагоги, ИИ-компетентность, западный научный дискурс, педагогическая подготовка, цифровое образование.*

THEORETICAL AND METHODOLOGICAL FOUNDATIONS FOR DEVELOPING FUTURE EDUCATORS' COMPETENCE IN ARTIFICIAL INTELLIGENCE WITHIN A WESTERN SCIENTIFIC DISCOURSE

Mussabekova D.M. – PhD student, Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Republic of Kazakhstan.

Makhanova Zh.K. – PhD, acting Associate Professor, Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Republic of Kazakhstan.*

Makhanova G.B. – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Republic of Kazakhstan.

Artykbayeva F.I. – PhD, acting Associate Professor, Zhumabek Akhmetuly Tashenev University, Shymkent, Republic of Kazakhstan.

In contemporary teacher education, the preparation of future teachers who are able to use artificial intelligence technologies for professional purposes is gaining particular scientific and methodological significance. This article examines the issue of developing future educators' artificial intelligence competence on the basis of theoretical concepts formed within a Western scientific discourse. The relevance of the study is determined by the processes of digital transformation in education, the integration of artificial intelligence tools into teaching and assessment systems, and the need to update the content of professional teacher training. Artificial intelligence competence is interpreted not merely as a set of technological skills, but as the ability of future teachers to apply AI tools in professional practice in a pedagogically appropriate, ethically responsible, and methodologically grounded manner. In Western studies, artificial intelligence is characterized as a means of personalizing learning, designing instructional materials, analyzing students' learning outcomes, organizing feedback, and improving assessment procedures. At the same time, the use of AI technologies is associated with a number of challenges, including academic integrity, data security, algorithmic errors, excessive dependence on technology, and the potential weakening of teachers' critical thinking and professional autonomy. The article concludes that the development of future educators' AI competence should not be limited to technical training, but should be implemented comprehensively, taking into account methodological, ethical, assessment-related, reflective, and safety components.

Keywords: *artificial intelligence, future teachers, AI competence, Western scientific discourse, teacher education, digital education.*

Кіріспе. Қазіргі кезеңдегі білім беру жүйесіндегі жасанды интеллект технологиялары педагогикалық үдерістің мазмұнын және оларды ұйымдастыр түрлерін, білім беру әдістерін, педагог қызметінің сипатынна түбегейлі өзгерістер енгізуде. Атап айтқанда, жасанды интеллект құралдарының қарқынды дамуы білім беру барысында жаңа мүмкіндіктермен қатар, күрделі ғылыми-әдіснамалық, этикалық және кәсіби-педагогикалық мәселелерді туындатып отыр. Өзімізге белгілі, жасанды интеллект оқу материалдарын даярлау, білім алушылардың оқу үдерісіндегі жетістіктеріне талдау жасау, кері байланыс орнату, білімді бағалау үрдісін автоматтандыру және педагогтің кәсіби уақытын тиімді ұйымдастыру т.б. бағыттарда кеңінен қолданылып отыр. Дегенмен, бұл жасанды интеллект технологияларын педагогикалық мақсатпен ұштастырмай, тек қана техникалық құрал ретінде қолдану білім мазмұнының үстірт меңгерілуіне және білім алушылардың сыни ойлау дағдыларының дамымауына, сонымен қатар академиялық адалдық қағидаларының сақталмауына, педагог жауапкершілігінің төмендеуіне алып келуі мүмкін. Осы ретте болашақ педагогтердің жасанды интеллект саласындағы сауаттылығын қалыптастыру мәселесі қазіргі уақыттағы педагогика ғылымының өзекті мәселелерінің біріне айналды. Атап өту қажет, жасанды интеллект сауаттылығы тек қана заманауи цифрлық құралдарды пайдалану немесе дайын технологиялық шешімдерді игерумен шектелмейді, ол жасанды интеллекттің жұмыс жасау логикасын ұғыну, алгоритмдік шешімдердің мүмкіндіктерін және шектеулерін бағалау, жасанды интеллект арқылы алынған мәліметтің шынайлығына сын көзқараспен қарау, сонымен қоса оны оқу-тәрбие үрдісінің мақсаты және мазмұнына сай пайдалану сияқты күрделі кәсіби қабілеттердің кешенін

қамтиды. Осы себептен, жасанды интеллект саласындағы сауаттылық болашақ педагогтің тек қана технологиялық даярлығын емес, сонымен қатар оның әдістемелік ойлауын, кәсіби рефлексиясын, педагогикалық шешім қабылдау мәдениетін сипаттайтын кешенді сапа ретінде қарастырылуы қажет.

Қазіргі уақытта батыстық ғылыми педагогикалық дискурста жасанды интеллект сауаттылығы мәселесі педагогтердің кәсіби даярлығын дамытудың маңызды бағыты ретінде қарастырылуда. Батыстық тарихнамада жасанды интеллект білім беру жүйесіне сыртқы технологиялық ресурс ретінде ғана емес, сонымен қатар педагогикалық әрекеттің мазмұнын қайта пайымдауға ықпал ететін фактор ретінде қарастырылады. Батыстық еңбектерде педагогтің рөлі жасанды интеллект құралдарын механикалық қолданушы деңгейінде емес, оқыту мақсаттарын айқындайтын, білім алушының танымдық белсенділігін бағыттайтын, цифрлық ресурстарды әдістемелік тұрғыдан негіздейтін кәсіби субъект ретінде сипатталады. Осы тұрғыдан алғанда, болашақ педагогтердің жасанды интеллект саласындағы сауаттылығы олардың кәсіби даярлығының қосымша элементі емес, қазіргі білім беру жағдайындағы педагогикалық құзыреттіліктің маңызды құрамдас бөлігі болып саналады.

Атап өтсек, жасанды интеллекттің білім беру үрдісіне енуі педагогикалық жоғары оқу орындарының алдына жаңа міндеттер қоюда. Болашақ педагогтер тек қана жасанды интеллект технологияларын қолдануды ғана емес, соған қоса оларды білім берудің мазмұнына және оқыту әдістемесіне, бағалау мәдениетіне, оқушының дербестігіне, педагогикалық қарым-қатынасқа тигізетін ықпалын ғылыми тұрғыдан түсінуі керек.

Сондықтан, мақала тақырыбының өзектілігі білім беру үрдісінде жасанды интеллект технологияларының қарқынды дамуы, болашақ педагогтердің осы технологияларды ғылыми негізде, этикалық жауапкершілікпен және педагогикалық мақсатқа сай қолдануға даярлығының жеткіліксіздігі арасындағы қайшылықпен байланысты. Бір жағынан, жасанды интеллект білім беру .рдісін дараландыруға және оқыту сапасын арттыруға, педагогтің кәсіби қызметін қолдауға мүмкіндік берсе, екінші жағынан, оны әдістемелік тұрғыдан негізсіз, сыни пайымдаусыз пайдалану педагогикалық үрдістің адамға бағдарланған сипатын әлсіретуі мүмкін. Осы себептен, болашақ педагогтердің жасанды интеллект саласындағы сауаттылығын қалыптастыруды дербес ғылыми педагогикалық мәселе ретінде қарастыру қажет.

Мақаланың **мақсаты:** батыстық ғылыми педагогикалық дискурстағы теориялық тұжырымдарды және әдіснамалық ұстанымдарды талдаудың негізінде педагогтердің жасанды интеллект саласындағы сауаттылығын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін зерттеу. **Міндеттері:** жасанды интеллект сауаттылығы ұғымының педагогикалық мазмұнын қарастыру; батыстық ғылыми-педагогикалық дискурстағы негізгі теориялық және әдіснамалық ұстанымдарға талдау жасау; педагогтердің кәсіби даярлығындағы жасанды интеллект сауаттылығының маңызды екенін көрсету және оның құрылымдық компоненттерін анықтау; жасанды интеллектті білім беру саласында этикалық, сыни және педагогикалық тұрғыдан негізді пайдаланудың маңызды екенін ғылыми тұрғыдан негіздеу.

Мақаланың ғылыми жаңалығы батыстық ғылыми-педагогикалық дискурстағы теориялық тұжырымдарды жүйелеу негізінде болашақ педагогтердің жасанды интеллект сауаттылығын кәсіби-педагогикалық даярлықтың көпкомпонентті құрылымы ретінде негіздеумен сипатталады. Ұсынылған құрылымда когнитивтік, технологиялық, әдістемелік, сыни-талдамалық, этикалық және рефлексивтік компоненттер жеке дағдылар жиынтығы ретінде емес, педагогтің жасанды интеллект құралдарын оқу мақсатына сай, жауапты және ғылыми негізделген түрде қолдануын қамтамасыз ететін өзара байланысты өлшемдер ретінде қарастырылады. Бұл ұстаным жасанды интеллект сауаттылығын жалпы цифрлық дайындықтың қосымша элементі емес, болашақ педагогтің кәсіби шешім қабылдау мәдениетін кеңейтетін педагогикалық сапа ретінде айқындауға мүмкіндік береді.

Материалдар және әдістер. Мақаланың теориялық-әдіснамалық бағытына сәйкес зерттеуде дербес эмпирикалық өлшеу нәтижелері негізгі талдау нысаны ретінде алынбайды. Зерттеу батыстық ғылыми дискурстағы тұжырымдамалық ұстанымдарды, халықаралық құжаттардағы қағидаларды және ғылыми еңбектерде ұсынылған әдіснамалық негіздерді жүйелеуге бағытталған.

Мақаланың материалдар кешенін батыстық ғылыми педагогикалық дискурстағы педагогтердің жасанды интеллект сауаттылығын қалыптастыру мәселесіне арналған ғылыми еңбектер құрайды. Ал деректік негізін ЮНЕСКО мен Еуропалық Комиссияның тұжырымдамалық құжаттары құрайды. Атап айтқанда, педагогтердің жасанды интеллектке қатысты кәсіби құзыреттерін және генеративті жасанды интеллектіні білім беру және зерттеу барысында жауапты қолданудың қағидаларын айқындайтын ЮНЕСКО-ның «*AI Competency Framework for Teachers*» [1] және «*Guidance for Generative AI in Education and Research*» [2] аталатын құжаттары, сонымен қоса Еуропалық Комиссияның жасанды интеллектіні білім беру үрдісінде этикалық тұрғыдан қолданудың негізгі шарттарын айқындайтын «Ethical Guidelines on the Use of Artificial Intelligence and Data in Teaching and Learning for Educators» [3] құжаты қолданылды.

Тақырыпты зерттеу барысында теориялық талдау, салыстырмалы талдау, жүйелеу, ұғымдық талдау әдістері қолданылды. *Теориялық талдау әдісінің* негізінде жасанды интеллект сауаттылығы ұғымының мазмұны, оның педагогтерді даярлаудағы орнын, батыстық ғылыми педагогикалық дискурстағы түсіндірілу ерекшеліктері айқындалды. *Салыстырмалы талдау* әдісі батыстық зерттеушілердің еңбектеріндегі жасанды интеллекттің педагогикалық әлеуеті мен этикалық шектеулері, соны-

мен бірге кәсіби даярлықтағы орны, әдістемелік тұрғыдан қолданылуына қатысты ғылыми ұстанымдарын өзара салыстыруға жағдай жасады. *Жүйелеу әдісінің* негізінде қарастырылған батыс ғалымдарының еңбектердегі негізгі теориялық тұжырымдар белгілі бір логикалық құрылымға келтірлді. Жасанды интеллект сауаттылығы, жасанды интеллект құзыреттілігі, цифрлық құзыреттілік, технологиялық-педагогикалық мазмұндық білім, этикалық жауапкершілік, сыни бағалау және педагогикалық мақсатқа сай қолдану ұғымдарының мазмұнын анықтауда *ұғымдық талдау* әдісі қолданылды.

Нәтижелері және талқылау. Жасанды интеллект сауаттылығы ұғымы қазіргі кезеңдегі педагогика ғылымында білім беру жүйесінің цифрлық трансформациясымен тығыз байланысты қалыптасып келе жатқан маңызды түсініктердің бірі болып табылады. Бұл түсінік жасанды интеллект технологияларын қолдану дағдысын ғана емес, сонымен бірге олардың жұмыс жасау ережелерін үғыну, мүмкіндіктерін және шектеулерін бағалау, алынған нәтижелерге сыни көзқараспен қарау, оларды педагогикалық мақсатқа сай қолдану қабілетін қамтиды. Осы себептен, жасанды интеллект сауаттылығы педагогтің жалпы цифрлық даярлығының құрамдас бөлігі бола отырып, мазмұны жағынан одан кеңірек кәсіби-педагогикалық сипатқа ие. Батыстық ғылыми педагогикалық дискурста жасанды интеллект саласындағы сауаттылық адамның жасанды интеллект жүйелерімен саналы, жауапты әрі тиімді әрекеттесу қабілеті ретінде түсіндіріледі. Мысалы, Д. Лонг пен Б. Магерко жасанды интеллект саласынағы сауаттылықты қолданушы тұлғаның жасанды интеллект технологияларын сыни тұрғыдан бағалай білуіне және жасанды интеллект құралдарының мүмкіндіктерін, шектеулерін түсінуіне, өмірлік және кәсіби қызметінде мақсатты түрде пайдалануына басты назар бөліп, құзыреттер жиынтығы ретінде сипаттайды [1, 9 б.]. Біздің пікірімізше, мұндай тұжырым педагогтің жасанды интеллект құралдарын тек қана дайын ақпарат көзі ретінде емес, сонымен қоса педагогикалық шешім қабылдауды қолдайтын, дегенмен, үнемі сыни бағалауды қажет ететін технология ретінде қарастырудың қажеттілігін көрсетеді.

Жасанды интеллект сауаттылығы, цифрлық сауаттылық, және жасанды интеллект құзыреттілігі бір-бірімен сабақтас ұғымдар болғанымен, олардың педагогикалық мазмұны мен қызметтік аясы әртүрлі. Цифрлық сауаттылық цифрлық ортада әрекет етуге қажетті базалық қабілеттерді, яғни ақпаратты іздеу, өңдеу, сақтау, цифрлық платформалар мен ресурстарды пайдалану дағдыларын қамтиды. Ал жасанды интеллект сауаттылығы осы жалпы цифрлық дайындықтың шеңберінен шығып, алгоритмдік жүйелердің жұмыс істеу логикасын, дерекке тәуелділігін, нәтижелерінің ықтималдық сипатын және оларда кездесуі мүмкін қателік, біржақтылық, контексті толық ескермеу сияқты тәуекелдерді түсінуге бағытталады. Сондықтан жасанды интеллект сауаттылығы педагогтің технологияны қолдануын ғана емес, оның нәтижесін ғылыми, әдістемелік және этикалық өлшемдер арқылы саралау қабілетін де қамтиды. Жасанды интеллект құзыреттілігі аталған сауаттылықтың кәсіби әрекеттегі қолданбалы деңгейін білдіреді. Егер жасанды интеллект сауаттылығы алгоритмдік жүйелерді түсіну, бағалау және оларға сыни қатынас қалыптастырумен байланысты болса, жасанды интеллект құзыреттілігі осы түсінікті нақты педагогикалық міндеттерді шешуде іске асырумен сипатталады. Бұл болашақ педагогтің жасанды интеллект құралдарын оқу мақсатына, пән мазмұнына, білім алушының жас және танымдық ерекшеліктеріне, академиялық адалдық пен деректер қауіпсіздігі талаптарына сәйкес әдістемелік тұрғыдан негізді пайдалана алуын білдіреді. Осы тұрғыдан алғанда, цифрлық сауаттылық – бұл технологиялық әрекеттің жалпы негізі болса, жасанды интеллект сауаттылығы – алгоритмдік жүйелерді саналы және сыни пайымдаудың шарты болады, ал жасанды интеллект құзыреттілігі – бұл жасанды интеллект құралдарын кәсіби-педагогикалық шешім қабылдау үдерісінде жауапты қолданудың көрсеткіші ретінде айқындалады.

Осы аталғандарды еске отырып, зерттеу нәтижесінде жасанды интеллект сауаттылығының теориялық мазмұнын ашу үшін оның келесідей бірқатар маңызды қырлары анықталды:

Бірінші қыры когнитивтік сипатқа ие, яғни, педагог жасанды интеллекттің деректерге, алгоритмдерге және модельдерге негізделетінін, оның нәтижелері әрдайым толық объективті бола бермейтінін ұғынуы қажет. Жасанды интеллект жүйелері белгілі бір деректердің жиынтығы негізінде жұмыс жаайтындықтан, олардың жауаптарында қателік, біржақтылық немесе контексті толық ескермеу жағдайлары болуы ықтыимал. Осы ретте жасанды интеллекттің негізгі ережелерін түсіну оны педагогикалық үрдістерде дұрыс пайдаланудың бастапқы шарты болып саналады [1].

Екіншіден, жасанды интеллект сауаттылығы технологиялық қабілетпен сипатталады. Бұл педагогтің жасанды интеллект құралдарын оқу материалдарын даярлау, тапсырмаларды құрастыру, бағалау критерийлерін әзірлеу, білім алушыларға кері байланыс беру және білім беру үдерісін дараландыру мақсатында қолдана білуін білдіреді. Дегенмен, технологиялық қабілет құралды тек қана механикалық қолданумен шектелмеуі қажет. Яғни, жасанды интеллектті қандай мақсатта және қандай оқу мазмұнына сай, қандай педагогикалық нәтиже үшін қолдану қажеттігін анықтау педагог үшін басты мәселе болуы тиіс [5; 39].

Үшіншіден, жасанды интеллект сауаттылығы әдістемелік мазмұнға ие, яғни, педагог жасанды интеллектті оқыту әдістемесінен бөлек қарастырмауы қажет. Жасанды интеллект құралдары сабақтың мақсатына, білім алушылардың жас ерекшелігіне, оқу пәнінің мазмұнына және күтілетін нәтижелерге сәйкес қолданылған жағдайда ғана педагогикалық мәнге ие болады. Бұл тұрғыда TPACK (*Technological Pedagogical Content Knowledge*) тұжырымдамасы маңызды теориялық негіз бола алады, өйткені

ол технологияны педагогикалық біліммен және пәндік мазмұнмен өзара байланыста қарастыруды ұсынады [6, 1036 б.].

Төртіншіден, жасанды интеллект саласындағы сауаттылық сыни тұрғыдан талдау қабілеттін талап етеді, яғни, жасанды интеллект ұсынған мәтін, дерек, жауап немесе шешім әрдайым тексеруді қажет етеді. Болашақ педагог жасанды интеллект нәтижелерін дайын ақиқат ретінде қабылдамай, оларды ғылыми негізділік, мазмұндық дәлдік, педагогикалық сәйкестік және этикалық тұрғыдан бағалай алуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, келесі батыс зерттеушілері Д. Нг және К.Л, Леунг т.б. жасанды интеллект сауаттылығын қалыптастыруда түсіну, қолдану, бағалау және этикалық мәселелерді ескеру бағыттарының өзара байланысын атап көрсетеді [7].

Бесіншіден, жасанды интеллект сауаттылығы этикалық жауапкершілікпен тығыз байланысты. Білім беру үдерісінде жасанды интеллектті қолдану деректердің құпиялылығы, авторлық құқық, академиялық адалдық, алгоритмдік әділеттілік, білім алушы қауіпсіздігі және педагогикалық шешімдердің ашықтығы сияқты мәселелерді туындатады. Мысалы, ЮНЕСКО-ның «*Guidance for Generative AI in Education and Research*» аталатын тұжырымдамасында педагогтерге арналған жасанды интеллект құзыреттілігі шеңберінде адамға бағдарланған ұстаным, жасанды интеллект этикасы, жасанды интеллект педагогикасы және кәсіби даму өлшемдері арнайы көрсетіледі [2]. Біздің пікірімізше, бұл жасанды интеллект сауаттылығының тек қана технологиялық емес, сонымен бірге құндылықтық және кәсіби жауапкершілікке негізделген құбылыс екенін дәлелдейді.

Алтыншыдан, жасанды интеллект сауаттылығы рефлексивтік сипатқа ие, яғни педагог жасанды интеллекттің өзінің кәсіби рөліне, педагогикалық шешімдеріне және білім алушылармен қарым-қатынасына қалай әсер ететінін ұғынуы керек. Атап айтқанда, жасанды интеллект педагогті алмастыратын құрал ретінде емес, оның кәсіби әрекетін қолдайтын ресурс ретінде қарастырылуы керек. Осыған байланысты педагогтің рефлексиясы технологияны қолданудың тиімділігімен қатар, оның білім алушының ойлауына, дербестігіне және оқу мотивациясына ықпалын бағалауға бағытталады.

Осылайша, жоғарыда аталған жасанды интеллект сауаттылығының теориялық мазмұнына қатысты алты маңызды қыры жасанды интеллект сауаттылығының көпөлшемді түсінік екенін көрсетеді. Цифрлық сауаттылық негізінен цифрлық құралдарды қолдану, ақпаратты іздеу, өңдеу және цифрлық ортада әрекет ету қабілеттерін қамтыса, жасанды интеллект сауаттылығы алгоритмдік жүйелердің табиғатын түсінуді, олардың нәтижелерін сыни бағалауды және білім беру үдерісінде этикалық-педагогикалық тұрғыдан негізді қолдануды талап етеді. Педагогтер үшін жасанды интеллект сауаттылығының маңызы олардың кәсіби қызметінің мазмұнымен тікелей байланысты, яғни, қазіргі педагог тек білім беруші ғана емес, оқу үдерісін жобалаушы, білім алушының танымдық әрекетін ұйымдастырушы, цифрлық ресурстарды сараптаушы және білім беру ортасының қауіпсіздігін қамтамасыз етуші маман ретінде әрекет етеді. Осындай жағдайда, жасанды интеллект сауаттылығы педагогтің кәсіби құзыреттілігін кеңейтіп, оның әдістемелік шешімдерін ғылыми негіздеуге мүмкіндік береді.

Батыстық ғылыми педагогикалық дискурста білім беру жүйесінде жасанды интеллектті қолдану мәселесіне қатысты көзқарастар біркелкі емес. Кейбір батыстық авторлар жасанды интеллекттің білім беру үрдісін дараландыру, педагогтің кәсіби қызметін қолдау, кері байланыс беру және оқу нәтижелерін талдау мүмкіндіктерін жоғары бағалайды. Атап айтқанда, У. Холмс, М. Бялик және К. Фадель жасанды интеллектті білім беру мазмұнын жаңарту және оқытуды дербестендіру, педагогикалық шешімдерді қолдау барысындағы маңызды технологиялық ресурс деп атап көрсетеді [8]. Сол сияқты келесі авторлар О. Завацкий-Рихтер, В.И. Марин, М. Бонд және Ф. Гувернер жасанды интеллекттің жоғары білім беру жүйесінде оқыту, қолдау көрсету, бағалау және білім алушылардың оқу әрекетін талдау бағыттарында қолданылып келе жатқанын жүйелі шолу негізінде көрсетеді [9]. Аталаған авторлардың еңбектерінде жасанды интеллект педагогтің орнын алмастыратын құрал емес, оның кәсіби әрекетін қолдайтын әрі жеңілдететін, білім беру үрдісінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін ресурс ретінде қарастырылады.

Осымен қатар, батыс авторларының еңбектерінде жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды білім беру жүйесіне шектен тыс енгізуге сыни көзқараспен қарау да қалыптасқан. Мысалы, Б. Уильямсон, Р. Эйнон и Дж. Поттер цифрлық технологиялардың білім берудегі таралуын тек педагогикалық жаңару ретінде емес, білім беру саясаты, бақылау, деректерді басқару және технологиялық платформалардың ықпалы тұрғысынан да қарастыру қажет екенін атап көрсетеді [10]. Мұндай тұжырым жасанды интеллектті қолдану барысында педагогикалық мақсатпен қатар, әлеуметтік, этикалық және институционалдық салдарды да ескеру қажеттілігін айқындайды. Осы ретте жасанды интеллект сауаттылығы тек технологияны меңгеруге емес, оны сыни бағалауға, педагогикалық шектеулерін түсінуге және адамға бағдарланған білім беру қағидаларын сақтауға бағытталуы тиіс.

Біздің пікірімізше, аталған екі тұжырымды салыстыру педагогтердің жасанды интеллект сауаттылығын қалыптастыруда теңгерімді ұстаным қажет екенін көрсетеді. Жасанды интеллекттің білім беру үрдісіндегі әлеуетін жоққа шығаруға болмайды, алайда оны педагогикалық үдерісте шексіз және бақылаусыз қолдану да ғылыми тұрғыдан негізделмеген. Осы себептен, педагог жасанды интеллектті бір жағынан оқыту мен кәсіби әрекетті қолдайтын ресурс ретінде пайдаланауы, ал екінші жағынан оның шектеулерін, тәуекелдерін және этикалық салдарын сыни тұрғыдан бағалай білуі қажет. Бұл

жасанды интеллект сауаттылығын қалыптастырудың негізгі шарты ретінде технологиялық оптимизм мен сыни педагогикалық ұстанымның бірлігін талап етеді.

Келесі зерттеуші К. Сперлинг жасанды интеллект сауаттылығын педагогикалық білімнен бөлек техникалық құзырет ретінде түсіндірудің шектеулі екенін негіздейді. Автордың жұмысында мұғалімнің теориялық білімі мен практикалық-әдістемелік білімі, кәсіби пайымдауы жасанды интеллект сауаттылығын түсіндірудің негізгі өлшемдері ретінде қарастырылған [11]. Біздің пікірімізше, бұл педагогтер даярлығы үшін маңызды саналады, өйткені, жасанды интеллект туралы білім педагогикалық мақсаттан, пәндік мазмұннан және оқыту әдістемесінен ажыратылса, ол кәсіби мәні әлсіз технологиялық ақпарат деңгейінде ғана қалып қояды. Осы тұрғыдан алғанда, жасанды интеллект сауаттылығын қалыптастырудың әдіснамалық негізі педагогтің кәсіби білім жүйесін кеңейтумен байланысты. Оқытушы жасанды интеллект жүйелерінің қалай жұмыс жасайтынын түсінуі керек. Бірақ бұл түсінік информатикалық сипатта ғана қалмауы тиіс, ол жасанды интеллект ұсынған мәтіннің, тапсырманың, бағалау үлгісінің немесе кері байланыстың пәндік дұрыстығын, оқу мақсатына сәйкестігін, білім алушының жас және танымдық ерекшелігіне лайықтылығын анықтай білуі керек.

Жасанды интеллект сауаттылығының келесі бір әдіснамалық қыры адам мен жасанды интеллекттің өзара әрекетін түсіндірумен байланысты болып келеді. Сондықтан батыстық зерттеуші Л. Маркаускайте жасанды интеллект кең таралған жағдайда білім алушы мен педагогке қажет қабілеттерді талдай отырып, мәселені тек технологияны меңгеру деңгейінде емес, технология, таным, әлеуметтік өзара әрекет және құндылықтар экологиясы тұрғысынан қарастыру керектігін ұсынады [12]. Мұндай көзқарас педагогтердің жасанды интеллект саласындағы сауаттылығын кең әдіснамалық кеңістікте қарастыруға итермелейді. Жасанды интеллектпен жұмыс істеу тек қана құралды қолдану емес, сонымен қатар адамның ойлау әрекеті мен алгоритмдік жүйенің ұсынысы арасындағы байланысты түсіну және олардың арақатынасын педагогикалық тұрғыдан реттеу, білім алушының танымдық дербестігін сақтау міндеттерінен тұрады. Осыған байланысты жасанды интеллект сауаттылығының әдіснамалық мәні педагогтің алгоритмдік жүйелермен өзара әрекеттесу кезінде кәсіби субъект ретінде қалуынан байқалады. Жасанды интеллект оқу материалының нұсқасын ұсына алады, тапсырма құрастыра алады, мәтінді қысқарта немесе кеңейте алады, бағалау критерийлерін қалыптастыруға көмектеседі, дегенмен, бұл нәтижелер педагогикалық шешімді алмастырмайды.

Жасанды интеллект сауаттылығының келесі әдіснамалық негізі – тұжырымдамалық тұрғысынан түсінумен байланысты. Д. Турецкий т.б. жасанды интеллект туралы білімді оқытуда тек қолданбалы құралдармен таныстыру жеткіліксіз екенін, білім алушылар жасанды интеллекттің негізгі идеяларын түсінуі қажет екенін атап көрсетеді [13]. Олар жасанды интелектті оқыту мазмұнында машиналық қабылдау, дерек, машиналық оқыту, адам–жасанды интеллект өзара әрекеті және әлеуметтік салдар сияқты іргелі ұғымдардың маңызын айқындайды. Бұл педагогтер үшін екі жақты мәнге ие, атап айқнада, біріншіден, педагогтің өзі жасандыинтелекттің базалық қағидаларын ұғынуы керек, екіншіден, ол бұл ұғымдарды білім алушыларға педагогикалық тұрғыдан түсіндіре алатын кәсіби делдал болуы керек. Тұжырымдамалық түсіну жасанды интеллект сауаттылығын тек қана тәжірибелік әрекетпен шектемей, оның мазмұндық негізін айқындауға мүмкіндік береді. Педагог жасанды интеллект жүйелері деректерге сүйенетінін, олардың нәтижелері ықтималдық сипатта қалыптасатынын, алгоритмдік үлгілер қателесуі немесе біржақты жауап беруі мүмкін екенін түсінуі керек. Бұл өз кезегінде жасанды интеллект құралдарына шектен тыс сенуді азайтады және педагогтің сыни ұстанымын қалыптастырады. Егер педагог жасанды интеллектінің ішкі логикасын түсінбесе, ол жасанды интеллект ұсынған материалды ғылыми негізделген немесе педагогикалық тұрғыдан орынды деп қабылдауы мүмкін. Осы себептен жасанды интеллект сауаттылығының әдіснамалық құрылымында тұжырымдамалық біліммаңызды саналады.

Жасанды интеллект саласындағы сауаттылықты қалыптастыруда пәнаралық-интеграциялық тұғыр да маңызды рөл атқаратынын атап өту қажет. Бұл туралы Дж. Саутвурт жасанды интеллект сауаттылығын бір пәнмен шектеуге болмайтындығын, оны оқу бағдарламасының әртүрлі салаларына кіріктіру қажеттігін дәлелдейді [14]. Бұл идея педагогикалық білім беру үшін де өзекті саналады, себебі, педагогтердің жасанды интеллект саласындағы сауаттылығы информатика немесе цифрлық технология пәндерінің аясында ғана қалыптаспайды, сонымен қоса педагогика, психология, оқыту әдістемесі, бағалау теориясы, академиялық жазылым және кәсіби тәжірибемен байланыста дамуы қажет.

Жасанды интеллектінің жоғарыда аталған әдіснамалық негіздерін жинақтай келе, педагогтердің жасанды интеллект саласындағы сауаттылығын қалыптастырудың әдіснамалық аспектісін көпқабатты құрылым ретінде көрсетуге болады. Оның бірінші қабаты – тұжырымдамалық біліммен байланысты, сғни мұнда педагог жасанды интеллект, алгоритм, дерек, машиналық оқыту, генеративті модель және адам–жасанды интеллект өзара әрекеті туралы базалық түсінікке ие болуы керек. Екінші қабаты – педагогикалық интерпретациямен байланысты, яғни жасанды интеллект нәтижесін оқу мақсатына, пән мазмұнына және білім алушы ерекшелігіне сәйкестендіру қабілеті ескерілуі қажет. Үшінші қабаты сыни бағалаумен байланысты және мұнда жасанды интеллект нәтижесінің дұрыстығын, дәлдігін, біржақтылығын және шектеулерін анықтау керек. Ал төртінші қабаты – бұл этикалық жауапкершілік болып табылады, яғни академиялық адалдықты, авторлықты, дерек қауіпсіздігін және әділдікті сақтау.

Осылайша, педагогтердің жасанды интеллект саласындағы сауаттылығын қалыптастырудың әдіснамалық аспектісі құзыреттілікке негізделген, кәсіби-педагогикалық, концептуалдық, пәнаралық-интеграциялық, эмпирикалық-диагностикалық және этикалық-педагогикалық тұғырлардың өзара байланысы арқылы ашылады.

Біздің пікірімізше, жасанды интеллектті білім беру жүйесіне енгізу мәселесінде басты назар технологияның өзіне емес, оны педагогикалық тұрғыдан дұрыс қолдана алатын педагогтің кәсіби даярлығына аударылуы тиіс. Жасанды интеллект құралдары оқу үдерісін қолдауға мүмкіндік бергенімен, олар педагогтің әдістемелік ойлауын, кәсіби жауапкершілігін және білім алушының тұлғалық дамуына бағытталған педагогикалық ұстанымын алмастыра алмайды. Біздің көзқарасымызға сәйкес, педагог үшін жасанды интеллект сауаттылығы тек қана цифрлық құралдарды қолдану қабілетімен шектелмеуі қажет. Ол жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін түсіну, оның нәтижелерін сыни бағалау, оқу мақсатына сәйкес бейімдеу, этикалық талаптарды сақтау және педагогикалық шешім қабылдауда адамға бағдарланған қағиданы негізге алу қабілеттерінің бірлігі ретінде қалыптасуы керек. Осы себептен жасанды интеллект сауаттылығын педагогтердің кәсіби даярлығына енгізу – бұл техникалық дағдыларды меңгертумен ғана шектелмей, олардың әдістемелік мәдениетін, сыни ойлауын және кәсіби рефлексиясын дамытуға бағдарлануы керек. Осы ретте, жасанды интеллект білім беруде дербес мақсат емес, педагогикалық мақсатқа қызмет ететін құрал ретінде қарастырылуы керек.

Болашақ педагогтердің жасанды интеллект сауаттылығын қалыптастыру педагогикалық жоғары оқу орындарында мақсатты ұйымдастырылған әдістемелік жүйе ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл жүйе жасанды интеллект құралдарын меңгеруді дербес техникалық әрекет деңгейінде қалдырмай, педагогикалық жобалау, оқу нәтижесін бағалау, білім алушының танымдық дербестігін қолдау және кәсіби шешім қабылдау үдерістерімен байланыстыруға бағытталады.

Біріншіден, педагогикалық жоғары оқу орындарында жүзеге асыру жолдары оқу үдерісінің бірнеше құрамдас бөлігі арқылы іске асуы қажет. Теориялық даярлықта білім алушылар жасанды интеллект жүйелерінің педагогикалық мүмкіндіктері мен шектеулерін ғылыми тұрғыдан түсінеді, практикалық сабақтарда жасанды интеллект құралдарын нақты педагогикалық жағдаяттарды шешуге қолданады, сонымен қоса педагогикалық практика барысында жасанды интеллект көмегімен дайындалған оқу материалының пәндік, әдістемелік және тәрбиелік сәйкестігін тексереді. Осылайша, жасанды интеллект сауаттылығы аудиториялық оқу, өзіндік жұмыс және кәсіби практика арасындағы байланыс арқылы қалыптасады. Бұл тәсіл болашақ педагогтің жасанды интеллект құралдарын сыртқы көмекші ресурс ретінде ғана емес, кәсіби әрекетті ғылыми негізде ұйымдастыру құралы ретінде түсінуіне мүмкіндік береді.

Екіншіден, жасанды интеллект сауаттылығын қалыптастыру моделі өзара сабақтас төрт кезеңнен тұрады. Атап айтқанда, бірінші тұжырымдамалық кезеңде білім алушы жасанды интеллект, алгоритм, дерек, модель, генеративті жүйе және адам–ЖИ өзара әрекеті туралы базалық түсініктерді меңгереді. Екінші әдістемелік-қолданбалы кезеңде бұл түсініктер оқу мақсатын нақтылау, оқу тапсырмасын жобалау, бағалау өлшемдерін құрастыру және білім алушыға кері байланыс беру әрекеттерімен ұштастырылады, ал үшінші сараптамалық кезеңде жасанды интеллект нәтижесінің пәндік дәлдігі, оқу мақсатына сәйкестігі, әдістемелік негізділігі және ықтимал тәуекелдері бағаланады. Ал төртінші рефлексивтік кезеңде болашақ педагог жасанды интеллектіні қолдану нәтижесінде өзінің кәсіби шешімінің сапасын, білім алушының дербестігіне ықпалын және педагогикалық жауапкершілік деңгейін талдайды. Осылайша, аталған модель жасанды интеллект сауаттылығын білім, әрекет, сараптау және рефлексия бірлігі арқылы қалыптастыруға негізделеді.

Үшіншіден, оқу бағдарламасына енгізу механизмі мазмұндық, пәндік-әдістемелік және бағалау блоктарының өзара байланысы арқылы айқындалады. Мазмұндық блокта жасанды интеллект сауаттылығы, алгоритмдік ойлау, дерек қауіпсіздігі, академиялық адалдық және жасанды интеллект этикасы бойынша тақырыптар білім беру бағдарламасының теориялық пәндеріне енгізіледі. Пәндік-әдістемелік блокта жасанды интеллект құралдарын нақты пән мазмұнына бейімдеу, сабақ фрагментін жобалау, тапсырма мен дескриптор әзірлеу, кері байланыс үлгілерін салыстыру сияқты практикалық жұмыстар ұйымдастырылады. Бағалау блогында білім алушының жасанды интеллект нәтижесін өзгеріссіз қолдануы емес, оны тексеру, қайта өңдеу, педагогикалық тұрғыдан негіздеу және этикалық талаптарға сәйкестендіру қабілеті есепке алынады. Осы механизм жасанды интеллект сауаттылығын оқу бағдарламасына формалды қосымша тақырып ретінде емес, болашақ педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытатын кіріктірілген әдістемелік компонент ретінде енгізуге мүмкіндік береді.

Қорытынды. Қалыптасқан батыстық ғылыми дискурстағы қарастырып отырған мәселенің теориялық-әдіснамалық негізін қарастыру барысында педагогтердің жасанды интеллект сауаттылығын қалыптастыру мәселесі қазіргі педагогика ғылымындағы маңызды бағыттардың бірі екенін көрсетті. Бұл бағытта жасанды интеллект сауаттылығы тек қана технологиялық құралдарды қолдану қабілетімен шектелмейді, сонымен қоса педагогтің алгоритмдік жүйелердің жұмыс істеу логикасын түсінуі, олардың оқыту үрдісіндегі мүмкіндіктері мен шектеулерін ажыратуы, алынған нәтижелерді педагогикалық мақсатқа сәйкес бағалауы және оларды жауапты қолдануы арқылы сипатталады. Тақырыпты зерттеудің нәтижесінде батыстық авторлар жасанды интеллект сауаттылығын көпөлшемді кәсіби құзырет ретінде түсіндіретіні анықталды. Оның мазмұнында тұжырымдамалық білім, алгоритмдік

ойлау және дерекпен жұмыс істеу мәдениеті, жасанды интеллект нәтижелерін сыни тұрғыдан бағалау, педагогикалық бейімдеу, академиялық адалдық және этикалық жауапкершілік өзара байланыста қарастырылады. Бұл болашақ педагогтердің жасанды интеллект сауаттылығын жеке техникалық дайындық ретінде емес, кәсіби-педагогикалық ойлаудың құрамдас бөлігі ретінде негіздеуге мүмкіндік береді.

Тақырыпты зерттеу барысында жасанды интеллект сауаттылығын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық мәні үш негізгі бағыт арқылы ашылатыны анықталды. Біріншісі, педагогтің жасанды интеллект жүйелерінің табиғатын, дерек пен алгоритмнің рөлін және генеративті модельдердің шектеулерін түсінуіне негізделетін концептуалдық бағыт, екіншісі, жасанды интеллект құралдарын оқу мазмұнын жобалау, тапсырма құрастыру, кері байланыс беру, бағалау және оқу материалдарын бейімдеу үдерістерімен байланыстыратын педагогикалық-әдістемелік бағыт, ал үшіншісі, жасанды интеллект нәтижелерінің сенімділігін, дәлдігін, авторлық және академиялық талаптарға сәйкестігін бағалауға бағытталған сыни-этикалық бағыт саналады. Сондықтан, педагогтердің жасанды интеллект саласындағы сауаттылығын қалыптастыру педагогикалық жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларында жүйелі және кіріктірілген түрде жүзеге асуы қажет деген қорытынды шығаруға болады. Жасанды интеллект сауаттылығын жеке ақпараттық тақырып ретінде оқыту жеткіліксіз, оны педагогика, оқыту әдістемесі, бағалау теориясы, академиялық жазылым және педагогикалық тәжірибемен байланыста қалыптастыру керек. Бұл педагогтің жасанды интеллект құралдарын механикалық түрде қолдануын емес, олардың нәтижелерін кәсіби тұрғыдан түсіндіруін, қайта саралауын және нақты оқу жағдайына бейімдеуіне мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 **UNESCO. AI Competency Framework for Teachers**. Paris: UNESCO, 2024, p. 52. [Electronic resource]. URL: https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000391104 (accessed 15 December 2025).

2 **UNESCO. Guidance for Generative AI in Education and Research**. Paris: UNESCO, 2023, 44 p. [Electronic resource]. URL: https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000386693 (accessed 10 December 2025).

3 **European Commission. Directorate-General for Education, Youth, Sport and Culture. Ethical Guidelines on the Use of Artificial Intelligence and Data in Teaching and Learning for Educators**. *Luxembourg: Publications Office of the European Union, 2022*. [Electronic resource]. URL: https://data.europa.eu/doi/10.2766/153756 (accessed 10 January 2026).

4 **Long D., Magerko B. What is AI Literacy? Competencies and Design Considerations. Proceedings of the 2020 CHI Conference on Human Factors in Computing Systems** [Text] / D. Long, B. Magerko // New York: Association for Computing Machinery. – 2020. – P. 1-16. DOI: 10.1145/3313831.3376727.

5 **Luckin R., Holmes W., Griffiths M., Forcier L.B. Intelligence Unleashed: An Argument for AI in Education** [Text] / R. Luckin, W. Holmes, M. Griffiths, L.B. Forcier. – London: Pearson, 2016, 60 p.

6 **Mishra P., Koehler M.J. Technological Pedagogical Content Knowledge: A Framework for Teacher Knowledge** [Text] / P. Mishra, M.J. Koehler // *Teachers College Record.* – 2006. – Vol. 108. – no. 6. – P. 1017-1054. DOI: 10.1111/j.1467-9620.2006.00684.x.

7 **Ng D.T.K., Leung J.K.L., Chu S.K.W., Qiao M.S. Conceptualizing AI literacy: An exploratory review** [Text] / D.T.K. Ng, J.K.L. Leung, S.K.W. Chu, M.S. Qiao // *Computers and Education: Artificial Intelligence*. – 2021. – Vol. 2. https://doi.org/10.1016/j.caeai.2021.100041.

8 **Holmes W., Bialik M., Fadel C. Artificial Intelligence in Education: Promises and Implications for Teaching and Learning** [Text] / W. Holmes, M. Bialik, C. Fadel. – Boston: Center for Curriculum Redesign, 2019. – 224 p.

9 **Zawacki-Richter O., Marín V.I., Bond M., Gouverneur F. Systematic review of research on artificial intelligence applications in higher education – where are the educators?** [Text] / O. Zawacki-Richter, V.I. Marín, M. Bond, F. Gouverneur // *International Journal of Educational Technology in Higher Education*. – 2019. – Vol. 16. https://doi.org/10.1186/s41239-019-0171-0.

10 **Williamson B., Eynon R., Potter J. Pandemic politics, pedagogies and practices: digital technologies and distance education during the coronavirus emergency** [Text] / B. Williamson, R. Eynon, J. Potter // *Learning, Media and Technology.* – 2020. – Vol. 45. – № 2. – P. 107-114.

11 **Sperling K., et al. In search of artificial intelligence (AI) literacy in teacher education: A scoping review** [Text] / K. Sperling, et al. // *Computers and Education Open.* – 2024. – Vol. 6. https://doi.org/10.1016/j.caeo.2024.100169.

12 **Markauskaite L., et al. Rethinking the entwinement between artificial intelligence and human learning: What capabilities do learners need for a world with AI?** [Text] / L. Markauskaite, et al. // *Computers and Education: Artificial Intelligence*. – 2022. – Vol. 3. https://doi.org/10.1016/j.caeai.2022.100056.

13 **Touretzky D., Gardner-McCune C., Martin F., Seehorn D. Envisioning AI for K-12: What Should Every Child Know about AI?** [Text] / D. Touretzky, C. Gardner-McCune, F. Martin, D. Seehorn //

Proceedings of the AAAI Conference on Artificial Intelligence. – 2019. – Vol. 33. – №1. – P. 9795-9799. https://doi.org/10.1609/aaai.v33i01.33019795.

14 **Southworth J. et al. Developing a model for AI across the curriculum: Transforming the higher education landscape via innovation in AI literacy** [Text] / J. Southworth et al. // *Computers and Education: Artificial Intelligence*. – 2023. – Vol. 4. https://doi.org/10.1016/j.caeai.2023.100127.

REFERENCES:

1 **UNESCO. AI competency framework for teachers**. Paris, UNESCO, 2024, 52 p. Available at: https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000391104 (accessed 15 December 2025).

2 **UNESCO. Guidance for generative AI in education and research**. Paris, UNESCO, 2023, 44 p. Available at: https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000386693 (accessed 10 December 2025).

3 **European Commission. Directorate-general for education, youth, sport and culture. Ethical guidelines on the use of artificial intelligence and data in teaching and learning for educators**. Luxembourg, Publications Office of the European Union*, 2022*. Available at: https://data.europa.eu/doi/ 10.2766/153756 (accessed 10 January 2026).

4 **Long D., Magerko B. What is AI literacy? Competencies and design considerations. Proceedings of the 2020 CHI Conference on Human Factors in Computing Systems**. New York, Association for Computing Machinery, 2020, pp. 1-16. DOI: 10.1145/3313831.3376727.

5 **Luckin R., Holmes W., Griffiths M., Forcier L. B. Intelligence unleashed: An argument for AI in education.** London, Pearson, 2016, 60 p.

6 **Mishra P., Koehler M. J. Technological pedagogical content knowledge: A framework for teacher knowledge.** *Teachers College Record*, 2006, vol. 108, no. 6, pp. 1017-1054. DOI: 10.1111/j.1467-9620.2006.00684.x.

7 **Ng D.T.K., Leung J.K.L., Chu S.K.W., Qiao M.S. Conceptualizing AI literacy: An exploratory review.** *Computers and Education: Artificial Intelligence*, 2021, vol. 2. https://doi.org/10.1016/j.caeai. 2021.100041.

8 **Holmes W., Bialik M., Fadel C. Artificial Intelligence in education: Promises and implications for teaching and learning.** Boston, Center for Curriculum Redesign, 2019, 224 p.

9 **Zawacki-Richter O., Marín V. I., Bond M., Gouverneur F. Systematic review of research on artificial intelligence applications in higher education – Where are the educators?** *International Journal of Educational Technology in Higher Education*, 2019, vol. 16. https://doi.org/10.1186/s41239-019-0171-0.

10 **Williamson B., Eynon R., Potter J. Pandemic politics, pedagogies and practices: digital technologies and distance education during the coronavirus emergency.** *Learning, Media and Technology,* 2020, vol. 45, no. 2, pp.107-114.

11 **Sperling K., et al. In search of artificial intelligence (AI) literacy in teacher education: A scoping review***. Computers and Education Open,* 2024, vol. 6. https://doi.org/10.1016/j.caeo.2024.100169.

